

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

ӘОЖ 81'42:398.2

Колжазба құқығында

ХАСАНГАЛИЕВА БИБИГУЛЬ КЕНЕСОВНА

**Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін
когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты**

8D02304 – Филология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Исакова С.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының докторы,
профессор Мухтаруллина А.Р.
(Ресей)

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе, 2025

МАЗМУНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ.....	6
1 МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНТАНУДЫ (ОФТАЛЬМОЛОГИЯ) КОГНИТИВТІК-ФРЕЙМДІК ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....	15
1.1 Терминтану біртұтас зерттеу нысаны ретінде.....	15
1.2 Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	23
1.2.1 Дүниенің ғылыми бейнесі және кәсіби тілдік тұлға үғымдарының анықталуы.....	36
1.2.2 Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері.....	48
1.3 Фреймдік талдау – медициналық терминдерді зерттеудің әдіснамалық негізі..... Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	60 66
2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ КОГНИТИВТІК- ФРЕЙМДІК ТАЛДАУ (ОФТАЛЬМОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІ БОЙЫНША)	68
2.1 Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді әдістемесі.....	68
2.2 Қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы.....	74
2.3 Ағылшын тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы.....	91
2.4 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясын салғастырмалы талдау.....	110
2.5 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің метафоралық үлгілері.....	118
2.6 Офтальмология терминдерінің қазақша-ағылшынша электронды түсіндірме сөздігінің сипаттамасы..... Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	129 130
ҚОРЫТЫНДЫ.....	132
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік бағдарламаларға сілтемелер жасалды:

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанды №724 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертацияда қолданылған терминдер төмендегідей анықталды:

Термин – кәсіби маманның ойлау үдерісінің нәтижесінде пайда болған ғылыми ұғымның атауы.

Термінтану – белгілі бір ғылым саласының терминдерінің жиынтығы.

Термінтаным – арнаулы лексиканы типологиясы, шығу тегі, формасы, мазмұны, қызметі, қолданысы, жасалуы, реттелуі түрғысынан зерттейтін ғылым.

Терминжүйе – коммуникативтік қызмет атқаратын терминдердің динамикалық жиынтығы.

Дәстүрлі термінтаным – терминді тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында зерттейтін ғылым.

Когнитивтік термінтаным – терминді антропоөзектік парадигма аясында зерттейтін ғылым. Ол терминге, терминжүйеге, әртүрлі сипаттағы термин өмір сүретін мәтіндерге деген жаңаша көзқарастар жиынтығын құрайды. Когнитивтік термінтанымда термин арнайы білімді жеткізетін, ғылыми қарым-қатынас үдерісіне және кәсіби-ғылыми іс-әрекетке қажетті ақпараттық-когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады.

Терминжасам – кез келген тілдің сөздік қорының негізінде жаңа терминдерді жасау тәсілдерінің жиынтығы.

Терминжасамның морфологиялық тәсілі – түбір терминге әртүрлі жүрнақтар қосу арқылы туынды термин жасау.

Терминжасамның синтаксистік тәсілі – сөз тіркестері арқылы термин жасау.

Терминжасамның семантикалық тәсілі – сөз мағыналарының өзгеруі арқылы термин жасау. Арнайы қолданыстағы сөздерге қосымша мағына үстемеленіп, мағыналарының нақтылануы арқылы, терминдік мағынасымен бірге бұрынғы жалпы қолданыстағы мағынасын сақтау, жалпы қолданыстағы сөздердің мағынасының кеңеюі негізінде термин жасау, метафоралану тәсілі арқылы жасалған терминдерді жатқызуға болады.

Фрейм – тілде бекітілген типтік жағдаяттар туралы білімдер жиынтығын бейнелейтін менталды құрылым.

Дүние бейнесі – кешенді ұғым, ол мәдениет, ғылым, өнер, білім, жеке тәжірибе мен тілдік қарым-қатынас ықпалымен қалыптасатын, адамның шындық әлем туралы білімдері мен наным-сенімдері, түсініктерін бейнелейді.

Дүниенің тілдік бейнесі – ұжымдық және ұлттық мәдени байланыстың жемісі, рухани мәдениеттің тіліміздегі көрінісі, тілде бекітілген дүние туралы білімдер жүйесі.

Дүниенің концептуалды бейнесі - адам санасындағы барлық дүние бейнесі.

Дүниенің ғылыми бейнесі – дүние туралы ғылыми фактілерге, заңдар мен теорияларға негізделген, жүйеленген түсініктер.

Кәсіби тілдік тұлға – өзінің кәсібінің тілдік, когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктерін билетін кәсіби дискурс тасымалдаушысы. Аталған ұғым кәсіби қарым-қатынаспен тығыз байланысты және әртүрлі кәсіп саласының

ерекшеліктерін бейнелейді. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы білім алу, кәсіби тәжірибе және кәсіби қауымдастық саласындағы өзара қарым-қатынас үдерісімен анықталады.

Когнитивтік-фреймдік талдау – тілдік құбылыстарды когнитивтік құрылым мен фрейм тұрғысынан зерттеуде қолданылатын әдіс.

Офтальмология – көз туралы ілім. Көру мүшелерін, олардың анатомиясын, физиологиясын, көз ауруларын, емдеу тәсілдері мен алдын алу шараларын зерттейтін медицинаның бір саласы.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Тіл білімінің антропоөзекті парадигмасы аясында пайда болған танымдық бағыт терминтанымдық зерттеулерге жаңа ізденістер мен пікірлердің пайда болуына ықпал етті. Тіл мен білім арасындағы байланысқа теренірек зер салу терминтануды тек ғылыми атаулар жүйесі ғана емес, сол атаулардың пайда болуы мен қызмет етуіндегі адам факторын арнайы қарастыру қажеттігін көрсетті. Танымдық тіл білімінің теориялық тұжырымдары мен зерттеу әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып когнитивтік терминтаным ғылыми білім, оның вербалдануы, кәсіби қарым-қатынас ерекшелігі, белгілі бір кәсіп иесінің танымы, термин жасаудағы когнитивтік механизмдері т.б. көптеген мәселелерді көтерді. Когнитивтік терминтанымда бұрын сөз болмаған кәсіби тілдік тұлға және оның терминжасам шығармашылығы, белгілі бір ғылым мен техника саласының заттары мен құбылыстарын атау үдерісі мәселесіне назар аудару алға шықты. Терминтанымдағы когнитивтік бағыт өзіне дейінгі дәстүрлі терминтанымдағы көтеріліп, әлі күнге шешімін таптай келе жатқан мәселелерге, атап айтқанда, қарапайым сөз бен арнаулы сөздің арақатынасы, терминдердің этимологиясы, кірме терминдер, терминдерді нормалау т.б. сұрақтарды қарастыруда жаңа көзқарастар мен ұстанымдарды қалыптастыруды.

Когнитивті лингвистиканың концепт, фрейм, сценарий, гештальт т.б. ұғымдық аппараттарын когнитивтік терминтаным тиімді пайдалана отырып, ғылыми білімді тілде бейнелеу, жеткізу және сақтау үдерістерін зерттеуге ұмтылады. Дәстүрлі терминтаным терминге қойылатын бірмағыналылық, эмоциялық реңктің болмауы, қысқалық сияқты талаптарға назар аударса, когнитивтік терминтаным кәсіби білімнің құрылымына, концептуалдану ерекшеліктерін зерттеуге қызығады.

Терминді зерттеуге бағытталған жаңа көзқарастар мен ұстанымдар ең алдымен, терминнің танымдық аспектісі терминге кәсіби тілдік тұлға көзімен қарауға жол ашады, одан кейін когнитивтік терминтаным терминді мағынасы мен таңбасы, мазмұн межесі мен тұрпат межесі, ұғым мен мағына, ұғым мен концепт арақатынасына қатыстырылығын зерделеп, оның қурделі табиғатын тануға ұмтылады. Терминтанымдағы жаңа зерттеулер терминді оны жасаушы адаммен, оның қоршаған дүниеге қатынасы мен көзқарасы, бағасы тұрғысынан қарастыруға және терминде кәсіп иесінің ойлау жүйесі мен танымдық тәжірибесі бейнеленетінін анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі. Бұгінгі танда тіл білімінің бірқатар қурделі мәселелерін адамның когнитивті іс-әрекетімен байланысты қарастыру қалыптасты. Тілдік құбылыстарға когнитивті көзқарасты пайдалану тілді білімнің концептуалды құрылымдары туралы ақпараттың көзі ретінде түсінуге мүмкіндік береді. Ұғымдар, түсініктер, концептілер, фреймдер адамның қоршаған дүниені қабылдау арқылы туындейды, танымдық үдерісте қалыптасады, тілде вербалданады. Тіл адамның ақыл-ойы қоршаған шындық дүниені қалай таныса, қалай жіктесе солай бейнелейді. Тілдік бірліктердің

әрқайсысы адамның когнитивті іс-әрекетінің көрінісі және оның нәтижесі болып саналады.

Қазіргі тіл біліміндегі когнитивті зерттеулер терминтану үшін де өте маңызды, өйткені әрбір терминде дәл және нақты ғылыми білім құрылымы беріледі. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау ғылыми ұғымға атау беру алдындағы кәсіби тілдік тұлғаның ақыл-ой әрекетін бейнелейді. Терминді кәсіби маманың ойлау үдерістерімен бірлікте қарастыратын когнитивтік терминтаным қазақ тіл білімінде 2000 жылдардан бері сөз бола бастады. Бұған дейін қазақ терминтанымы функционалды, семасиологиялық, ономасиологиялық көзқарас тұрғысынан қарастырылып келді. Аталған зерттеу бағыттары терминді белгілі бір ғылым мен техника саласының заттары мен құбылыстарының атауы, олардың қолданысы, жасалу тәсілдері, терминге қойылатын талаптар тұрғысынан қарастырды, терминжасамдағы кәсіби тілдік тұлғаның рөлі, ғылыми білімнің вербалдану ерекшеліктері мәселелері назарға алынбады. Шетелдік ғылыми зерттеулерге жасалған шолу тақырыптың біршама зерттелгенін көрсетті, бірақ отандық ғылымда когнитивтік терминтаным мәселесі ерекше назар аударуды қажет ететіні анықталды. Атап айтатын болсақ, қазақ терминтанымындағы кәсіби тілдік тұлға, дүниенің ғылыми бейнесі, терминжасамның когнитивтік механизмдері, ғылыми дискурс, құрылышы әртүрлі тілдер терминжүйесін салғастыру, терминдерді когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамалық мәселелері т.б.

Қазақ терминтанымында медицина терминжүйесі құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында зерттелгенімен, когнитивтік терминтаным тұрғысынан арнайы зерттеу нысаны болмаған. Қазақ көз аурулары туралы ілімнің қалыптасу тарихы ерте кезеңдерден басталғанымен, оларды арнайы зерттеп, қазақ офтальмология терминдерін когнитивті лингвистиканың әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып зерделеу алғаш қолға алынып отыр. Осыған байланысты диссертация төмендегі мәселелерді қарастырады: терминді зерттеудің тарихы хронологиялық ретпен талданады, яғни дәстүрлі терминтанымнан бастап когнитивтік терминтаным ұстанымдарының пайда болуы бірізді зерделенеді; когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары айқындалады; дүниенің ғылыми бейнесі және кәсіби тілдік тұлға ұғымдары анықталады; терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдері зерттеледі; фреймдік талдау офтальмология терминдерін зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде анықталады; медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді салғастырмалы әдістемесі ұсынылады; қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік презентациясы анықталады; құрылышы әртүрлі екі тілдің фреймдік презентациясындағы ортақ және айырым белгілер анықталады; электронды офтальмология сөздігі жасалады. Аталған мәселелердің барлығы қазақ терминтанымының теориясы мен практикасы үшін өте маңызды сұраптар, сондықтан қорғауға ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігін айқындейдьы.

Зерттеу мақсаты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерін зерттеудің когнитивтік-фреймдік талдау ұлгісін ұсыну және кәсіби білімнің вербалдану ерекшелігін айқындау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- дәстүрлі терминтанымнан когнитивтік терминтанымға дейінгі зерттеу бағыттарына шолу жасау;
- когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдарын айқындау;
- дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарын анықтау;
- терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдерін анықтау;
- медициналық терминдерді зерттеудегі фреймдік талдаудың әдіснамалық негізін айқындау және когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесін ұсыну;
- қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясын құру және салғастыра талдау;
- офтальмология терминдерінің электронды сөздігін жасау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – қазақ және ағылшын офтальмология терминдері.

Зерттеу пәні. Медициналық дискурстағы қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізіне** дәстүрлі терминтаным теориясы бойынша О. Вюстер, Дж.А. Фодор, Э. Хауген, М. Бергер, Г. Фельбер, Р. Джекендоф, А. Рей, Дж. Сейгер, Д.С. Лотте, Г.О. Винокур, А.И. Крылов, А.А. Реформатский, В.П. Пран еңбектері алынды, қазақ терминтанымының алаш кезеңіндегі ұстанымдары мен терминжасау қағидаттары, пән сөздерін қалыптастыру тарихы А. Байтұрсынұлы, Е. Омарұлы, С. Қожанұлы, Ф. Қараш, А. Қонқашпайұлы, Ж. Құдерин, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлов, Ж. Аймауытулы, М. Жұмабаев, Қ. Жұбанов т.б. еңбектері негізінде зерделенді. Салғастырмалы терминтану бойынша Д.С. Лотте, М.О. Исамбаев, Е. Рамазанов, Е.А. Молдатаев, С.С. Джансейтова, Ж.С. Бейсенова, Р.С. Баймуханбетова, Г.К. Исмаилова, К.А. Ашинова, А.Р. Сулькарнаева, Г.З. Бейсембаева, А.Т. Баекеева, Г.А. Қожахметова т.б. еңбектер назарға алынды. Терминнің функционалды бағыты Б.Н. Головин, И.В. Арнольд, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, А.С. Герд, Л.Б. Ткачева т.б. еңбектері бойынша талданды. Семасиологиялық терминтаным бойынша С.В. Гринев-Гриневич, Ә. Айтбаев, Б. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, С.Қ. Әлісжанов, С.С. Исакова, Қ.Ж. Айдарбек, Б. Жөнкешов, С. Құлманов т.б. ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынды. Терминді зерттеудің ономасиологиялық бағыты В.П. Даниленко, Қ.Ж. Айдарбек, А.З-Қ. Бисенғали, Қ.С. Алдашева еңбектері, әлеуметтік-лингвистикалық терминтану Е.Д. Поливанов, И.В. Арнольд, О.Б. Алексеев, М.В. Володина, Л.В. Ивина, О.Г. Козловская, Д.И. Лебедев, А.В. Суперанский және т.б. ғалымдар еңбектері негізінде зерделенді.

Когнитивтік терминтанымның теориялық мәселелері бойынша В.М. Лейчик, М.Н. Володина, Е.И. Голованова, Л.М. Алексеева, С.Л. Мишланова, Л.А. Манерко, В.Ф. Новодранова, Ю.А. Воробьева, И.С. Гаврилина, К.А. Громова, Л.В. Ивина, О.Г. Козловский, Д.И. Лебедев, М.Т. Қожаева, А.Х. Азamatова, С.С. Исакова, Н.У. Абдуллина еңбектері негізге алынды. Терминологиялық концепт, кәсіби концепт М.В. Прищепенко, Е.И. Гуреева, К.В. Данилов, ғылыми дискурс С.П. Хижняк, С.С. Исакова, салалық терминдерді когнитивтік талдау Л.М-Р. Аллафи, Э.А. Сорокина, Е.А. Слоева, Е.Д. Макаренко, О.С. Зaborovskaya, Д.Ю. Криницкий, Е.С. Закирова, Е.В. Швецова, С.И. Маджаева т.б. еңбектер назарға алынды. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын жасауда О.В. Гусельникованың, М.Г. Заседателеваның, Ю.С. Смирнованың, А.З. Абдурахманованың, П.А. Фабердің, С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың еңбектері негізге алынды.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде қазақ және ағылшын офтальмология терминдері және олардың сөздік мақалалардағы және оқулықтардағы анықтамалары алынды. Қазақ тіліндегі көз аурулары терминдер корпусын құруға 20 сөздік жиналды. Олар 1963-2014 жылдарда жарық көрген. Қ. Жалмұхамедовтің «Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» (1977, 96 бет), С. Төлеуова, Ж.Ф. Мұстафинаның құрастырған «Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі» (1998, 107 бет), М. Исамбаев, А.А. Сүлейменов құрастырған «Медициналық анықтамалық» (1965, 125 бет), С.Ж. Керімбеков «Физиология атауларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі» (1992, 280 бет) бойынша 38 баспа табақ мәтін талдауға алынды, нәтижесінде 350-ге жуық офтальмология терминдері және олардың анықтамалары жиналды. Ағылшын тілі бойынша 12 сөздік корпусы жиналды. Олардың ішінде ағылшын офтальмологиялық терминдер сөздігінің саны – 3. Millodot: Dictionary of Optometry and Visual Science, 7th edition. (2009). <https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological>, R.J. Barry, A.K. Denniston A Dictionary Ophthalmology. Publisher: Oxford University Press Published online: 2017 DOI:10.1093/acref/9780191830099.001.0001, Jeffrey D. Henderer Dictionary of Eye Terminology. Released: September 2024. Ағылшын тілі бойынша 43 баспа табақ сөздік мәтіні талдауға алынып, олардан 358 термин және оның анықтамасы жиналды. Қазақ тіліндегі офтальмология оқулықтары бойынша 87 баспа табақ мәтін талданды. Ағылшын тіліндегі 94 баспа табақ офтальмология оқулықтары талдауға түсті.

Зерттеу әдістері. Диссертацияда сипаттау, жалпылау, салыстыру, талдау, қорытындылау сияқты жалпығылыми әдістер пайдаланылды. Зерттеу барысында қолданылған лингвистикалық әдістер: компоненттік талдау, семалық талдау, лексика-семантикалық талдау, салғастырмалы әдіс, сөздіктерден түгелдей тери әдісі, сандық-статистикалық талдау. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын тандауда О.В. Гусельникованың фреймдік талдау мүмкіндіктері (Гусельникова,

2009), М.Г. Заседателеваның әдістемелік дискурста «Құзіреттілік» концептісінің бейнеленуі (Заседателева, 2011), Ю.С. Смирнованың сепсис терминологиялық өрісін дефинициялық үлгілеудің когнитивтік-дискурсивтік аспекті (Смирнова 2011), А.З. Абдурахманованың құрылыш терминологиясын лингвистикалық үлгілеу (Абдурахманова 2016), П.А. Фабердің терминология мен арнаулы тілге когнитивті лингвистикалық көзқарасы (Faber 2012), С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың көші-қон терминологиясын фреймдік талдау (Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова, 2020) еңбектері негізге алынды. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді үлгісі жасалды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Диссертациялық жұмыста алғаш рет қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесі когнитивтік-фреймдік көзқарас түрғысынан талданды. Терминтаным тарихынан басталған зерттеу бағыттары хронологиялық ретпен зерделеніп, қазіргі когнитивтік терминтанымның пайда болуының алғышарттары анықталды. Когнитивтік терминтанымның тірек ұстанымдары айқындалды. Дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдары когнитивтік терминтаным теориясы түрғысынан тұжырымдалды. Терминжасамдағы метафора мен метонимияның когнитивтік механизмдері талданды. Фреймдік талдау офтальмология терминдерін зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастырылды. Терминді когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді салғастырмалы әдістемесі ұсынылды. Аталған әдістеменің жаңалығы және маңыздылығын оны кез келген ғылым саласының терминжүйесін когнитивтік-фреймдік талдауга болатын кешенді әрі әмбебап сипатымен анықтауга болады. Ұсынылған әдістеменің зерттеу кезеңдеріне сәйкес қазақ офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы жасалды. Ағылшын офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясы анықталды. Құрылышы әртүрлі екі тілдегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясы алғаш рет салғастырмалы аспектіде талданып, ортақ және айырым белгілері анықталды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдер жүйесіндегі метафоралық үлгілер анықталып, накты тілдік бірліктер арқылы дәлелденді. Электронды офтальмологиялық терминдер сөздігі жасалды, сайт құрылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Диссертацияның бірінші бөлімінде зерделенген теориялық еңбектер, терминолог ғалымдардың пікірлеріне жасалған сыни талдаулар, дәстүрлі терминтаным мен когнитивтік терминтаным ұстанымдарын салыстыра отырып жасалған тұжырымдар, когнитивтік терминтанымның кәсіби дискурс, ғылыми дискурс, кәсіби тілдік тұлға, дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің арақатынасы, фреймдік талдаудың әдіснамалық негіздеріне байланысты айтылған пікірлер мен тұжырымдар жалпы қазақ терминтанымын, когнитивтік терминтаным теорияларын толықтыруға ықпал етеді. Кез келген терминдік жүйені талдауга арналған когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесі когнитивтік терминтанымның әдіснамалық сұрақтарын шешуде маңызды болмақ.

Зерттеудің практикалық мәні. Зерттеу жұмысында талданған офтальмология терминдері қазақша-ағылшынша сөздік құрастыруда, терминдердің жиналған анықтамалары түсіндірме сөздіктер, анықтамалықтар жасауда пайдалы болады. Терминді когнитивтік-фреймдік талдау үлгісі терминология, лексикология пәндерінің практикалық сабактарында пайдалануға көмегін тигізеді. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдау барысында алынған нәтижелер курстық, дипломдық жұмыстар, магистрлік, докторлық диссертациялар жазуда қызығушылық тудырады. Зерттеу нәтижесінде жасалған электронды офтальмология сөздігі басқа сөздіктер құрастыруға негіз болады. Офтальмология терминдеріне арналған сайт кәсіби мамандардың, болашақ көз дәрігерлерінің, терминолог ғалымдар мен ізденушілердің пікірталас алаңына айналып, қазақ тілінде офтальмология терминдерінің қалыптасуына, оқулықтарының жазылуына ықпал етеді.

Корғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Терминтаным туралы алғашқы пікірлер қайта өрлеу дәуірінен басталады. Термин туралы алғашқы теориялық тұжырымдардың мазмұны терминнің дамуына бақылау (жоспарлау, біріздендіру, стандарттау) жасау, стандарттау құралдарын анықтау қажеттігі, халықаралық терминдерге басымдық беруді құрады. Термин ұғымының құрделілігі оны зерттеуде бірнеше ғылыми бағыттардың пайда болуына әкелді. Теориялық, қолданбалы, жалпы және жеке терминтану, типологиялық, салғастырмалы, функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, тарихи, әлеуметтік, когнитивтік бағыттар қалыптасқан.

2. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары төмендегідей айқындалды: 1) Когнитивті терминтанымда терминнің анықтамасына деген көзқарас өзгерді. Дәстүрлі терминтанымда термин белгілі бір ғылым саласының заттары мен құбылыстарының атауын білдіретін тілдік таңба деп танылса, когнитивтік терминтанымда терминді тек ғылыми ұғымның атауы ғана емес, кәсіби маманның ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде танылады. 2) Тілдік таңба мен менталды құрылымдардың арасындағы байланысты анықтаудың жаңа ұстанымы. Термин таным үдерісінде жасалады, өндөледі және өзгеріске ұшырай отырып дискурста материалданады. 3) Терминнің қызметі туралы пікірлердің толығуы. Терминнің когнитивтік қызметтеріне коммуникативтік, ақпараттық, эвристикалық, прагматикалық, бағыт-бағдар беру, дидактикалық қызметтері жатады. 4) Терминді үнемі даму үстінде болатын құрылым деп тану ұстанымы. Дәстүрлі терминтанымда терминнің анықтамасы оған қойылатын талап ретінде сипатталды, бірақ оның ғылымның дамуы мен ғылыми ой-пікірлердің толығуы нәтижесінде өзгеріске ұшырап отыратындығы назарға алынбады. Термин ғылым мен техниканың дамуына байланысты өзгеріп, толығып отырады. 5) «Кәсіби тілдік тұлға – когнитивтік терминтаным категориясы» ұстанымы. Кәсіби маманның өзі таңдаған ғылым саласын біргіндеп игеруіне бағытталған іс-әрекеті; Осындаған іс-әрекет арқылы жинақталған кәсіби тәжірибе түрлі қыындықтағы кәсіптің қыр-сырын менгеріп, оны шешетін құзіреттіліктерді қалыптастырады. 6) Термин мен концепт арақатынасы ұстанымы. Термин-концепт бір жағынан дүниенің ғылыми бейнесінің белгілі бір бөлшегі туралы

ақпаратты біздің санамызда сақтайдын менталды құрылым болса, екінші жағынан термин-концепт мәдениеттің негізгі бірлігі болып саналады. Бұл әсіресе ұлттық-мәдени белгісі басым болып келетін терминжүйелерде жиі кездеседі.

3. Дүниенің тілдік бейнесі мәдениетте қалыптасқан күнделікті дүниетанымды білдірсе, дүниенің ғылыми бейнесі логикаға, тәжірибеге және теориялық ұлғілерге сүйенеді. Олар өзара байланысты, ғылым тілді жарыққа шығару құралы ретінде пайдаланса, тіл ғылымның даму деңгейіне бейімделеді. Кәсіби тілдік тұлға дегеніміз арнайы лексиканы менгерген адам ғана емес, ол өзінің кәсібінің тілдік, когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктерін білетін кәсіби дискурс тасымалдаушысы болады. Аталған ұғым кәсіби қарым-қатынаспен тығыз байланысты және әртүрлі кәсіп саласының ерекшеліктерін бейнелейді. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы білім алу, кәсіби тәжірибе және кәсіби қауымдастық саласындағы өзара қарым-қатынас ұдерісімен анықталады.

4. Терминжасамдағы метафоралау тәсілі күрделі концептілерді түсінікті етеді және еске сақтауға көмектеседі. Метонимиялау тәсілі терминдерді олардың қызметтері мен сыртқы сипаттарымен байланыстыра отырып терминдер жасайды. Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері ғылыми және кәсіби дискурстағы маман мен оның ойлау ұдерісінің нәтижесінде тілде бұрыннан бар заттар мен құбылыстардың ұқастығына, байланысына негіздей отырып жаңа терминдер жасаумен анықталады. Аталған когнитивтік механизмдер кез келген ғылымның терминдер жүйесін толықтыруға және кәсіби қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді.

5. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді ұлғісі ұсынылды. Талдау төрт кезеңнен тұрады: 1) ұғымдық-фреймдік талдау; 2) корпустық-терминологиялық; 3) анықтамалық; 4) салғастырмалы талдау.

6. Қазақ және ағылшын офтальмология сөздіктеріндегі анықтамаларға ұғымдық компоненттер тән. Аталған ұғымдық компоненттер терминнің фреймдік құрылымын жасауға қатысады. Екі тілдегі ұғымдық компоненттер бір-бірімен толық сәйкес келмейді. Оның себебі офтальмологиялық білімдердің даму және қалыптасу тарихына, терминжасау тәсілдері мен терминжасам дәстүрлеріне, аталған ғылым саласының зерттелу деңгейіне байланысты анықталады. Сөздік анықтамалармен салыстырғанда фрейм құраушы компоненттердің саны оқулықтарда басымдық танытты. Оқулық анықтамаларында ұғымдық және прагматикалық компоненттер екі тілге де ортақ екенін зерттеу барысы анықтады. Ағылшын офтальмология оқулықтарындағы анықтамалардан әлеуметтік компонент анықталды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері жасалу тәсілдері жағынан бір-біріне ұқсас. Олар негізінен морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады.

7. Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі табиғи метафоралық ұлғі үшке жіктеледі: зооморфтық ұлғі, ботаникалық ұлғі, географиялық ұлғі. Антропоморфты метафоралық ұлғі екіге бөлінеді: әлеуметтік ұлғі және артефакт ұлғі. Офтальмология терминжүйесіндегі метафоралардың

когнитивтік үлгілері оларға тән әмбебап сипаттар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің болатынын көрсетті.

Зерттеу аprobациясы. Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференцияда (Ақтөбе қаласы, 1 қараша 2024 жыл), «Филология: қазіргі ізденістер» ғылыми семинарда (Уфа қаласы, 24 сәуір 2024 жыл), Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында докторанттарға арналған «Ғылыми-тәнымдық жұма» ғылыми семинарда (2023 жыл), «Филология: қазіргі ізденістер» ғылыми семинарда (Ақтөбе қаласы, 23 сәуір 2025 жыл) жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлдануы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 6 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланган еңбектер:

1. Metaphorical Models of Ophthalmology Terms in Kazakh and English // World Journal of English Language. Vol. 15, No. 4; 2025. P. 203-212. Процентиль: 47%, Q2. DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v15n4p203>
2. Frame representation of medical terminological system in kazakh and English // Forum for Linguistic Studies, Vol. 7, Iss. 5, may, 2025. Page 255-268. Процентиль: 55%, Q2. <https://journals.bilpubgroup.com/index.php/fls/index> DOI: <https://doi.org/10.30564/fls.v7i5.9233>

ҚР ФәждБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын базалымдарда жарияланған еңбектер:

1. Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №4/2023. 162-176 бб. <https://ojs.cgi.kz/index.php/BULLETIN/issue/view/42/69>
2. Терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдері // Абылай хан атындағы ҚХҚЖӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, Том 74 №3 (2024), 322-343 бб. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1287/450>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Терминдерді зерттеудің тәнімдік сипаты // Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясы материалдарының жинағы. – Ақтөбе: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өнірлік университеті, 2024. – Б. 300-304.
2. Ғылыми дискурс ерекшеліктері // Филология ғылымдарының докторы, профессор, ғылыми-инновациялық басқарманың іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу секторының бас ғылыми қызметкери, башқұрт филологиясы кафедрасының менгерушісі Зугура Ыдырысқызы Салжованың 65 жылдығына арналған «Түркі

филологиясы заманауи жетістіктер аясында» бүкілресейлік ғылыми-практикалық конференция материалдар жинағы. 4 сәуір 2025 жыл. – Стерлитамак: УФТУ-нің Стерлитамак филиалы, 2025. – Б. 169-174.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 9 суретте, 35 кестеде көрініс тапты. Пайдаланған әдебиеттер тізіміне 198 атау енеді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 147 бетті құрайды.

1 МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНТАНУДЫ (ОФТАЛЬМОЛОГИЯ) КОГНИТИВТІК-ФРЕЙМДІК ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ- ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Терминтану біртұтас зерттеу нысаны ретінде

Терминтаным туралы алғашқы пікірлердің пайда болуына қайта өрлеу дәуіріндегі түрлі ғылым салаларының қалыптасуы негіз болды. Еуропаның көптеген елдерінде ғылым мен техниканың атаулары жасала бастады. Термин мен терминтану туралы түсініктердің қалыптасуы осы кезеңнен бастау алады [1, р. 12-13]. Еуропада терминтанудың жеке ғылым ретінде танылуы австриялық ғалым Ойген Вюстердің есімімен тығыз байланысты. Ғалымның 1931 жылы жазған «Международное нормирование речи в технике и электронике» тақырыбындағы докторлық диссертациясы осы сала бойынша алғашқы теориялық тұжырымдар ұсынылған еңбек болып саналады.

О. Вюстердің теориясы мен тұжырымдарының негізгі мазмұны терминнің дамуына бақылау (жоспарлау, біріздендіру, стандарттау) жасау, стандарттау құралдарын анықтау қажеттігі, халықаралық терминдерге басымдық беруді құрады. Ғалымның теориялық еңбектері техникалық терминдерді зерттеуге бағытталды. Зерттеушінің докторлық диссертациясының тақырыбының өзі халықаралық терминдерді қабылдауға, оларды біріздендіруге арналғанын байқатады. О. Вюстер теориясы терминнің табигаты мен терминдік жүйелердің ерекшелігін ашудан гөрі тіларалық қажеттіліктерді қанағаттандыруға, түбірі грек-латын тілінен енген халықаралық терминдерге басымдық беруді негізделеп, бұдан байлайғы терминтанымның дамуының бағытын айқындалап берді деп айтуда болады.

Шетелдік терминтанушы ғалымдар Дж.А. Фодор, Г. Фельбер, Р. Джекендоф, А. Рей, Дж. Сейгер және т.б. атауға болады [2, с. 22]. Аталған ғалымдардың зерттеулері О. Вюстер ұсынған термин теориясының аясында жүргізілді. Орыс тілінде термин туралы алғашқы ізденістер XIX ғасырдың басында пайда болған Л.В. Ломоносов еңбектерімен байланысты айтылғанымен, терминтанымның теориясы өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Д.С. Лотте еңбектерінде көрініс тапты [3]. Ғалым еңбектері терминдерді стандарттау, термин жасау, кірме терминдер, ұғымдық-терминологиялық жүйе құру, ғылыми-техникалық терминдерді аудару мәселелеріне арналды. Бұл туралы С.С. Исакова Д.С. Лотте және оның ғылыми мектебінің өкілдерінің термин қандай болу керек деген сұрақ төңірегінде пікір білдірді деп жазады. Ғалымдар терминге қойылатын талаптарды теориялық тұрғыдан тұжырымдады [4, б. 9]. Орыс терминологиясы теориясының дамуына үлес қосқан ғалымдар Г.О. Винокур, А.А. Реформатскийді ерекше атау қажет. Г.О. Винокур орыс техникалық терминологиясындағы сөзжасам мәселесін қарастыrsa, А.А. Реформатский термин, терминдік жүйе ұғымдарына анықтама беріп, терминнің тілдік табигатына назар аударды.

Л.П. Грунина, А.Г. Широколобова аталған кезеңді 1930-1960 жылдар арасын қамтитын орыс терминологиялық теориясы мен практиканың қалыптасу

кезеңі деп атап, оны төмендегідей сипаттайты: «Лингвистикалық әдістермен логиканың әдістерін пайдалана отырып терминді ерекше сөз немесе сөз тіркесі ретінде зерттеді. Терминнің семантикалық ерекшеліктері А.А. Реформатскийдің терминнің логос пен лексистің бірлігі ретіндегі идеяларымен байланыстырылды. Осы кезең орыс ғылыми-техникалық терминологиясын халықаралық терминдер жүйесіне сәйкес біріздендіру, стандарттаумен ерекшеленді. Терминнің ұлттық тілдің лексикалық жүйесіндегі орны шешілмеді» [5, с. 12].

Қазақ жерінде ғылым мен білімнің дамуы XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады. Алғашқы қазақ газеттерінің басылуы, оқулықтардың жарық көруі ғылым саласындағы алғашқы атаулардың жинақталуына негіз болды. Бұл ойымызды академик Ш. Құрманбайұлының төмендегі пікірлері дәлелдей түседі. Фалымның пікірінше, арнаулы ғылым салаларының бір-бірінен бөліне бастауы оның ұғымдар жүйесінің қалыптасып, атаулардың пайда болуына әкеледі. Сол кезде жазылған оқулықтар мен ғылыми басылым авторлары осы мәселе мен шүғылданды. Алаш зиялышарының осы бағытта жасаған еңбектері оразан зор. Қазақ тілінде термин жасаудың ұстанымдарын ұсынған қазақ зиялышары ғылым тілінің қалыптасуына өз үлестерін қости [6, б. 18]. Ш. Құрманбайұлының мына пікірлері назар аудартады. Академик алаш көсемдерінің жасаған терминдері қазақ тілінің басқа ұлт тілдері сияқты термин жасауға мүмкіндігінің мол екенін дәлелдеп берді деп атап көрсетеді [6, б. 18]. Фалымның осы тұжырымдарынан қазақ терминтануы өткен ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап өзінің даму бағытын дұрыс айқындағанын, яғни терминді ұлт тілінің негізінде қалыптастыруға, пән сөздерін қазақ баласына түсінікті етіп жеткізу ді мақсат еткенін, осы жолда алаш зиялышарының еңбегінің зор екенін аңғару қыын емес. XIX ғасырдың 20-30-шы жылдары қазақ терминтанымының дамуына А. Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Қожанұлы, А. Қонқашпайұлы, М. Жұмабаев сынды алаш зиялышарының еңбектері айрықша рөл атқарды.

Термин ұғымының күрделілігі оны зерттеуде бірнеше ғылыми бағыттардың пайда болуына әкелді. Термин туралы зерттеулерге назар аударсақ теориялық, қолданбалы, жалпы және жеке терминтану, типологиялық, салғастырмалы, функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, тарихи, әлеуметтік, когнитивтік бағыттарды кездестіреміз.

Ең алдымен, теориялық терминтануды айтуға болады, ол арнаулы лексиканың дамуы мен қолданылуындағы зандалықтарды зерттейді, сондай-ақ қолданбалы терминтану терминдерді реттеу, біріздендіру, жүйелу, аудару, жасауда орын алған кемшіліктерді жоюға бағытталған практикалық ұстанымдар мен нұсқаулықтарды жасақтайты [7]. Жалпы терминтану арнаулы лексикаға тән жалпы қасиеттер мен үдерістерді зерттейді, ал жеке терминтану – нақты бір тілдің ғылым саласындағы арнайы түсініктер мен лексиканы зерттейді. Типологиялық терминтану жеке терминтанудың ерекшеліктерін салыстыра зерттеумен айналысады, мақсаты олардың жалпы қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтау. Типологиялық терминтану аясында салғастырмалы терминтану пайда болды, ол әртүрлі тілдердің лексикасындағы ерекшеліктер мен жалпы

қасиеттерін салғастыра отырып зерттеумен айналысады. Салғастырмалы терминтанудың негізін Д.С. Лотте қалады, оның негізгі ережелерін қалыптастырыды [8]. Салғастырмалы терминтаным бірнеше тілдердің терминдік жүйелерін салғастыру арқылы ондағы ортақ және айырым белгілерді анықтауға, төл және кірме терминдердің санын және сапасын талдауға, терминжасам тәсілдерін анықтауға мүмкіндік береді. Салғастырмалы терминтаным аясында құрылышы әртүрлі тілдер терминдік жүйелері зерттелді. Қазақ тілі білімінде орыс, латын, қазақ тілдеріндегі медициналық терминологиялық сөздіктерді жасауда терминдерді қалыптастыру мәселесіне арналған алғашқы кандидаттық диссертацияны 1961 жылы М.О. Исамбаев қорғады [9]. Құрылышы әртүрлі үш тіл сөздіктерін құрастырудың терминдерді беру тәсілдері арнайы зерттелді. Бұдан кейінгі жылдары салғастырмалы терминтану бойынша бірнеше зерттеулер жүргізді, мысалы, қазақ және орыс тілдеріндегі ботаника терминдері [10], спорт терминдері [11], музика терминдері [12], эпизоотология терминдері [13] кандидаттық диссертация деңгейінде қарастырылды. Орыс тілі мен түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын тілдердің тіркесті терминдері салғастырмалы аспектіде зерттелді [14]. Неміс, орыс және қазақ тілдеріндегі қаржы-несие жүйесінің терминдері [15], қазақ және ағылшын тілдеріндегі дипломатиялық терминдер [16], орыс және ағылшын тілдеріндегі техникалық терминдер [17] арнайы зерттеу нысаны болды. Құрылышы әртүрлі тілдердің техникалық терминжүйесіндегі синоним мәселесі, терминдердің түрлі баламаларының қолданысы зерттелді [18]. Салғастырмалы терминтану құрылышы әртүрлі бірнеше тілдің терминдерін аудару мәселесі тұрғысынан да қарастырылғанын байқауға болады [19, 20].

Термин туралы ілімнің 1960 жылдардан бастап дамуы функционалды бағыттың дүниеге келумен байланысты қарастырылады. Бұл кезең терминді арнаулы ғылым саласының атауы ретінде таныған, оған қойылатын талаптардың толығымен орындала бермейтінін анықтаған зерттеулермен сипатталады. Б.Н. Головин, И.В. Арнольд, В.М. Лейчик, В.П. Даниленко, А.С. Герд, Л.Б. Ткачева және т.б. ғалымдар терминнің мәтіндегі қызметіне назар аударды. Терминді зерттеудің функционалды бағыты оны «ерекше қызметтегі сөз немесе сөз тіркесі» [21, с. 28] ретінде қарастыруымен ерекшеленді. Функционалды бағыт термин арқылы арнаулы ұғымның берілуін оның айрықша белгісі деп анықтады, термин мен жалпықолданыстағы сөздің арақатынасын ашуға ұмтылды. Функционалды терминтаным әртүрлі мәтіндердегі және кәсіби қарым-қатынас пен мамандарды дайындау жағдаятындағы терминнің қызметін зерттеумен айналысады. Сонымен бірге сөйлеуде және ақпараттық желілердегі терминнің қолданыс ерекшеліктерін зерделеуге назар аударады. Откен ғасырдың 70 жылдары тіл білімінің құрылымдық-жүйелілік зерттеу бағыты шенберінде дамыған терминтаным ғылымы біртіндеп терминнің қолданыс ерекшелігіне назар аудара бастайды. Терминдердің әртүрлі мәтіндерде өмір сүру ерекшелігі арнайы зерттеу нысанына айналады, сөйтіп терминнің таным нәтижесі екенін дәйектейтін жаңа бағыттың қалыптасуына алғышарттар жасалды [22, б. 183].

Терминдердің қолданыс ерекшелігін анықтау үшін функционалды талдау жүргізіледі. Терминнің қызметін талдаудың бағытына сәйкес екі көзқарас қалыптасқан: терминологиялық талдау және мәтіндік талдау [23, с. 13]. Терминнен мәтінге қарай талдау терминнің терміндік жүйедегі орны мен басқа терминдермен байланысын анықтауды, терминнің мәнмәтіндегі мағынасын ашу, сөйлеудегі қолданыс ерекшелігін анықтауды көздейді.

Семасиологиялық терминтаным арнаулы лексиканың мағынасын, мағынаның өзгеру себептерін, көпмағыналылық, омонимдер, антонимдер, синонимдер т.б. семантикалық құбылыстарды зерттейді. С.В. Гринев-Гриневичтің пікірі бойынша, терминтанудағы семасиологиялық көзқарас терминнің мағынасын реттеумен байланысты терміндік жүйені нормалау мен біріздендіру жұмыстарының теориялық негіздерін құрайды [24, с. 110]. Ғалым терминнің мағынасын зерттеу қажеттігін былай түсіндіреді: «Қарапайым лексика терминге айналу үшін оның лексикалық мағынасына арнаулы ұғымдық, терминологиялық мағына ұстемеленеді, сөйтіп термин лексикалық және ұғымдық мағыналар жиынтығына ие болады» [24, с. 91]. Терминнің ұғымдық және лексикалық мағыналары барлық жағдайда бір-бірімен сәйкес келмейді. Осындай пікірді Ш. Құрманбайұлы зерттеулерінен де көздестіреміз. Ғалым термин мен сөз арасындағы айырмашылықты қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым мазмұнының бір-біріне сай келмеуінен деп түсіндіреді. Ғылыми ұғым қарапайым ұғымда бола бермейтін маңызды семалардан тұрады деп атап көрсетеді [6, б. 18]. Термин үшін ұғымның орны айрықша екенін зерттеушілер Ә. Айтбаев, Қ. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов, С.Қ. Әлісжанов, С.С. Исакова, Қ.Ж. Айдарбек, Б. Жөнкешов, С. Құлманов т.б. атап көрсетеді. Зерттеуші С.С. Исакова кез келген сөзге терміндік мән ұстемелене бермейтініне назар аударады. Сөз мағынасындағы ұқсастық, белгілердің ортақ болуы термин жасауға негіз болады деп жазады [4, б. 107]. Ә. Айтбаевтың «Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы» (1988), «Қазақ сөзі» (1997), «Основы казахской терминологии» (2000) зерттеу еңбектері қазақ терминтанымының семасиологиялық бағытының дамуына үлес қосты. Ә. Қайдар, С. Ақаев, Ш. Біләлов еңбектері қазақ терминдерінің тәуелсіздік кезеңіндегі даму бағытын айқындалды. Ш.Құрманбайұлы қазақ терминтанымына «терминдену», «терминжасам», «терминологиялық өріс», «терминденуші лексика» және т.б. жаңа атауларды ұсынып, оларды ғылым тілінде қалыптастыруды. Ғалым өзінің «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998) монографиясында терминологиялық лексика мен жалпы лексика арасындағы өзара байланысты, айырмашылықты нақты дәлелдеп берді. Терминологиялық өрісті терминнің өмір сүру аймағы деп танып, терминнің терминологиялық өрістен тыс қолданылуы туралы мәселелерді айқындалды. Қазақ терминтанымында сема мәселесін дәйектеп, термин мен термин еместің семалық құрылышындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға сипаттама берді [25, б. 70-77].

Терминді зерттеудің ономасиологиялық бағыты арнаулы лексиканың құрылымдық формаларын, оларды атап үдерістерін, жасалу тәсілдерін зерттеумен айналысады. С.В. Гринев-Гриневич термин семантикалық,

морфологиялық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалатынын айтады [24, с. 123-124]. Ғалым В.П. Даниленко аталған үш тәсілдің терминжасамда өнімді тәсілдер екенін атап өтеді. Семантикалық тәсіл терминге жаңа мағына үстеп, оның мағынасының түрленуіне, саралануына негіз болады [26, с. 61]. Қазақ терминтанымында ономасиологиялық бағытты арнайы зерттеген ғалым – Қ.Ж. Айдарбек. Зерттеушінің «Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері» (2010) монографиясы құнды еңбек болып саналады. Ғалым терминдерді ономасиологиялық тұрғыда зерттеудің бірқатар мәселелерді шешетінін баса айтады. Мәселен, қазақ терминдерін жасауда жұмсалатын өнімді және өнімсіз жүрнәктар, олардың тілдегі қызметі мен қолданыс сипаттын анықтауға мүмкіндік береді деп көрсетеді [27, б. 4]. Қ.Ж. Айдарбек лексикалық аталым мен терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздерін айқындалап, екі ұғымның да тілдік аталымнан шығатынын, оларды бір-бірінен бөлек қарыстыру мүмкін емес деген тұжырым жасайды [27, б. 35].

Тарихи терминтану – терминологияның тарихын зерттейді, мақсаты олардың пайда болу және даму үрдістерін анықтау, дамуын есепке ала отырып, терминологияны реттеуге нұсқаулықтар беру. Тарихи терминтану терминтанудың құрылымдары мен әдістері, нысаны, пайда болуы, жетілуімен айналысады, сондай-ақ оның ғылымдар жүйесіндегі орны, оның теориялары мен қағидаларының қалыптасуы, жеке терминологиялық мектептерді зерттейді.

Терминтанудың бір бағыты әлеуметтік-лингвистикалық терминтану болып табылады, ол Ресейде де, шет елдерде де қолдау тапты. Ең алғаш терминтануды әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде қарастыруды мәселе етіп қойған XX-ғасырдың 30-жылдарында Е.Д.Поливанов болды. XX ғасырдың ортасындағы ғылым мен техниканың қарқынды дамуы терминтануда әлеуметтік факторлардың басымдығын көрсетті, осы бағытта әртүрлі терминжүйелердің зерттелуіне арналған басылымдардың көбеюіне септігін тигізеді. Қазіргі уақытта бұл бағыт Омск қаласындағы терминологиялық орталықта әлеуметтік лингвистикалық әдісті қолданып бірқатар ауқымды жұмыстарды жүргізіп отыр. Тілдік деректердің тілден тыс факторларға тәуелділігін зерттеу И.В. Арнольд, О.Б. Алексеев, М.В. Володина, Л.В. Ивина, О.Г. Козловская, Д.И. Лебедев, А.В. Суперанский және т.б. ғалымдар еңбектерінде қарастырылған.

XXI ғасырдың басында «Ағылшын, неміс, француз тілдері терминжүйесінің пайда болуы, қызметі және дамуындағы әлеуметтік алғышарттар» ұжымдық тақырып аясында Омск қаласының терминологиялық орталығы ғалымдары компьютерлік ақпарат терминжүйесін әлеуметтік лингвистика тұрғысынан зерттеді [28]. Осы тұрғыда орындалған жұмыстарда ағылшын, француз және орыс тілдеріндегі материалдар бойынша қаржы саласының терминдері [29], менеджмент терминжүйелері (Федючинко, 2004), әскери авиация терминологиясы (Левандровская, 2010), стоматологиялық терминология (Аллафи, 2004), офтальмологиялық терминология (Хабярова, 1989), криминалистика және криминология терминологиясы (Трушина, 2005), компьютерлік терминология (Бабалова, 2009), халықаралық бакалавриат

терминологиясы (Гурева, 2010), заң терминологиясы (Русакова, 2008) және т.б. зерттеулерді атауға болады [5, с. 20].

Терминтанымның қолданбалы мәселелерінің ең маңыздыларының бірі – сөздік түзу. Терминтанушы ғалымдар сөздік жасау барысында терминнің бірқатар теориялық мәселелерінің бар екеніне көздері жетті, атап айтқанда терминдердің көпмағыналылығы, көпнұсқалығы, синонимдік қатарларының көптігі т.б. Сондықтан терминтанымда арнаулы ғылым саласының сөздіктерін жасаудың теориясы мен практикасын зерттейтін терминография саласы пайда болды. Терминография сөздік жасау ұстанымдарын, біртілді, көптілді терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды анықтауға ұмтылыс жасайды. Терминнің теориясымен айналысқан ғалымдар термин ұғымын, оның табиғатын тануда әртүрлі көзқарастың, қайшылықты пікірлердің көптігіне көз жеткізді. Атап айттар болсақ, жалпы әдеби лексика /автономды арнаулы лексика; әртүрлі сөздіктердегі термин анықтамасының энциклопедиялық/лингвистикалық мағынасы; әдеби тіл/арнаулы мақсатқа арналған тіл; арнаулы мақсатқа арналған тіл әдеби тілдің функционалды түрі ретінде т.б. Қазақ терминографиясының теориялық мәселелері ғалым Е. Эбдірәсілов еңбектерінде көрініс тапты. Зерттеуші «Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері» (2007) докторлық диссертациясында терминологиялық сөздік жасаудың теориясын, сөздіктерде тілдердің орналасу реті және олардың терминдерді қалыптастырудың рөлін, атаулар сөздігінің құрылымдық ерекшеліктерін, терминологиялық сөздіктерге қойылатын талаптарды, орыс және қазақ терминографиясына тән ортақ белгілерді анықтады [30].

Қазақ тілінде терминологиялық сөздіктер жасау ісі 1923 жылдан басталады. Алғашқы сөздіктер пән сөздері немесе атаулар сөздігі (Е. Омаров, 1923; Н. Қаратышқанов, 1927; Атаулар сөздігі, 1931; И. Ағыбайұлы, 1935; Қ. Жұбанов, А. Әлібаев, 1936 т.б.) деген атпен жарыққа шықты. Аталған сөздіктер физика, география, геометрия т.б. ғылым салаларының атауларын барынша қазақшалап беруге ұмтылды. Осы кезеңде алаш зияллылары пән сөздерінің қазақ баласына түсінікті болуына назар аударды. Пішіндеме, кескіндеме, жантану, сауықтама, зауықтама, сарындама, салттама, ғұрыптама, қалыптама [6, б. 302-325] т.б. терминдер қазақ терминологиясының алаш кезеңінің жемісі саналады.

1940-1990 жылдар арасында 81 терминологиялық сөздік жарық көрген, оның 51-і әртүрлі ғылым салалары бойынша орысша-қазақша құрастырылған сөздіктердің қурайды [6, б. 737-743]. Осы кезеңде жарыққа шыққан терминологиялық түсіндірме сөздіктердің саны – 10. Олар физикалық география, медицина, география, эстетика, физика, малдәрігерлік, ауыл шаруашылығы, химия, компьютер, заң саласының түсіндірме сөздіктері болды. Аталған сөздіктердің басым көпшілігі орыс тілінде жазылғанын да айта кету керек. Кеңестік тіл саясатының ықпалы сөздік жасау ісінен де айқын көрінді.

Қазақ терминографиясының ең өнімді кезеңі тәуелсіздік алған жылдардан басталады. 1990 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін әртүрлі ғылым салалары бойынша екітілді, көптілді терминологиялық сөздіктер, терминологиялық

түсіндірме сөздіктер, жаңа атаулар, жаңа сөздер сөздігі, бекітілген терминдер сөздігі, анықтамалықтар т.б. 200-ге жуық енбектер жарыққа шықты. Қазақ терминографиясы лексикасы жаңа атаулармен толықты. Термин жасау қағидаттарына жаңаша көзқарас қалыптасты [31].

ХХ ғасырдың бірінші жартысында терминнің табиғаты туралы сұрақтар (Винокур, 1939; Реформатский, 1961) көтерілген болса, бұл сұрақтар әлі талқыланып келеді (Суперанская 1989; Володина, 2000; Алексеева, 2001; Ивина, 2003; Лебедев 2005; Козловская 2005). Д.С. Лоттенің (Лотте, 1982) жұмысынан басталған әртүрлі білім мен қызмет салаларындағы терминдерге қойылатын талаптар, мәтінде қолданылатын терминдерге қойылатын талаптар (Лейчик, 1989), әртүрлі сөз таптарындағы сөздердің терминологиялық мәртебесі (Даниленко, 1977; Кияк, 1989; Реформатский 1986) бүгінгі таңда да өзекті (Авербух, 1985; Суперанский 1989). Бүгінгі күні терминтануда терминдердің синонимдері мен нұсқалары, оларды жіктеу қағидалары, абсолютті синоним-терминдердің көптігі (Гринев, 1993; Татаринов, 1996) терминжүйенің дамуының алғашқы кезеңіне тән сипат ретінде бағаланады, әрі қарай терминдердің мағыналық тепе-тендігі жойылады деп болжайды (Кутина, 1964). Қазақ терминжүйесіндегі омонимия, синонимия, варианттылық, көп мағыналылық мәселелері туралы қазақ ғалымдары, атап айтқанда Ә. Айтбайұлы (1989), Б. Қалиұлы (1997), Ш. Құрманбайұлы (1998), С. Исакова (2007), Қ. Айдарбек (2010) т.б. зерттеулерінде көрініс тапты.

ХХ ғасырдың 70-80 жылдарында елімізде ғылым мен техникалық терминдерге стандарттау және реттеу жүргізілді. Сол уақытта терминдер мен анықтамаларды, ұсынылатын терминдер жиынтығы, терминологиялық сөздіктерді қолданудың мемлекеттік және халықаралық салалық стандарттары құрылды. Бұл жұмыстардың нәтижесі мынадай қорытынды шығаруға ықпал етеді: терминтануды реттеуге және стандарттауға, оларды саналы түрде бақылауға және өзгертуге болады [5, с. 22].

Дәстүрлі терминтану XX-XXI ғасырлар тоғысында терминнің түзілуі мен қызметі сияқты әлеуметтік-мәдени үдерістердің зерттеуінде концептуалдық және әдістемелік негіздің жоқ екендігін анықтады. Терминтаным тарихы терминді зерттеудің нормацентристік, функционалдық және динамикалық бағыттары іс жүзінде болып жатқан когнитивті-коммуникативті қурделі үдерістерді толық түсіндіре алмайтынын көрсетті. Осыған байланысты терминтанымда жаңа когнитивті бағыт қалыптасты. Когнитивті көзқарас терминді зерттеуге дәстүрлі зерттеу үлгісімен емес, жаңа антропоөзектік ұстаным негізінде талдауға ұмтылады.

Ғалым В.М. Лейчик термин, терминтану, терминжүйеге қатысты жаңа бағыт қалыптасқан аталған кезеңді когнитивті терминтаным кезеңі деп атап, бұл көзқарас бойынша термин арнаулы концептімен вербалданады, таным үдерісінде танылады және жетілдіріледі, сөйлеуде, нақтырақ айтқанда дискурста өзектеледі деп жазды [7, с. 128].

Сана, ойлау және сөйлеудің байланысына сүйенетін лингвистикалық зерттеулердің когнитивті бағыты тілдік білімге дәстүрлі көзқарасты өзгертуі.

Терминологиялық зерттеулердің ойлау туралы ғылымдармен байланысы когнитивті көзқарастардың пайда болуына әкелді. Бұрынғы зерттеулерде анықталған көптеген құбылыстарды жаңаша сипатта қарau ондағы ақпараттарда адамзат дамуының әртүрлі кезеңдеріне сәйкес ойлау типтерін анықтауға мүмкіндік берді. Тілдік фактілерге когнитивті тұрғыдан қарau терминнің анықтамасына жаңаша көзқарас қалыптастырыды (О.Б. Алексеева, М.В. Володина, Ю.А. Воробьева, И.С. Гаврилина, Е.И. Голованова, К.А. Громова, Л.В. Ивина, О.Г. Козловский, Д.И. Лебедев, В.Ф. Новодранова және т.б.), лингвистикалық білімнің жаңа парадигмасында терминологиялық бірліктер концептілер ретінде қарастырылады. Зерттеудің когнитивті бағытындағы нақты мақсаттар туралы пікірталастарға қарамастан, білімді саралаудың барлық үдерістерінде және әлемді танудағы тәжірибелі жинақтауда тілдің рөлі ерекше екендігін бір ауыздан қолдайды. Осы тіл санаға табиғи жолмен жетуді қамтамасыз етеді, себебі «білімге жету үшін, білімімізді көрсету үшін тілді қолданамыз» [32]. О.Г. Козловская терминдер адамзат ойының шығармашылығын, заттар мен түсініктердің вербалданған нәтижесін көрсетеді, сондықтан ойлау қызметін зерттеу тіл мен сөйлеудегі атау берудің когнитивті механизмін түсіндіреді [33, с. 30-32] деп жазады.

Осылайша, терминтану саласында когнитивтік бағыт қалыптасты және оның жоғарыда аталған теориялық ұстанымдары айқындалды. Терминді зерттеудің жаңа бағыты дәстүрлі терминтаным жетістіктерін пайдалана отырып, терминді жасаушы кәсіби тілдік тұлғаның когнитивті үдерістерін зерделеуге, терминді кәсіби қарым-қатынас нәтижесі деп тануды қалыптастырыды. Бұл туралы зерттеуші С.С. Исакова терминді зерттеудегі когнитивтік бағыт дәстүрлі терминтанымның теориялық тұжырымдарын негізге алуы тиіс деп жазады. Себебі ұғым мен термин, термин мен концепт, терминге қойылатын талаптар, терминнің қолданысы, кәсіби қарым-қатынас мәселелері дәстүрлі терминтанымда зерттелді [34, б. 13].

Қазақ терминтанымындағы жаңа бағыт енді дамып келе жатқан сала деп айтуға болады. Ғылымда кез келген жаңа бағыттың пайда болып, дамуына алғышарттар жасалатыны анық. Тіл туралы танымдық ой-пікірлердің бастауын алаш зиялдыларының еңбектерінен кездестіреміз. Ұлт көсемі А. Байтұрсынұлының еңбектерінен тіл мен таным арасындағы байланысты көрсеткен алғашқы пікірлерді көруге болады. Бұл туралы тілші ғалымдар өз зерттеулерінде жазды. Мәселең, ғалым О. Жұбаева А. Байтұрсынұлының ақыл, қиял, көңіл сияқты адам санасының үш негізі сөз өнерін жасайтыны, адамды өзін қоршаған әлемді тануымен ерекшеленетін саналы тұлға деп тануы туралы жазады [35, б. 97]. Көріп отырғанымыздай, когнитивтік терминтаным бастаулары тіл мен танымда жатқандығы туралы алғашқы ойлар алаш зиялдыларының еңбектерінен көрінеді.

Қазақ когнитивтік терминтанымының дамуы мен қалыптасуы туралы Қ. Айдарбек, Б. Сүйерқұл қазақ терминтанымының когнитивтік аспектісі алғаш рет 2007 жылдан бастап сөз бола бастағанын, зерттеушілер дүниенің ғылыми

бейнесі, кәсіби тілдік тұлға, терминнің ақпараттық табиғаты, терминологиялық аталымның уәжділік мәселесіне назар аударған деп жазады [36, б. 88].

Біздің зерттеу жұмысымыздың келесі тараушасы когнитивтік терминтанымның теориясы мен негізгі тұжырымдары мен ұстанымдарын зерделеуге арналады.

1.2 Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары

Өткен тараушада атап көрсеткендей, соңғы кездері антропоөзектік парадигма ұстанымдары терминтану ғылымына еніп, жаңа бағыттағы зерттеулер саны қөбейіп келеді. Когнитивті терминтанымды зерттеушілер (М.Н. Володина, Л.А. Манерко, В.Ф. Новодранова, Е.И. Голованова т.б.) терминді ерекше кәсіби қызметтегі сөз деп анықтап, оны зерттеуге антропоөзектік парадигма аясында пайда болған когнитивті лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология сынды ғылымдардың теориясы мен әдіснамасын пайдалануды ұсынады. Кәсіби маманның санасында дүниенің ғылыми бейнесі қабылданып, өндөліп, вербалдануы арқылы термин жасалатынын және кәсіби дискурста өзектелетінін жан-жақты қарастыру когнитивті терминтанымның зерттеу нысаны болады. Бұл туралы терминолог ғалым С.С. Исакова өзінің зерттеуінде тіліміздегі кез келген атау адам танымы мен оның ойлау үдерісінен тыс жасалмайтынын баса айтады. Затқа не құбылысқа атау беру адам миында өтетін менталды үдеріс нәтижесі деп атап көрсетеді [4, б. 146]. Демек, зерттеушінің тұжырымы бойынша когнитивтік терминтаным дәстүрлі терминтаным шеңберінен шығып, термин жасауда кәсіби тілдік тұлғаның ойлау әрекетін зерттеуге ұмтылады.

Отандық ғалым А.Х. Азаматова когнитивтік терминтанымға пәнаралық сипат тән, ол өзінің басқа ғылымдармен байланысын нығайта отырып, терминді тілдік таңба ретінде ғана емес, оны кәсіби іс-әрекеттің, кәсіби ойлаудың жемісі деп тұжырымдайды [37, с. 69]. Шындығында ғалымның осы пікірін заманауи тіл біліміндегі антропоөзектік парадигманың ұстанымдары дәлелдеп отыр. Тілді сол тілдің иесінің танымымен, ойлау жүйесімен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен бірлікте қарастыру ұстанымы алға шықты. Тіл білімі тарихында қалыптасқан жаңа зерттеу үлгісі дәстүрлі терминтанымның теориясына жаңа тұжырымдар жасауға әкелді деп айтуға негіз бар. Дәстүрлі терминтанымдағы термин мен термин еместің айырмашылығы мен ұқсастығы деген сұрақ енді осы екі тілдік бірліктің қайсысы алғашқы деген философиялық сұраққа айналды. Сондай-ақ, жалпықолданыстағы лексиканың терминдік жүйеге өту механизмдері, заттар мен құбылыс атауларының адам танымымен қатынасы қандай деген сұрақтар жауапты қажет етті.

Дәстүрлі терминтанымда терминдік жүйені нормалау мәселелері көтерілгенімен, ол толық шешімін тапқан жоқ. Терминді саналы түрде басқаруга, реттеуге, біріздендіруге болатыны туралы пікірлер болғанымен, қолданбалы терминтануда атап сұрақтар барлық жағдайда оң нәтижеге қол жеткізген жоқ, терминге қойылатын талаптардың барлық кезде орындала бермейтіні оның үнемі

өзгеріп, дамып, толығып отыратын үздіксіз үдеріс екенін көрсетті. Сондықтан дәстүрлі терминтанымда шешімі табылмаған аталған мәселелерді зерттеу когнитивтік терминтанымның міндегіне айналды.

Ғылымда жаңа зерттеу бағытының дүниеге келуіне белгілі бір алғышарттар болады. Жаңа бағыттың алдыңғы зерттеу үлгілерінен қандай артықшылығы бар деген сұрақтар туындауы заңды. Дәстүрлі терминтаным терминді белгілі бір ғылым мен техника саласының заттары мен құбылыстарын бейнелеуге арналған тілдік таңба ретінде қарастырды. Когнитивтік терминтанымның негізгі айырмашылығы терминді кәсіби тілдік тұлғаның менталды құрылымы ретінде тануында, терминді маманың кәсіби іс-әрекеті мен кәсіби тәжірибесінің нәтижесі деп қабылдаудың болып отыр. Осы тұрғыда осы саланы арнайы зерттеп жүрген ғалым Е.В. Голованова былай деп жазады: «Адамның қарапайым және ғылыми білімді тілде бейнелеу үдерісін зерттеу когнитивтік терминтанымның басты мәселесі болмак, өйткені адамның іс-әрекеті мен тәжірибесі арқылы қабылданатын тілдік білім мен оның санада өнделуі, олардың арасындағы байланысты зерттеу маңызды» [38, с. 5].

Тіл білімінің когнитивті бағыты таным үдерістерін зерттеуге ерекше назар аударады. Бұл туралы ғалым В.Ф. Новодранова когнитивтік терминтанымды кәсіби білім мен оның концептуалдануын зерттеуге бағытталған жаңа ғылым саласы деп сипаттайды [39, с. 89].

Терминтанымға пәнаралық сипат тән, ол философиядан бастап көптеген гуманитарлық ғылым салаларымен тығыз байланысқа түседі. Терминтаным терминнің теориясы мен практикасын, терминдік жүйелерді зерттейді. Терминтаным ұғымы 1990 жылдардан бастап пайда бола бастады. Аталған ұғымның термин ретіндегі алғашқы қолданысын С.В. Гриневтің «Терминтанымға кіріспе» [40] деп аталатын іргелі еңбегінен көздестіреміз. Бұдан кейінгі жылдары ғалымның «Терминтаным терминдерінің тарихи жүйелі сөздігі» [41] еңбегінде кеңінен қолданыс тапты. Осы еңбегінде зерттеуші терминнің табиғатына тән бірқатар белгілерді атап көрсетті. Ғалым терминологиялық жұмыстардың негізгі бағыттары мен мазмұнын, арнаулы лексиканың типологиясын, жеке, типологиялық және салғастырмалы терминтаным мәселелерін, терминтанымның логикалық, семасиологиялық, ономасиологиялық, тарихи функционалды аспектілерін жан-жақты қарастырды. Зерттеуші алғаш рет осы еңбегінде терминнің ғылыми танымдағы рөлі туралы тұжырымдар жасады. С.В. Гринев бұл туралы былай деп жазады: «Терминтанудың ғылыми танымдағы рөлі көпасспектілік және көп қырлы. Ғылыми танымда терминтануды қолданудың кешенді сипаты біздің ойымызша, терминнің гносеологиялық қызметінің төмендегі түрлерінен көрінеді: білімді бекіту, жаңа білімді ашу, білімді жеткізу. Ең алдымен жаңа ұғымға атау беру қажет. Термин ұғымды атап қана қоймайды, ол білімді жинаушы және сақтаушы, кәсіби қарым-қатынас құралы қызметін атқарады» [40, с. 207-213].

Орыс тіл білімінде дүниенің тілдік бейнесіндегі ғылыми және қарапайым білім, ғылыми білім мен технология, лингвокогнитивті үлгілеу аспектіндегі

ғылыми қарым-қатынас, терминнің ұлттық мәдени ерекшелігі мәселелері сөз бола бастады (кесте 1).

Кесте 1 – Когнитивтік терминтанымда дүниенің тілдік бейнесінің зерттелуі

P/c	Авторы	Зерттеудің атауы	Зерттеу түрі
1	А.Е. Тарасов	Национально-культурная специфика космической деятельности. URL: http://www.iiling-ran.ru/library/psylingva/sborniki/Book1998/articles/3_10.htm].	мақала
2	Н.А. Мишанкина	Научная коммуникация в аспекте лингвокогнитивного моделирования // Вестник Томского государственного университета. - 2010. № 1 (9). - С. 70-79.	мақала
3	Н.Ф. Алефиренко	Научное и обыденное в языковой картине мира // Вестник Челябинского государственного университета. - 2011. - № 24 (239). Филология. Искусствоведение. - Вып. 57. - С. 11-14.	мақала
5	Г.Г. Ершова	Воспроизведение научного знания и технологий как характеристика антропосистемы// Мир психологии. – 2013. - №3 – С. 50-65	мақала

Терминнің ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы А.Е. Тарасов былай деп жазады: «Кез келген жаңа құбылысты атау үшін ғалым сол тілдің сөздік қорына жүгінеді. Тілде бұрыннан бар лексикалық мағыналарды саралай отырып, жаңа ұғымға атау іздейді. Ғалым жаңа құбылыстың атауы сол тілде сөйлейтін тілдік қауымдастықта түсінікті болуы үшін таңдал алған сөздің мағынасы жаңа ұғымға менzeуін ескереді. Жаңа ұғымға бекітілген термин сол тілдік қауымдастықтың мәдениетінің бір бөлшегі болып саналады. Сондықтан ол терминде ұлттық-мәдени ерекшелік көрініс табуы занды құбылыс» [42]. Осындай пікірді ғалым Н.Ф. Алефиренко енбекінен де кездестіруге болады. Зерттеуші дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің арасындағы құрделі байланысты сипаттай келе, олардың арасындағы ортақ және айырым белгілерді анықтайды, дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің этномәдени ерекшеліктерінің қалыптасуына әсер ететін факторларды талдайды. Н.Ф. Алефиренко дүниенің ғылыми бейнесі белгілі бір ұлт тілінің ерекшелігіне, діліне, әдет-тұрпына тәуелді болмағанымен, дүниенің тілдік бейнесінің дүниенің ғылыми бейнесіне ықпалын жоққа шығаруға болмайды, ғылымның барлығы табиғи тілді пайдаланады деп тұжырымдайды [43, с. 11-14].

М.Н. Володина терминді арнаулы ақпаратты жеткізу қуралы деп анықтады. Ғалым бұқаралық ақпарат құралдары терминдерінің когнитивтік-

ақпараттық табиғатын арнайы зерттеп, терминнің мазмұнында кәсіби ақпарат болатындығын дәлелдеді (кесте 2).

Кесте 2 – Терминнің ақпараттық табиғатының зерттелуі

P/c	Авторы	Зерттеудің атауы	Зерттеу түрі
1	М.Н. Володина	Термин как средство специальной информации. - М.: Изд-во МГУ, 1996. - 80 с.	Монография
2	М.Н. Володина	Когнитивно-информационная природа термина (на материале терминологии средств массовой информации). - М.: Изд-во МГУ, 2000. - 128 с.	монография

Зерттеуші ғалым М.Н. Володина терминнің когнитивті-ақпараттық табиғатын арнайы зерттеген монографиясында төмендегідей тұжырымдар жасайды: «Терминге атау беру тілдің ақпараттық-терминологиялық саласында өтетін атауыштық қызметті білдіреді, мұнда адам терминологиялық ақпаратты қабылдайды, өндейді, кодтайды, жасайды және сақтайды. Терминологиялық ақпараттың көзі адамдардың қоғамдық-тәннымдық тәжірибесі болып саналады. Терминологиялық ақпараттың қалыптасу негізі сөздің лексикалық мағынасы арқылы берілген қоршаған орта туралы білімдер жүйесін құрайды. Терминге атау беруге когнитивті-ақпараттық сипат тән, өйткені тәннимдық әрекеттің дамуы үшін қажетті арнаулы білімнің ақпараттық жүйесін құруши адамдардың тілдік санаасы арқылы терминдер қалыптасады» [44, с. 72]. Ғалымның пікірін қолдай отырып, біз өз тараپымыздан термин кәсіби-ғылыми іс-әрекет үдерісіне қажетті арнаулы білімді жеткізетін когнитивті-ақпараттық құрылымға ие деп тұжырымдаймыз.

М.В. Прищепенко (2006), Е.И. Гуреева (2007), К.В. Данилов (2009) т.б. терминологиялық концепт, кәсіби концепт мәселелерін зерттеді. С.П. Хижняк (2014) терминді дискурстық аспектіде зерттеп, дискурсты терминологиялық білімнің қалыптасу ортасы деп анықтады. Термин жасаудың тілдік және когнитивтік аспектілерін қарастырып, терминдік жүйелер дүниенің тілдік бейнесінің ерекше қабатын құрайды деп тұжырымдады [45, с. 175-181]. Салалық терминдерге когнитивтік талдау жасалды (Л.М-Р. Аллафи, 2004; Э.А. Сорокина, 2007; Е.А. Слоева, 2007; Е.Д. Макаренко, 2008; О.С. Зaborовская, Д.Ю. Криницкий, 2011; Е.С. Закирова, Е.В. Швецова, 2011; С.И. Маджаева, 2012 т.б.), салғастырмалы терминтаным когнитивтік ғылымның әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып зерттелді (И.Ю. Бережанская, 2005; М.А. Левина, 2015 т.б.), салалық терминдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі (Е.С. Максименко, 2002), терминдік жүйе антропоөзектік парадигма аясында қарастырылды (Л.И. Баранникова, 1999; В.А. Чернышова, 2011).

Когнитивтік терминтанымның теориялық мәселелері В.М. Лейчиктің, М.Н. Володинаның, Е.И. Голованованың Л.М. Алексееваның, С.Л.

Мишланованың, Л.А. Манерконың, В.Ф. Новодранованың т.б. зерттеулерінде сөз болды. Аталған ғалымдар дәстүрлі терминтанымның жетістіктерін пайдалана отырып, когнитивтік терминтаным идеяларын дамытты. Мысалы, дәстүрлі терминтаным өкілі Л.М. Лейчик терминтанымдағы жаңа кезеңді бесінші кезең деп атады [46, б. 165]. Ғалым терминді зерттеудегі когнитивтік-дискурстық бағыттың дамуына үлкен үлес қосты. Ғалым 1987 жылдан бастап терминдік жүйедегі концептуалдық құрылымдар туралы, ғылыми қызметтегі тілдік сана мәселесін, терминжасамдағы білім қоры және оның логикамен байланысы, терминдерді зерттеуде жаңа әдістерді пайдалану туралы жаза бастады. Аталған ізденістер ғалымның 2000 жылдары жарық көрген когнитивтік терминтанымның ұғымдық аппаратын нақтылау, мәтін мен тіл арақатынасындағы терминдердің орнын анықтау, дискурс-сөйлеу-мәтін семантикасындағы терминнің қызметі туралы зерттеулеріне негіз болды. Ғалымның В.Ф. Новодрановамен бірлескен авторлықта жазған ұғым және концепт арақатынасын анықтауға ұмтылған еңбегінің (2002) теориялық маңызы зор. Осындай құнды еңбектерінің бірі – С.Д. Шеловпен бірлесе отырып зерттеген «Ресей терминтанымы: ескі және жаңа парадигмаларды синтездеу тәжірибесі» (2004) деп аталатын еңбек. Зерттеуде терминтанымдағы дәстүрлі және когнитивті парадигмалардың тоғысу түйінін және айырмашылықтарын көрсетеді.

Л.А. Манерко 2003 жылы «Терминтанымның когнитивті-коммуникативті негіздері мен шығу көздері» зерттеуінде терминтанымдағы жаңа бағыттың пайда болу себептерін анықтап, жалпы терминтанымның даму кезеңдерін айқындады. Ғалым ғылым мен техника тілін категоризациялау, заманауи техника тілінің өзегі мен шеткери аймағы деген мәселелерді зерттеді. 2000 жылдардан бастап когнитивті терминтаным мәселелерімен жүйелі түрде айналысқан зерттеушінің бірі - В.Ф. Новодранова. Ғалым ғаламның тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі, термин мен ұғым, терминнің қалыптасуындағы кәсіби дискурстық орны, тілдік таным мен ғылыми танымның арақатынасы деген сұрақтар төңірегінде зерттеулер жүргізді.

Е.В. Голованова терминтанымның когнитивті-коммуникативті парадигма ясасында дамуына назар аударып, тіл мен білім когнитивтік терминтанымның негізгі мәселесі деп тұжырымдады. Ғалым арнаулы білімнің метафоралануын кәсіби ортадағы когнитивтік механизмдер ретінде қарастырды. Терминологиялық атап берудің когнитивтік аспектілерін, кәсіби қарым-қатынас тілін, кәсіби тілдік тұлғаның мазмұны мен құрылымын анықтады [38, с. 45-89].

Қазақ тіл білімінде антропоөзектік парадигманың дүниеге келуі жаңа зерттеу бағыттарының мақсаты мен міндеттерін айқындап берді. Тіліміздегі когнитивтік бағыт қазақ терминтанымының жаңа идеялардың ықпалымен зерттелуіне негіз болды. Танымдық тіл білімінің негізгі сұрақтары тіл мен таным, тіл мен білім, білімнің адам санасында қабылдану, өндөлу, жарыққа шығу, сақталу, жеткізілу үдерістерімен байланысты екені анық. Пікірімізді нақтылай тұсу үшін С.С. Исакованың қазіргі терминтаным үздіксіз даму үстінде, оның ғылыми аппараты күн сайын толығуда, өйткені ғылым дамыған сайын жаңа терминдер дүниеге келеді [47, б. 19] деген ойын келтіруге болады. Демек, бүтінгі

терминтанымдағы заманауи зерттеулер терминдік атаулар мен теориялық-тәжірибелік білімнің байланысын түсіндіруге ұмтылады.

Қазақ тіл білімінде когнитивті терминтаным жаңа антропоөзектік парадигманың ұстанымдары негізінде пайда болды деп айтқанымызбен, жаңа ұғымға атап беру, жаңа терминдер жасау, оның ұғымдық және мазмұндық ерекшелігіне назар аудару алаш зиялышарының еңбектерінен бастау алатынын айтуымыз керек. Тіліміздің терминдерін арнайы зерттеп жүрген Ө. Айтбаев, А. Әбдірахманов, Б. Қалиұлы, С. Ақаев, Ш. Құрманбайұлы т.б. ғалымдар еңбектерінде аталған мәселе назардан тыс қалған жоқ. А. Байтұрынұлының пән сөздерін жасау қағидаттары мен терминжасам ұстанымдары тілші ғалымдар тарапынан жан-жақты зерттелді. Ғалым Р. Нұргалиев терминнің анықтamasы нақты және көлемді болуы керек деп көрсетеді [48, с. 19].

А. Байтұрынұлы еңбектеріндегі когнитивтік терминтаным алғышарттарын ғалым С.С. Исакова былай деп сипаттайды: «Галымның «Тіл – құрал» еңбегіндегі қазақ тіл білімі ұғымдарының тууы, пәндік ұғымдарға сәйкес келетін атаудың таңдалуы, мағыналарының нақтылануы ғалымның ойлау үдерісінің нәтижесінде пайда болғанын көрсетеді. Сонымен бірге тек ойлау үдерісі емес, дискурстық жағдаятта өткендігін айтуға болады. Ғалым қазақ тіл білімі туралы жазған ғылыми мәтіндері арқылы өзінің когнитивтік іс-әрекетін көрсетеді, сол ғылым саласының ұғымдар жүйесін қалыптастыруға ұмтылады. Ұғым атауы ретінде таңдал алған пән сөзінің когнитивтік-семантикалық құрылышын терең зерделеуден өткізеді. Ғалым пән сөздерін жасау барысында келесідей когнитивтік іс-әрекеттер жасайды: қазақ балаларын сауаттандыру үшін оқулық жазуды, пән сөздерін жасауды негіздеуі; тілді үйрету, оның әдістемесін құрастыру, тіл біліміндегі шетелдік әдебиеттермен танысады, сынни көзқараспен зерделейді, өзіндік тұжырымдар жасайды; әріптестерімен ой бөліседі, ғылыми қауымдастық алдында пікір білдіреді, баяндама жасайды, ұсынған пән атауын талқылауға салады т.б.» [49, р. 55].

Кез келген термин тындарманға түсінікті болуы керек, бұл терминге қойылатын талаптардың ең негізгісі саналады. Бұл туралы А. Байтұрынұлы былай деп жазады: «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтулады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек» [50, б. 352]. Ғалым ұғым мен сөздің бір-біріне сәйкес келуі оны түсінудің кепілі екенін атап көрсетіп отыр. Осындағы ұстанымды ғалымның жасаған терминдерінің әрбірінен көруге болады, сондықтан да олар күні бүгінге дейін халық илігіне айналып отыр.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтанымға арналған зерттеулер орыс тіл білімімен салыстырғанда (орыс тіл білімінде монография, докторлық, кандидаттық диссертация, мақала түріндегі 100-ден аса еңбек жарық көрген) ете аз. Қазақ когнитивтік терминтанымы 2007-2022 жылдар аралығында 1 кандидаттық, 2 докторлық, 1 философия докторы дәрежесіне іздену үшін жазылған диссертацияның зерттеу нысанына айналған. Төмендегі кестеге (кесте 3) назар аударыңыз.

Кесте 3 – Қазақ когнитивтік терминтанымының диссертация деңгейінде зерттелуі

P/c	Авторы	Зерттеудің атауы
1	М.Т. Қожаева	Аударматану терминдерінің когнитивтік-семантикалық құрылымы: 10.02.02 – Қазақ тілі: филол. ғыл. канд. ... дисс. – Алматы, 2007. - 133 б.
2	А.Х. Азamatова	Метаязық лингвистики: семантика, прагматика: Дисс. на соискание ученой степени д.филол.н. – Алматы, 2008. – 296 с.
3	С.С. Исакова	Қазақ терминтанымының когнитивтік-прагматикалық аспектісі: 10.02.02 – Қазақ тілі: филол. ғыл. док.... дисс. – Алматы, 2008. – 354 б.
4	Н.У. Абдуллина	Қазақ тіліндегі терминологиялық бірліктерді қалыптастырудың когнитивтік құрылымдар репрезентациясы: 6D021300 – Лингвистика: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2022. – 171 б.

М.Т. Қожаева тілімізде когнитивтік терминтанымың зерттелу деңгейіне назар аудару қажеттегін былай деп сипаттайды: «Қазақ тілінің терминдері белгілі шамада терминологиялық аталымның соңғы нәтижесі, өнімі ретінде қарастырылды (Ш. Құрманбайұлы), сонымен қатар лингвистикалық бірліктер ретінде олардың тілдік қасиеттері мен белгілері толық зерттеліп пайдаланылды (Ә. Айтбаев). Дегенмен, қазақ терминдерін аталымдау мен функциялауда адамның танымдық және менталдық қызметі (когниция) лингвистикалық зерттеу пәні болып қалыптаса қойған жоқ» [51, б. 18]. Зерттеуші терминнің когнитивтік сипатын ашу үшін атау мәнді құрделі құрылымдардың семалық белгілерін анықтап, дефинициясына талдау жасау қажеттігін айтады, ғылыми ұғымның тілдік санада қабылданып, өндөліп, сөз арқылы бекітілуіндегі ойлау үдерістерін талдау маңызды деп көрсетеді.

А.Х. Азamatова зерттеуінде тіл білімі метатіліндегі терминологиялық аталымның когнитивті-прагматикалық ерекшелігін сипаттаған. Тіл білімі метатілі жүйелілік, прагматикалық, құрылымдық-семантикалық, лексикографиялық аспектіде жан-жақты зерттелген. Терминдердің лингвотерминологиялық қеңістікте өтетін өзара байланысы мен ерекшелігі анықталған. Кірме терминдердің, жаңадан жасалған терминдердің пайда болу үдерістері, мағыналық ерекшеліктері сараланған [52].

С.С. Исакова зерттеуінде когнитивтік терминтаным, терминдерді реттеу теориясының метатілін анықтаған, терминологиялық нормалау мәселелерін қарастырған. Кәсіби тілдік тұлға ұғымын талдай отырып, оның тілдік таңбалық жүйесімен байланысы көрсетілген. Ғалым қоғамдық ғылымдар терминдері бойынша терминнің кәсіби тілдік тұлға дискурсының бірлігі екенін дәлелдеген. Зерттеуші дәстүрлі терминтаным мен когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдарын салыстыра отырып талдаған [22, б. 117-229]. Зерттеуші:

«Когнитивтік терминтанымның басты принципі адаммен байланыс болып табылады, бұл оны антропоцентристік тұрғыдан, ал әдеттегі терминтаным теориясын терминцентристік және лингвоцентристік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді» деп атап көрсетеді [22, б. 185]. Н.У. Абдуллина қазақ тіл білімі терминдерінің когнитивтік сипатын анықтауға ұмтылыс жасаған [53].

Қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтаным бойынша екі монография жарыққа шыққан. Төмендегі кестеге (кесте 4) назар аударыңыз.

Кесте 4 – Қазақ когнитивтік терминтанымның монографиялық деңгейде зерттелуі

P/c	Авторы	Зерттеудің атаяуы
1	С.С. Исакова	Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі.– Алматы: М-стиль, 2007. – 159 б.
2	С.С. Исакова	Қазақ терминтанымының ақпараттық және концептуалдық сипаты. Монография. – Ақтөбе: «Шығыл баспа», 2021. - 192 бет.

Біз жинаған материалдар бойынша қазақ когнитивтік терминтанымына арналған 24 мақала анықталды. Төменде (кесте 5) оларды хронологиялық ретпен ұсынамыз.

Кесте 5 – Қазақ когнитивтік терминтанымның мақала деңгейінде зерттелуінің хронологиялық кестесі

P/c	Авторы	Зерттеудің атаяуы
		1 2 3
1	А.Х. Азаматова	Специфика терминологической информации // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. 2012. - №3(137). -С.67-70.
2	Ш. Нұрмұшева	Ғылыми дискурс және кәсіби тілдік тұлға // «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2012.
3	Қ.Ж. Айдарбек	Когнитивтік терминтанымның негізгі категориялары мен үғымдары // Тілтаным. – № 1. – 2013. – 73-78-бб.
4	Қ.Ж. Айдарбек	Ғылыми дискурстағы терминденудің когнитивтік тетіктері // Тілтаным. – № 4. – 2013. – 18-23-бб.
5	Қ.Ж. Айдарбек	Қазіргі терминтанымның антропоәзектік парадигмадағы сипаты // Ізденис. – № 4. – 2013. – 45-51-бб.
6	Б.С. Жонкешов	Кәсіби тілдік тұлға туралы түсінік // Тілтаным. – № 2. – 2013. – 52-57-бб.
7	Н. Әшімбаева	Қазақ тіліндегі кәсіби тілдік тұлға дискурсының кешенді қарастырылуы // Тілтаным. – № 4. – 2013. – 17-22-бб.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
8	Ш. Нұрмышева	Ғылыми стиль және ғылыми дискурс ерекшеліктері // «Ахмет Байтұрысынұлы – қазақ руханиятының көсемі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2013. – 239-243-бб.
9	Ш. Нұрмышева	Аударматану терминдерінің когнитивтік сипаты // Тілтаным. – № 2. – 2013. – 79-83-бб.
10	Ш. Нұрмышева	Терминдерді аудару – екінші деңгейлі дискурс мәселесі // ҚазҰУ Хабаршысы. – № 4. – 2013. – 181-184-бб.
11	Ш. Нұрмышева	Концепт ұғымы және ғылыми коммуникация // Тілтаным. – № 3. – 2014.
12	С.С. Исакова, С.А. Кожина	Когнитивная структура термина воровство в казахском и английском языках // Вестник Кокшетауского государственного университета им. Ш.Ш. Уалиханова. 2016. №2, 135-140 б.
13	Қ.Ж. Айдарбек, Б.М. Сүйерқұл	Когнитивтік терминтанымдағы дискурс мәселелері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. -№2 (160). – 2016 – Б.86-90.
14	С.С. Исакова, С.А. Кожина	Қазақ-ағылшын тілдеріндегі «ЗАН\Law» концептісінің когнитивтік құрылымы // Наука и жизнь Казахстана. 2016. №2/2(37), 216-221 б.
15	С.С. Исакова	Қазақ терминтанымдағы тіл мен білім мәселесі // Вестник ЗКГУ. 2016. №3/63, 190-198 б.
16	С.С. Исакова	Когнитивная структура термина // Вестник ЗКГУ. 2015. №2/58, 189-193 б.
17	О.С. Жұбаева, Ж.Н. Сулейменова, А.Б. Сарбалина	Қазақ тіл білімі терминдері: когнитивтік негіздері// Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. - 2019. - № 1(173). - С. 95-101.
18	С.С. Исакова, К.Т. Алтайбекова	Терминологиялық аталымның когнитивтік аспектісі // Наука и жизнь Казахстана. 2019. №12/3, 256-262 б.
19	С.С. Исакова, А.К. Картаева, К.Е. Есенова	Дүниенің ғылыми бейнесіндегі ұлттық-мәдени ерекшеліктің сипатталуы // Вестник КГУ им.Ш. Уалиханова. 2019. №1, 94-98 стр.
20	С.С. Исакова, К.Т. Алтайбекова, С.Н. Саменова	Терминтанымдағы заманауи когнитивті зерттеулер // Вестник КГУ им.Ш. Уалиханова. 2020. №1, 9-15 стр.
21	С.С. Исакова, Ұ. Әділбаева	Көсіби білімнің концептуалдану және категоризациялану ерекшеліктері // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. 2020, №5/2. 347-352 бб.
22	Б.К. Хасангалиева, С.С. Исакова, Г.Р.Әлімбек	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. №4/2023. 162-176 бб.

5 – кестенің жалғасы

1	2	3
23	S.S. Issakova, N.N. Zerkina, G.G. Ermekbayeva	The problem of cognitive terminology in the works of A. Baitursynuly // Вестник АРУ им. К.Жубанова. №1, 2023. 53-62 стр.
24	Б.К. Хасангалиева, С.С. Исакова, А.С. Исакова	Терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдері // Абылай хан атындағы ҚХҚжӘТУ Хабаршысы, Филология ғылымдары сериясы, Том 74 № 3 (2024), 322-343 бб.

Берілген кестеден (кесте 5) көріп отырғанымыздай, қазақ тіл білімінде терминологиялық ақпарат, ғылыми дискурс, кәсіби тілдік тұлға, когнитивтік терминтанымның негізгі ұғымдары, ғылыми стиль және ғылыми дискурс, концепт ұғымы мен ғылыми қарым-қатынас, терминнің когнитивтік құрылымы, тіл және білім мәселесі, дүниенің ғылыми бейнесіндегі ұлттық мәдени ерекшелік, кәсіби білімнің концептуалдану және категоризациялануң ерекшеліктері, терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдері, А. Байтұрсынұлының еңбектеріндегі когнитивтік терминжасам мәселелері қарастырылған. Аталған сұрақтар когнитивтік терминжасам теориясының өзекті мәселелерін қамтиды. Салалық терминдердің когнитивтік сипаты, салғастырмалы терминтаным мәселелеріне арналған зерттеулер аз еkenі байқалады. Салалық терминдер бойынша қоғамдық ғылымдар, тіл білімі, аударматану, заң саласының терминдері когнитивтік тұрғыдан зерделенген. Салғастырмалы терминтаным бойынша заң саласының тірек концептілері арнайы зерделенгені байқалады. Қалған ғылым салаларын когнитивтік терминтаным ұстанымдарын пайдалана отырып зерттеу өзекті болып отыр. Тақырып бойынша зерттеу материалдарына шолу жасау терминді фреймдік талдауға қазақ тіл білімінде назар аударылмағанын көрсетті. Аталған мәселе орыс тіл білімінде де екі-үш зерттеуден аспайды. Осы тұрғыдан алғанда терминологиялық жүйені фреймдік көзқарас тұрғысынан зерделеудің кезек күттірмейтін мәселе еkenін және бұл біздің зерттеу тақырыбымыздың өзектілігін тағы бір мәрте дәлелдей түсептінің айтқышымыз келеді.

Зерттеушілер терминді когнитивті аспектіде зерттеуде ғалымдар заманауи лингвистикалық білімдерде өзекті болып саналатын жалпы әдістемелік ұстанымдарға сүйенеді: экспансонизм, ментализм, антропоөзектілік және экспланаторлық [5, с. 15].

Экспансонизм – (1997 жылы Е.С. Кубрякова ұсынған термин) тіл білімінің басқа ғылымдардың (психология, мәдениеттану, әлеуметтану т.б.) категориялық аппараттары мен әдіс-тәсілдерін пайдалануы. Осыған байланысты тіл білімінің ауқымы кеңейіп, пәнаралық сипатқа ие болды, бұл тілдің ішкі табигатын терең түсінуге көмектеседі.

Антропоөзектілік – тілдік құбылыстарға когнитивті түрғыдан қараудың ең негізгі үлгісі болып табылады. Оның мәні адамзаттың когнитивті қабілеттерін терең және толық танудағы тілдің әртүрлі жақтарын зерттеуде болып отыр. Антропоөзектілік өз кезегінде менталды механизмдерге жүгінеді, сондықтан менталдық ұстанымы терминдерді зерттеуде когнитивті аспектінің жетекші бағыты болып саналады, себебі ментализмді адамдардың әлем туралы ақпаратты қалай алатыны қызықтырады. Зерттеушілер басты назарды тілдің мазмұндық жағына, яғни семантикасына аударып отырғандығын айтамыз.

Экспланаторлық – когнитивті көзқарастың жетекші ұстанымы тілдік құбылыстар нақты факт ретінде сипатталып қоймайды, оларға түсініктеме беріледі. Тілдік құбылыстарды түсіндіру сол тілдің тұтынушыларының менталды ерекшеліктерін айқындауды [5, с. 15].

Когнитивтік терминтаным туралы шетелдік және отандық зерттеулерге шолу жасау терминді когнитивтік көзқарас түрғысынан зерттеудің төмендегідей ұстанымдарын айқындауға мүмкіндік берді:

1. Терминнің анықтамасына деген көзқарастың өзгеруі. Бұл туралы отандық зерттеуші С.С. Исакова дәстүрлі терминтанымдағы терминнің анықтамасын және оған тән белгілерді талдай отырып, мынадай тұжырым жасайды: «Терминге берілген анықтамадан байқап отырғанымыздай, терминнің ғылыми ұғым атауы екені, тілдік бірлік, белгілі бір терминология мүшесі, оның анықтамасының болатындығы, негізінен қандай сөз таптарынан жасалатыны, атауыштық қызметі, арнаулы салада қолданылатынына назар аударылған. Ал термин арқылы берілетін білім мазмұны, оның ғылыми таным арқылы пайда болатыны, белгілі бір ғалымның немесе маманның ойлау үдерісінің нәтижесі екендігі туралы айтылмаған. Соңғы жылдары пайда болып, қарқынды дамып келе жатқан тіл білімінің жаңа зерттеу үлгісі терминнің аталған қырларына ерекше назар аударып отыр. Осымен байланысты термин мен оның анықтамасына, жалпы терминдік жүйеге деген когнитивтік көзқарас қалыптасып келеді. Когнитивтік тіл білімі тілдік құбылыстарды тіл сөйлерменінің танымы мен ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырады. Егер қарпайым жалпы қолданыстағы сөз тіл сөйлерменінің қоршаған органды танып, оның ерекше белгілерін негізге ала отырып, күрделі ойлау үдерісінің нәтижесінде затқа немесе құбылысқа берген атауы болса, термин белгілі бір ғылым саласындағы ғалымның немесе маманның іс-әрекеті нәтижесінде пайда болған ғылыми ұғым атауы болып шығады. Терминге атау беруде де, оның анықтамасын белгілеуде де арнаулы сала маманының күрделі ойлау үдерісі маңызды орын алады» [54, б. 190-191]. Демек, дәстүрлі терминтанымда термин белгілі бір ғылым саласының заттары мен құбылыстарының атауын білдіретін тілдік таңба деп танылса, когнитивтік терминтанымда терминді тек ғылыми ұғымның атауы ғана емес, кәсіби маманың ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде зерделенеді.

2. Тілдік таңба мен менталды құрылымдардың арасындағы байланысты анықтаудың жаңа ұстанымы. Менталды құрылым деп отырғанымыз терминнің тілдік таңба атап тұрған ұғымдары мен мағыналары. Терминде ғылыми білім қалай бекітіледі, терминдік жүйеде тіл мен ойлаудың танымдық үдерістері қалай

байланысады деген сұрақтар туындағы. Бұл туралы В.А. Звегинцев былай деп жазады: «... терминде арнаулы ғылым саласының таным нәтижелері бекітіледі» [55, с. 45]. В.М. Лейчиктің термин мен ұғымның байланысы туралы пікірлері назар аудартады. Ғалымның пікірінше, термин атап тұрған ұғым сол жүйедегі басқа ұғымдармен байланысты болады, сөйкесінше термин басқа терминдермен байланысты және сол терминдік жүйенің бірлігі болып саналады [7, с. 78]. Термин арнайы білімнің атауыштық бірлігі ретінде тек қоршаған орта нысандарын атап қана қоймайды, сонымен қатар адамзат қызметінің таным ұдерісінің нәтижесі болып табылады және дүние туралы түсініктердің жиынтығын тіл арқылы бейнелейді. Сонымен бірге, терминнің анықтамасы оның жүйелілігі және табиғи тілге жататындығын көрсетеді. Когнитивті терминтаным түрғысынан алғанда, термин таным ұдерісінде жасалады, өндөледі және өзгеріске ұшырай отырып дискурста материалданады [5, с. 8].

3. Терминнің қызметі туралы пікірлердің толығуы. Дәстүрлі терминтанымда терминнің атауыштық, анықтамалық қызметтеріне көбірек назар аударылды. Атауыштық қызмет терминге де, жалпы қолданыстағы сөзге де тән. Зерттеуші Е.И. Голованова терминнің когнитивтік қызметтері ретінде коммуникативтік, ақпараттық, эвристикалық, прагматикалық, бағыт-бағдар беру, дидактикалық қызметтерін атап көрсетеді [38, с. 76-78]. «Терминнің когнитивтік қызметінің ішінде бағыт-бағдар беру қызметін ерекше атап көрсетуге болады. Арнаулы сала тілінің негізін құрайтын терминдерді кәсіби мамандар іс-әрекетінің когнитивтік-коммуникативтік кеңістігі түрғысынан қарастыру оның когнитивтік қызметін анықтауға ықпал етеді. Әрбір арнаулы когнитивтік-коммуникативтік кеңістікте терминдер маманың концептуалды құралы ретінде қызмет атқарады, маманың кәсіби ойлауына бағыт-бағдар береді, кәсіби іс-әрекет пен ойлау ұдерісіне тұрткі болады, соның нәтижесінде ғылымда жаңа ойлар, пікірлер, ұғымдар мен түсініктер, терминдер қалыптасады. Терминнің бағыт-бағдар беру қызметі термин алғаш пайда болған кезден көрініс табады» [54, б. 194]. Терминнің атқаратын қызметінің және оларға деген көзқарастардың көптігі терминнің күрделі құбылыс екендігін, оның ғылыми дискурста атқаратын қызметтерін талдауға жаңа қырынан келу қажеттігін көрсетеді.

4. Терминді үнемі даму үстінде болатын құрылым деп тану ұстанымы. Дәстүрлі терминтанымда терминнің анықтамасы оған қойылатын талап ретінде сипатталды, бірақ оның ғылымның дамуы мен ғылыми ой-пікірлердің толығуы нәтижесінде өзгеріске ұшырап отыратындығы назарға алынбады. Бұл туралы терминтанушы ғалымдар В.М. Лейчик [7, с. 69-71], Е.И. Голованова [38, с. 39] терминнің анықтамасы шартты болады, оның мазмұны ғылымның даму деңгейі мен кәсіби тілдік тұлғаның құзіреттілігіне байланысты өзгерістерге ұшырап, толығып отырады деп жазады. Осы тұжырымды растай отырып, отандық зерттеуші С.С. Исакова қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем, оның түрлері туралы ғылыми түсініктері мен көзқарастарының біртіндеп даму сатысынан өткендігін талдай келе былай деп жазады: «...Берілген мысалдан ғылымның үнемі дамып, толығып, жаңарып отыратындығын аңғару қын емес. А.

Байтұрынұлы жіктеген құрмалас сөйлемнің түрлері өзінен кейінгі тілші ғалымдарға ой салып, әрі қарай теренірек зерттеуге жетелегені, соның нәтижесінде Қ. Жұбанов құрмалас сөйлем емес құрделі сөйлем деген терминді ұсынып, оны салалас және сабактас деп топтастыруға әкеледі. Одан кейінгі ғалымдардың осы мәселе бойынша ғылыми ойлау үдерістері мен когнитивтік-коммуникативтік қеңістіктегі кәсіби іс-әрекеттері құрмалас сөйлемнің анықтамасына көптеген толықтырулар енгізгенін байқау қын емес. Демек, терминді кәсіби когниция мен кәсіби қарым-қатынастың өзара байланысы нәтижесінде пайда болған тілдік бірлік деп тануымыз қажет» [54, б. 194-195].

5. «Кәсіби тілдік тұлға – когнитивтік терминтаным категориясы» ұстанымы. Л.М. Алексеева, С.Л. Мишланова кәсіби тілдік тұлғаға тән негізгі сипаттарды төмендегіше көрсетеді: 1. Кәсіби маманның өзі таңдаған ғылым саласын біртіндеп игеруіне бағытталған іс-әрекеті; Осындағы іс-әрекет арқылы жинақталған кәсіби тәжірибе түрлі қыындықтағы кәсіптің қыр-сырын меңгеріп, оны шешетін құзіреттіліктерді қалыптастырады. 2. Кәсіби тілдік тұлға әлеуметтік көп қызметтілікпен сипатталады. Ол кәсіби қызметті атқару барысында бірнеше әлеуметтік рөлдерді атқаруы мүмкін. Кәсіби тілдік тұлғаға әртүрлі әлеуметтік рөлдерді орындауға қарапайым сана қажет болады. Ол әлеуметтік рөлдерді менгеру арқылы біртіндеп дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал ететін кәсіби рөлді игеруге қол жеткізеді. 3. Кәсіби тілдік тұлғаның дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруының тағы бір жолы – білім алу үдерісі. Тұлға өзінің білімін қарапайымнан құрделіге өту ұстанымы арқылы біртіндеп толықтырып отырады [56, с. 102]. Кәсіби тілдік тұлға құрылымын анықтайтын негізгі фактор маманның коммуникативтік-кәсіби ортасы болып саналады. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы болашақ маманның білімімен, кәсіби тәжірибесімен және психологиялық бағдарымен анықталады.

6. Термин мен концепт арақатынасы ұстанымы. Термин мен концепті байланысына қатысты ғалымдар арасында түрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, терминнің когнитивтік мәнін ашуда концепт, фрейм, сценарий сияқты когнитивтік лингвистиканың ұғымдарын пайдалануды (Л.Ю. Буюнова, 2013; Е.И. Голованова, 2011) ұсынады. Л.Ю. Буюнова терминологиялық концептінің ұғым терминнің синонимі деп анықтайды [57, с. 17]. Отандық зерттеушілер Г.З. Абдыбаева, М.К. Шайжанов, А.Ж. Досанова терминологиялық концепт анықтаманың толықтығымен, лексика-семантикалық жүйенің болуымен сипатталады деп жазады [58, с. 130]. Зерттеушілердің пікірі бойынша, термин концепті болу үшін оның анықтамасы болуы керек және ол анықтама оның мағынасын толық ашуы тиіс. Бұл тұжырым екі сұрақ туғызады: біріншіден, терминнің анықтамасының болуы туралы мәселе дәстүрлі терминтанымда қарастырылды, сондықтан когнитивтік терминтанымда терминологиялық концепті анықтаманың болуымен сипатталады деген пікір қаншалықты негізді деген ой туады; екіншіден, егер терминологиялық концепт анықтаманың толықтығымен сипатталса, онда анықтамасы болмайтын (кейбір терминдердің анықтамасы терминнің атауында көрініс табады) немесе нөлдік анықтамаға ие терминдер концепті болмай ма деген сұрақ туындаиды. Сондықтан ғалымдардың

осы тұжырымдарымен келісу қын дей отырып, бұл мәселе әлі де зерттеуді қажет етеді деп есептейміз. Е.И. Голованова «концепт» терминінің когнитивтік терминтанымда қолдану мүмкіндігін былайша сипаттайды. Ғалымның пікірі бойынша, термин ұғым атауы ретінде белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі негізінде жасалады, демек табиғи тілдегі концептілер жалпықолданыстағы сөздер негізінде сөзжасамдық, семантикалық және синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады. Жалпықолданыстағы сөздерде қарапайым білім бейнеленеді, дегенмен сол қарапайым білімнен арнайы ғылыми білім пайда болады. Ғылыми метафора мен терминологиялық фразеологизмдердің концептісін түсіндіру мүмкін емес, ойткені мұндай терминдерде қарапайым білім мен кәсіби білімнің байланысы анық көрініс табады [38, с. 29-30]. Біз өз тарапымыздан Е.И. Голованованаң пікірін қолдай отырып, термин-концепт бір жағынан дүниенің ғылыми бейнесінің белгілі бір бөлшегі туралы ақпаратты біздің санамызда сақтайтын менталды құрылым болса, екінші жағынан термин-концепт мәдениеттің негізгі бірлігі болып саналады. Бұл әсіресе ұлттық-мәдени белгісі басым болып келетін терминжүйелерде жиі кездеседі. Ендігі кезекте дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарын анықтауға ұмтыламыз.

1.2.1 Дүниенің ғылыми бейнесі және кәсіби тілдік тұлға ұғымдарының анықталуы

Дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарының арақатынасын анықтау үшін дүние бейнесі, дүниенің концептуалды бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі, дүниенің ұлттық бейнесі ұғымдарын анықтау қажет болады.

Дүние бейнесі ұғымы адамзат пайда болғаннан бастап бар болғанымен, оны ғылыми түргыдан зерттеу соңғы жылдардың нәтижесі деуге болады. Дүние бейнесі ұғымы күрделі құбылыс, ол философия, психология, мәдениеттану, әдебиеттану, тіл білімі сияқты ғылым салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Бізді дүние бейнесі ұғымының тілші ғалымдар тарапынан анықталуы қызықтырады. Сондықтан төменде дүние бейнесі ұғымына берілген анықтамаларды кесте (кесте 6) түрінде ұсынамыз.

Кесте 6 – Дүние бейнесі ұғымының анықталуы

Авторы	Дүние бейнесі ұғымының анықтамасы
1	2
В.И. Постовалова (1988)	Дүние бейнесі – адамның барлық белсенді әрекетінің (заттықтанымдық белсенділік, әлем туралы түсініктер, дүниені тану және пайымдау т.б.) нәтижесі [59, с. 19-20].
Т.В. Цивьян (1990)	Дүние бейнесі – адам және оны қоршаған орта туралы ақпаратты өндеу нәтижесі [60, с. 5].
Г.В. Колшанский (1990)	Дүние бейнесі дегеніміз адам санасында шындық дүниенің бейнеленуі [61, с. 15].

6 – кестенің жалғасы

1	2
E.A. Керімбаев (1992)	Галам бейнесі субъектінің объектіні тануға бағытталған әрекетінің көрінісі, рухани және тарихи бастауларының синтезі [62, б. 48].
М. Хайдеггер (1998)	Дүние бейнесі қоршаған шындықтың бейнесін білдірмейді, дүниенің бейне, сурет ретінде танылуын білдіреді [63, с. 103].
В.А. Маслова (2001)	Дүние бейнесі – адамның өзін қоршаған орта туралы ақпаратты өндөу нәтижесі [64, с. 64].
В.И. Карасик (2002)	Дүние бейнесі – ұжымдық санадағы шындық дүние бейнесінің толық жиынтығы [65, с. 47].
М.В. Пименова (2002)	Дүние бейнесі дегеніміз субъектінің қоршаған шындық дүние немесе ой-санасындағы дүниеге қатысты білімдері мен пікірлерінің жиынтығы [66, с. 118].
З.Д. Попова, И.А. Стернин (2002)	Қоғамдық (сонымен бірге топтық, жеке) санада қалыптасқан қоршаған дүние туралы реттелген білімдер бейнесі [67, с. 4].
С.Г. Тер-Минасова (2008)	Адам дүниені танып, оны өзінің санасына сініреді, танылған дүние өндөледі, тіл арқылы тілдік қауымдастықтың басқа мүшелеріне жеткізіледі, осыны дүние бейнесі дейміз [68, с. 40].
Ю.С. Абрамова, Т.А. Ларина (2017)	Дүние бейнесі дүниені айнадағыдай дәл танытпайды, ол дүниені нақты субъект (жеке немесе ұжым) танымы арқылы бейнелейді, себебі дүние бейнесін қалыптастыратын адам [69, с. 56].
А.Б. Әмірбекова (2019)	Дүние бейнесі дегеніміз бізді қоршаған шындық және жалған болмыстың санамызда бейнеленуі [70, б. 42].
З.Б. Хожиева (2021)	Дүние бейнесі дегеніміз адам санасындағы қоршаған дүние бейнесінің тіл арқылы жарыққа шығуы [71, с. 15].
Б. Тілеубердиев (2007)	Галам бейнесі өзгермелі, құбылмалы үдеріс. Оған динамикалық сипат тән. Дүние бейнесі қоршаған болмыс туралы ұжымдық санада қалыптасқан ұғымдар мен түсініктерден, рухани және мәдени құндылықтар жүйесінен, философиялық және дуниетанымдық көзқарастардан тұрады [72, б. 14].

Дүние бейнесі ұғымы шетелдік және отандық ғалымдар тараپынан біршама зерттелгені анықталды. Қазақ тіл білімінде дүние бейнесі, дүние суреті, ғалам бейнесі деген терминдер қатар қолданылатыны анықталды. Аталған терминдердің ішінде дүние бейнесі ұғымы жиі қолданылады. Біз де өз тараපымыздан осы терминнің тілімізде бекітілуіне өз үлесімізді қосқымыз келеді, сондыктан дүние бейнесі терминін қолданамыз. Кестеде (кесте 6) берілген анықтамалардың басым бөлігінен көріп отырғанымыздай, дүние бейнесі дегеніміз адамның өзін қоршаған дүниені тану үдерісінің нәтижесі, қоғамдық санадағы әлем туралы білімдер жиынтығы болып шығады. Берілген анықтамалардың ішінен біз М. Хайдеггердің тұжырымына ерекше назар аудардық. Ғалымның «дүние бейнесі қоршаған шындықтың бейнесін білдірмейді» деген пікірін құптай отырып, өз тараපымыздан шындық әлемді

толықтай тану мүмкін емес, өйткені бізді қоршаған дүние сан алуан, бір-бірімен байланысты күрделі құбылыс, оны адамзат пайда болғаннан бастап тануға ұмтылып келеді деп тұжырымдаймыз. Ойымызды дәлелдей тұсу үшін Б. Қалиевтің «Объективті дүниенің тұтастай бейнесі – бүкіл дүниенің жалпы бейнесі, реалды бейне. Оны ешкім, ешқашан тіл құралдары арқылы бүтіндей жасап бере алмайды. Өйткені оны тұтастай жасау мүмкін емес» [73, б. 146-147] деген пікірін келтіруге болады. М. Хайдеггердің анықтамасындағы «дүниенің бейне, сурет ретінде танылуын білдіреді» деген пікірінен тілдік қауымдастық санаасында әлемдегі заттар мен құбылыстар қандай бейне туғызыса, соны дүние бейнесі деп түсіну керек екені аңғарылады. Осы пікірді толықтыра түсетін екінші анықтама зерттеушілер Ю.С. Абрамова, Т.А. Ларинаға тиесілі. Ғалымдардың пікірі бойынша, дүние бейнесі деп жүргеніміз бізді қоршаған шындық әлемнің дәлме-дәл көшірмесі емес, ол жеке адамның немесе ұжымның дүниемен белсенді қарым-қатынасының нәтижесінде пайда болатын танымдық үдерісінің жемісі болып шығады. Зерттеушілер дүние бейнесін қалыптастыратын субъект екеніне назар аударады. Кестеде (кесте 6) ұсынылған анықтамаларды талдау барысы мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді: дүние бейнесі кешенді ұғым, ол мәдениет, ғылым, өнер, білім, жеке тәжірибе мен тілдік қарым-қатынас ықпалымен қалыптасатын, адамның шындық әлем туралы білімдері мен наым-сенімдері, түсініктерін бейнелейді.

Тіл біліміндегі дүние бейнесі ұғымы белгілі бір тілдік қауымдастық мүшелерінің дүниені қабылдау ерекшелігін анықтайтын және сол тілде бекітілген қоршаған дүние туралы түсініктерінің жиынтығы болып шығады. Дүние бейнесінің тілдегі көрінісі туралы айтқанда, дүниенің тілдік бейнесі ұғымын анықтау қажеттігі туындаиды.

Дүниенің тілдік бейнесі ұғымы В. Фон Гумбольдттың идеяларынан бастау алады. В. Фон Гумольдт тіл мен ойлаудың ұлттық мазмұнына алғашқылардың бірі болып назар аударған ғалым болып саналады. Ғалымның пікірінше, әрбір тіл сол ұлттың қайталанбас ойлау және қабылдау ерекшелігін айқындайды [74, с. 324]. В. Фон Гумольдт тілдің ішкі мазмұны идеясын дамыта отырып, тіл адам баласының баға жетпес құндылығы екенін атап көрсетіп, тілде әрбір тіл сөйлерменің дүниені қабылдау сыйбасы жасалады деп тұжырымдады.

Дүниенің тілдік бейнесі ұғымы Э. Сепир және Б. Уорфтың енбектерінде жан-жақты зерттелді. Зерттеушілер Сепир-Уорф болжамы деген атпен белгілі теорияны ұсына отырып, тіл әртүрлі тілдік қауымдастықтар үшін қайталанбас дүниенің тілдік бейнесін жасайды, адамның ойлауы мен қабылдауын анықтайды деп тұжырымдады [75].

Й.Л. Вайсгербер дүниенің тілдік бейнесі ұғымын ғылыми айналымға алғаш енгізген ғалым болып саналады. ғалым дүниенің тілдік бейнесін тілдік қауымдастық мәдениеті мен ділінің рухани ерекшелігін қалыптастыратын барлық мазмұндар жүйесі деп анықтады [76]. Е.С. Яковleva тілде бекітілген және сол тілдік ұжымның дүниені қабылдауының ерекше үлгісін дүниенің тілдік бейнесі деп анықтайды [77, с. 74]. О.А. Корнилов дүниенің тілдік бейнесін адам санаасында әлем бейнесінің өндөлу нәтижесінде тілде екінші дүниенің бейнеленуі

деп тұсіндіреді [78, с. 112]. Ғалымның екінші дүние деп отырғаны әрбір адам әлемді өзінше таниды, өзінің ой-өрісі, танымы мен тұсінігі арқылы дүниенің тілдік бейнесін жасайды дегенге саяды. Бұл туралы ғалым Б. Қалиев жалпы дүние бейнесінің бір бөлігін дүниенің тілдік бейнесі деп таниды және оның құрамдастарын жасайды. Зерттеуші дүниенің тілдік бейнесінің дүниенің жалпы немесе концептуалды бейнесімен теңдестіруге болмайды деп жазады. Дүниенің тілдік бейнесін жасайтын адам екенін еске салады, сондыктан оны адамның дүниетанымымен байланыста қарастыру қажеттігін алға тартады. Дүниенің тілдік бейнесінің әртүрлі болу себебі де осында жатыр деп қорытындылайды [73, б. 147]. Демек, дүниенің тілдік бейнесі адамдардың қоршаған дүниемен қарым-қатынас барысында жинаған білімдері мен тәжірибелерінің жиынтығы болып шығады. Ю.Д. Апресян дүниенің тілдік бейнесін дүниенің қарапайым бейнесі терминімен барабар деп, адамның күнделікті тәжірибесі арқылы жинақталған қарапайым білімдер жиынтығы тілдік бірліктерден көрініс табады деп тұжырымдайды [79]. Ғалымның дүниенің тілдік бейнесі мен дүниенің қарапайым бейнесін теңестіруімен келісу қын. Аталған екі ұғымның бір-бірімен байланысты екені даусыз, бірақ олар тең емес. Дүниенің қарапайым бейнесі адамда ешқандай ғылыми білімге сүйенбей, күнделікті тәжірибе негізінде қалыптасады. Оған нағым-сенім, халықтық даналығы, стереотиптер, күнделікті пайым жатады. Дүниенің қарапайым бейнесі болмысты субъективті қабылдауды бейнелейді. Оған мифологиялық, фольклорлық таным-тұсініктер кіреді. Дүниенің тілдік бейнесі шындық дүниені тіл арқылы концептуалдау тәсілі болып саналады. Дүниенің тілдік бейнесінде халықтың мәдениеті мен тарихы, дүниетанымдық ерекшеліктері бекітіледі. Дүниенің қарапайым бейнесі дүниенің тілдік бейнесі арқылы көрініс табады, себебі тіл шындық дүние туралы қарапайым тұсініктерді бейнелейді. Осы тұрғыдан аталған екі ұғым бір-бірімен байланысады. Дегенмен дүниенің тілдік бейнесінің ауқымы кең, өйткені онда тек қана қарапайым тұсініктер ғана емес, халықтың әлеуметтік, тарихи және мәдени ерекшеліктері көрініс табады. Зерттеу нысанымызға байланысты көз аурулары туралы дүниенің қарапайым бейнесіне мысал келтірейік. Көз аурулары туралы дүниенің қарапайым бейнесі дегеніміз адамның күнделікті тәжірибесінде оның қалыптастырған тұсініктері мен пікірлері, көзқарастары. Олар көз, көздің көруі, көз аурулары туралы мәселелердің тұсіндірудің дәстүрлі тәсілдеріне, тұрмыстық бақылау мен халықтық нағым-сенімге негізделеді. Төмендегі кестеге (кесте 7) назар аударыңыз:

Кесте 7 – Көз аурулары туралы дүниенің қарапайым бейнесі

Қарапайым тұсінік	Ғылыми тұсіндірме
1	2
Қараңғыда көп оқысаң, соқыр болып қаласын.	Жарығы нашар жерде оқу соқырлық туғызбайды, бірақ көздің шаршауына және көздің көруінің уақытша нашарлауына әкелуі мүмкін.

7 – кестенің жалғасы

1	2
Баланы қорқытпаса, көзінің қылилығы жазылады.	Қылилық – көз бұлшық еттері немесе жүйесі жұмыстарының бұзылуымен байланысты медициналық ауытқу. Офтальмологта емделуді талап етеді.
Күнге ұзақ қарап тұруға болмайды.	Күн көзіне тіке қарау көздің тор қабығын күйдіруі және көздің көрмеуіне әкелуі мүмкін.
Көзің ауырса, қолынды тый.	Көздің ауыруы инфекциядан, көздің ішкі қан қысымының жоғарылауынан немесе шаршауынан болуы мүмкін.
Сәбіз көздің көруін жақсартады.	Сәбізде көзге пайдалы А дәрумені бар, егер ол дәруменге тапшылық болмаса, көздің көруін жақсартпайды.
Көзінді қолынмен уқалауға болмайды.	Көзді қолмен уақалау қауіпті, себебі көзге инфекция түсіі немесе көздің қарашығын зақымдауы мүмкін.

Демек, дүниенің қарапайым бейнесі шынайы дүниені тұрмыстық бақылау мен пайым және мәдени стереотиптер негізінде өзгертіп бейнелейді. Көз ауруларына қатысты мәселені ғылыми білімге сүйене отырып шешу және офтальмолог маманның кеңесіне жүгіну қажет болады. Сонымен, дүниенің қарапайым бейнесі – дүние туралы күнделікті, ғылымға дейінгі түсініктер жиынтығы, дүниенің тілдік бейнесі – тіл арқылы бейнеленген концептілер жүйесі. Басқаша айтқанда, дүниенің қарапайым бейнесі дегеніміз адамдардың дүниені қалай бар, солай қабылдауы болып шығады, дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз сол қабылдау санамызда қалай бекітіледі және тіл арқылы қалай жарыққа шығатынымен анықталады. Бұл ойымызды ғалым И. Айбаршаның дүниенің тілдік бейнесін анықтаған тұжырымы нақтылай түседі. Тіл мен мәдениеттің байланысына зер салған ғалым дүниенің тілдік суреті ұжымдық және ұлттық мәдени байланыстың жемісі, рухани мәдениеттің тіліміздегі көрінісі деп тұжырымдайды [80, б. 29].

Ғалым А.Б. Әмірбекова дүниенің тілдік бейнесі туралы жаза келе, адам санасында дүние туралы түсінік психикалық әрекет нәтижесінде пайда болады дейді. Зерттеушінің пайымдауынша, сезімдік қабылдау деп аталатын бірінші деңгей адамның сезім мүшелері негізінде жүзеге асады. Қабылданған ақпараттар туралы санада түсініктің қалыптасуын екінші деңгей деп санайды. Адамның қоршаған дүниені қабылдауының үшінші деңгейі ойдың вербалдануы, яғни сөзге айналуы деп жазады. Санадағы аталған ойлау үдерістері дүниенің тілдік бейнесін құрайды. Ол концептілерден тұрады [70, б. 42]. Ғалымның пікірін таратар болсақ, адам өзін қоршаған дүниені сезімдік қабылдау мүшелері арқылы қабылдайды, санада ойлау операцияларының көмегімен қабылданған ақпарат өнделеді, нәтижесінде түсініктер қалыптасады, қалыптасқан түсініктерден ұғым пайда болады, ұғымдардан концепт құралады. Концепті адам санасындағы менталды құрылым. Ол қарым-қатынас қажеттілігіне қарай жарыққа шығады,

яғни вербалданады. Дүниенің тілдік бейнесі концептілер арқылы бейнеленіп, дүниенің концептуалдық бейнесін құрайды.

Дүниенің тілдік бейнесі мен дүниенің концептуалды бейнесі бір-бірімен байланысты, бірақ тең емес. Дүниенің концептуалды бейнесі тәжірибе, ойлау, мәдениет, ғылым, тілдің негізінде адам санасында қалыптасқан дүние туралы түсініктер жүйесі болып саналады. Дүниенің концептуалды бейнесі дүниенің қарапайым және ғылыми бейнелерін қамтиды. Ол тек тілдің негізінде қалыптаспайды, сонымен бірге сезімдік қабылдау, логикалық ойлау, көкейкөз сияқты таным арналары арқылы да қалыптасады. Дүниенің тілдік бейнесі дегеніміз шындық дүниенің тіл арқылы құрылымдау тәсілі болып табылады. Ол дүниенің қабылдаудың мәдени және ұлттық ерекшелігін бейнелейді. Дүниенің тілдік бейнесі сол тіл сөйлерменіне маңызды концептілерді бейнелейді, бірақ ол дүниенің концептуалды бейнесін түгелдей қамти алмайды, өйткені ойлау тілден кең. Аталған екі ұғымның арақатынасын төмендегі кестеден (Кесте 8) көреміз.

Кесте 8 – Дүниенің концептуалды бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі ұғымдарының арақатынасы

Дүниенің концептуалды бейнесі	Дүниенің тілдік бейнесі
Дүниенің концептуалды бейнесі тілдік бейнеге қарағанда кең. Ол тілді ғана емес, танымның басқа формаларын да қамтиды. Тіл ойлауга ықпал етеді, бірақ ойлау тілмен ғана шектелмейді. Адам санасында сөзбен жеткізе алмайтын түсініктер болуы мүмкін.	Дүниенің тілдік бейнесі дүниенің концептуалды бейнесінің бір бөлігі. Біз тіл арқылы жекелеген концептілерді білдіреміз және бекітеміз, бірақ барлық білім тіл арқылы берілмейді.
Дүниенің концептуалды бейнесі – адам санасындағы барлық дүние бейнесі.	Дүниенің тілдік бейнесі – сөзбен білдіруге болатын дүниенің бір ғана бөлігі.
Дүниенің концептуалды бейнесі – дүниеге деген кең көзқарас.	Дүниенің тілдік бейнесі – қоршаған дүниенің вербалдануы.

Дүниенің концептуалды бейнесі философия, тіл білімі, мәдениеттану т.б. әртүрлі ғылым салаларында зерттеледі. Ғалымдар дүниенің концептуалды бейнесінің бірнеше түрін бөліп көрсетеді. Дүниенің концептуалды бейнесінің түрлері: дүниенің қарапайым бейнесі (Ю.С. Степанов, В.И. Постовалова және т.б.), дүниенің ғылыми бейнесі (Л.В. Щерба, А.А. Леонтьев және т.б.), дүниенің мифологиялық бейнесі (К. Леви-Стросс, А.Ф. Лосев және т.б.), дүниенің діни бейнесі (М. Элиаде, С.С. Аверинцев және т.б.), дүниенің көркем бейнесі (М.М. Бахтин, Ю.М. Лотман және т.б.), дүниенің тілдік бейнесі (В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф және т.б.).

В.С. Шмаков дүниенің ғылыми бейнесін анықтауда бірнеше анықтаманың бар екенін айтады. Зерттеушінің пікірі бойынша, дүниенің ғылыми бейнесі біріншіден, философиялық білімнің бір бөлігі ретінде; екіншіден, ғылыми дүниетанымның құрамдас бөлігі ретінде; үшіншіден, ғылыми білімді жүйелеу

формасы ретінде; төртіншіден, дүниенің ғылыми бейнесі зерттеу бағдарламасы ретінде анықталады [81, с. 150]. Көрсетілген анықтамалардың ішінен А.О. Корнилов үшінші, яғни дүниенің ғылыми бейнесі ғылыми білімді жүйелеу формасы, барлық ғылымдардың жиынтығы деген анықтаманы қолдайды [78, с. 7]. А.О. Корнилов дүниенің ғылыми бейнесіне тән бірнеше белгіні атап көрсетіп, олардың негізгі тұжырымдарын анықтайды [78, с. 12-13]. Төмендегі кестеде (кесте 9) аталған тұжырымдарды ұсынамыз.

Кесте 9 – Дүниенің ғылыми бейнесіне тән негізгі белгілер және олардың сипаттамалары (А.О. Корнилов бойынша)

Дүниенің ғылыми бейнесіне тән негізгі белгілер және олардың сипаттамалары	
1	
1.	Дүниенің ғылыми бейнесі үнемі өзгеріс үстінде болады. Бұл ғылымның үздіксіз дамуымен байланысты орын алады. Дүние туралы ұжымдық ғылыми білім үнемі толығып отырады, кейбір теориялар мен тұжырымдарға көзқарас өзгереді, қайта қарастырылады, теріске шығарылады, түзетіледі, жаңа білім қалыптасады. Осы өзгерістер ғылымға жаңа терминдерді әкеледі, бұрынғы терминдер мағыналық жағынан толыға түседі. Дүниенің ғылыми бейнесі үнемі өзгере отырып, қоршаған дүниені барынша шынайы бейнелеуге ұмтылады.
2.	Дүниенің ғылыми бейнесі қоршаған шындық дүниенің бір бөлшегі ғана болып қала береді, өйткені объективті дүниені толық тану мүмкін емес. Бұдан танымның шегі болмайды және дүниені ешқашан толық тану мүмкін емес деген жалпыфилософиялық екі қағида шығады.
3.	Дүниенің ғылыми бейнесі барлық тілдік қауымдастық үшін әмбебап, өйткені ғылыми білім объективті, ол тілдік субъективизмге, қандай да бір халықтың тіліне, діліне, әдет-ғұрыптына, құндылық жүйесіне, ұлттық мәдениетіне тәуелді емес.
4.	Барлық халықтар үшін біртұтас мағыналы инвариантқа ие бола отырып, дүниенің ғылыми бейнесі әр ұлттық тілде өзіндік терминологияны қалыптастыру арқылы ұлттық бірегейлікке қол жеткізеді. Дүниенің ғылыми бейнесінің ұлттық тілдік формасы ешқашан дүниенің ғылыми бейнесінің мағыналық жағына әсер етпейді, тек әмбебап білімді белгілі бір тілдік қауымдастықтың қажеттіліктеріне бейімдейді.
5.	Дүниенің ғылыми бейнесі ғылыми білімді жасау, алу, сақтау, жеткізу сияқты ғылыми дәстүрі қалыптасқан халықтарда ұлттық тіл негізінде жасалады. Егер мұндай дәстүр қалыптаспаса немесе даму деңгейі тәмен болса, дүниенің ғылыми бейнесінің мазмұны: а) ғылымы мен өндірісі дамыған, ғылыми басым бағыттары жетістікке жеткен тілдің тілдік формасында; б) белгілі бір білім саласында өзіндік ғылыми мектебі жоқ және басқа халықтың күшті мәдени (және, тиісінше, тілдік) ықпалын сезінетін осы тілдік ұжымға ғылыми білімді беру кезінде делдал болып табылатын сол ұлттық тілдің тілдік формасында көрініс табады.
6.	Дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық-тілдік формасы толық, ішінара және мұлдем болмауы мүмкін. Бұл бірнеше факторларға байланысты. Біріншіден, осы салада білімнің алғашқы жинақталуы қашан және қай тілде жүзеге асырылды, қай тілде бастапқыда негізгі ұжымдар тұжырымдалды. Мысалы, ғылыми қолданысқа енген лазер термині барлық ұлттық терминологияда өзгеріссіз алынған. Бұл терминнің этимологиясы осы ғылыми бағыттың дамуы қай тілде жүргізілгенін дәл көрсетеді:

9 – кестенің жалғасы

1

лазер – бұл ағылшын тіліндегі (light amplification by stimulated emission of radiation) аббревиатура. Егер ғылыми білімнің осы саласындағы ізашарлар басқа ұлттық тілдің ана тілінде сөйлейтін болса, онда жаңа ұғым дәл осы тілде тұжырымдалып, ғылыми қолданысқа мүлдем басқа аббревиатура енер еді. Екіншіден, бұл білімнің осы саласын кейіннен белгілі бір тілдік қауымдастық ғалымдары қаншалықты қарқынды дамытқанына, осы тілде өзінің ғылыми мектебін, өзінің ғылыми дәстүрін қалыптастырғанына байланысты. Ұлттық тілде ресімделген дүниенің ғылыми бейнесі, егер осы тілде сөйлейтіндер ғылыми білімнің барлық спектрі бойынша ғылыми зерттеулер жүргізсе ғана болады.

Дүниенің ғылыми бейнесінің А.О. Корнилов ұсынған негізгі белгілеріне назар аударайық. Ғалым анықтаған бірінші белгі дүниенің ғылыми бейнесінің динамикалық сипатын анықтайды. Дүниенің ғылыми бейнесі бір орнында тұрмайды, өйткені ғылымның дамуы адамның танымдық іс-әрекетімен тығыз байланысты. Адам өзін қоршаған дүниені танып-білу арқылы оны игереді, одан өзіне қажетті заттарды жасайды, адам танымы тереңдеген сайын ғылым алға басады. Бұл туралы Б. Қалиев ғылым мен танымға динамикалық сипат тән екенін атап көрсетеді. Адам танымы өскен сайын ғылым да дамиды, бұрынғы заңдар, идеялар, ұстанымдар жаңарып, толығып отырады [73, б. 176]. А.О. Корнилов ұсынған екінші белгі дүниенің ғылыми бейнесі концептуалдық бейненің бір бөлігі, яғни белгілі бір ғылым саласы бойынша ғалымдар таныған бейне дегенді білдіреді. Ғылымды тану – сан салалы, әрі құрделі құбылыс. Бұл ойымызды ғалым Б. Қалиевтің мына пікірі дәлелдей түседі: Бейненің қай түрі болса да, дүниені абсолютті тұрде дәлме дәл бейнелеп бере алмайды. Өйткені, дүниенің шынайы сырын түгел тану және оны дәл білу мүмкін емес. Себебі, дүниенің сыры сан қырлы және қат-қабат. Олар адамның көзі мен ойы (көкірек көзі) жете алмайтын теренде жатуы мүмкін [73, б. 179].

А.О. Корнилов анықтаған үшінші және төртінші белгілерге қатысты ойлануды қажет ететін мәселелер бар. Біріншіден, ғалымның ұсынған үшінші және төртінші белгісі бір-біріне қайшылық туғызып тұр. Мәселен, ғалымның пікірінше, үшінші белгі дүниенің тілдік бейнесі барлық ұлттарға ортақ, ол субъективті көзқарасқа, ұлттың тіліне, тарихына, мәдениетіне тәуелді емес деп сипатталады, ал төртінші белгі әр ұлттық тілде өзіндік терминологияны қалыптастыру арқылы ұлттық бірегейлікке қол жеткізеді және дүниенің ғылыми бейнесінің ішкі мазмұны өзгермейді, тек сыртқы тілдік формасы ұлттық сипат алады және сол ұлттың қажеттілігіне бейімделеді деп анықталады. Пікір қайшылығы «дүниенің ғылыми бейнесіне тарих, мәдениет, діл, дін т.б. әсер етпейді, ол барлық халықтарда бірдей болады» деген тұжырым мен «ұлттық тілде өзіндік терминология қалыптасады, бірақ ол терминнің ішкі мазмұнын өзгертпейді» деген тұжырымдардан көрінеді. Егер дүниенің ғылыми бейнесінің бірлігі термин барлық халықтарға ортақ болса, онда ұлттық-мәдени ерекшелік қайdan болады деген сұрақ туындаиды. Зерттеушінің жоғарыда талданған пікірі

нақты ғылымдардың атаулар жүйелері бойынша жасалғаны анық көрінеді, дегенмен жаратылыстану ғылымдарына зер салатын болсақ, ұлттық-мәдени ерекшелік терминнің ішкі мазмұнынан да байқалады. Бұл ойымызды С.П. Хижняктың мына пікірлері нақталай түседі: «Кез келген ғылымдағы қандай да бір жаңалықты белгілі бір ұлт өкілі ашады, демек жаңа идея ұлттық тіл негізінде жасалады, содан кейін әлемге таратылады, жалпы адамзаттық игілікке айналады. Тіпті кейде ұзақ жылдар бір ұлт шеңберінде дамитын жағдайлары да кездеседі» [82, с. 44]. Осындай тұжырымды отандық зерттеушілер С.С. Исакова, А.К. Картаева, К.Е. Есенованың «Дүниенің ғылыми бейнесінде ұлттық-мәдени ерекшеліктің сипатталуы» зерттеуінде құрылышы әртүрлі үш тіл материалы бойынша ежелгі заң терминдеріндегі ұлттық-мәдени өзгешелікті анықтайды. Зерттеушілердің пікірі бойынша кез келген елдің тарихи даму ерекшелігіне байланысты оның құқықтық жүйесі де дамиды. Адамның өркениетке ұмтылышы қофамдық қатынастарды, олардың құқықтық нормаларын қалыптастыруды қажет етті. Әр мемлекет өзінің даму деңгейіне байланысты экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерімен сипатталады [83, б. 94].

Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі адам санасында қоршаған дүниені бейнелеудің екі түрлі, бірақ өзара байланысты тәсілі болып саналады.

Дүниенің тілдік бейнесі – тілде бекітілген дүние туралы білімдер жүйесі. Ол тіл сөйлермендерінің тарихи және мәдени тәжірибесі нәтижесінде қалыптасады. Дүниенің ғылыми бейнесі – дүние туралы ғылыми фактілерге, зандар мен теорияларға негізделген, жүйеленген түсініктер. Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің айырмашылығын кестеде (кесте 10) көрсетеміз.

Кесте 10 – Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің айырмашылығы

Өлшем-шарттары	Дүниенің тілдік бейнесі	Дүниенің ғылыми бейнесі
Негізі	Қарапайым тәжірибе, әдет-ғұрып, мәдениет	Логика, эксперимент, дәлел
Білім көзі	Тіл, халық даналығы, миф	Ғылыми зерттеу, теория және практика
Өзгермелілік	Баяу өзгереді	Жылдам дамиды
Қолданыс аясы	Қарапайым сана, қунделікті қарым-қатынас	Ғылыми орта, кәсіп саласы
Шынайылық деңгейі	Субъективті және мифологиялық сипат тән	Шынайы фактілерге сүйенеді

Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің өзара байланысын төмендегі кестеде (кесте 11) ұсынамыз.

Кесте 11 – Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің өзара байланыс

Өзара байланыс сипаты	Мысалы
Дүниенің ғылыми бейнесі тіл арқылы көрініс табады. Ғылым шынайылыққа ұмтылғанымен, ол білімді тілде бекітілген терминдер, символдар, таңбалар, метафоралар арқылы жеткізеді.	Kөз түбі, көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы т.б. Heavy eye, ndritic keratitis, pink eye, pindle cell.
Тіл дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді. Әртүрлі тілдер білімді түрліше құрылымдайды.	Kөз 1. Адамның, жан-жануарлардың көру мүшесі. 2. Заттың жіп я басқа да бір нәрсе өткізетін тесігі. 3. Бір нәрсенің шығар жері, қойнауы. 4. Бір нәрсенің нақты өз басы. 5. Өткеннен қалған нәрсе; біреуге арналған ескерткіш, мұра, үрпақ [84, б. 404]. Eye 1. Either of the two organs on the face that you see with. 2. - eyed (in adjectives) having the type or number of eyes mentioned. 3. the ability to see. 4. a particular way of seeing something. 5. the hole in the end of a needle that you put the thread through on clothes. 6. a small thin piece of metal curved round, that a small hook fits into, used for fastening clothes. 7. the eye of a/the storm, tornado, hurricane, etc. a calm area at the centre of a storm, etc. 8. a dark mark on a potato from which another plant will grow [85].
Ғылыми жаңалық дүниенің тілдік бейнесін өзгертуі мүмкін.	Мысалы, осыдан бірнеше жыл бұрын сары дақтың бұзылсының тиімді емдеу тәсілі болған жоқ. Қазір лазер технологиясының көмегімен көз ауруының бұл турін емдеу мүмкін болды. Офтальмология саласындағы бұл жаңалық лазерлік коагулация терминің ғылым тіліне әкелді яғни, жарықтың шағын лазерлік сөүлесінің әсер етуімен дерпті тамырларды бұзу және олардағы қан кетуін тежеу [86].

Сонымен, дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі танымның түрлі деңгейлерін бейнелейді. Дүниенің тілдік бейнесі мәдениетте қалыптасан күнделікті дүниетанымды білдірсе, дүниенің ғылыми бейнесі логикаға, тәжірибеге және теориялық үлгілерге сүйенеді. Олар өзара байланысты, ғылым тілді жарықта шығару құралы ретінде пайдаланса, тіл ғылымның даму деңгейіне бейімделеді.

Дүниенің ғылыми бейнесін жасайтын кәсіби тілдік түлға. Когнитивтік терминтанымның зерттеу нысандарының маңыздысы - кәсіби тілдік түлға

ұғымы. Когнитивтік терминтанымға арналған зерттеулердің ішінен аталған мәселені көтеріп жүрген ғалымдар саны көп емес. Ғылыми білімді зерттеу мен зерделеуде кәсіби тілдік тұлға мәселесін орыс терминтанымында алғаш көтеріп жүрген ғалымдар қатарына Е.И. Голованова, В.Ф. Новодранова, С.Л. Мишланова, М.Н. Панова, Е.В. Харченко, Л.А. Шкатова, А.Д. Самигуллина, Л.П. Грунина, А.Г. Широколобованы атауға болады. Қазақ терминтанымында С.С. Исакова, А.Х. Азamatова, А.С. Кожинаны атауға болады.

Кәсіби тілдік тұлға ұғымының анықталуына назар аударайық (кесте 12):

Кесте 12 – Кәсіби тілдік тұлға ұғымының анықталуы

Авторы	Анықтамасы
Ю.Н. Каулов (1989)	Кәсіби тілдік тұлға – кәсіби ортада тілді мақсатты тұрға жүмсауға ниеті мен қабілеті бар, арнайы ғылым саласы бойынша білімі бар кәсіби қарым-қатынас субъектісі [87, с. 9].
С.Л. Мишланова (2001)	Кәсіби тілдік тұлға – сөйлеу мінез-құлқы өзі тиесілі кәсіби қауымдастықтың нормалары мен құндылықтарымен анықталатын адам [88, с. 15].
Г.В. Кубиц (2005)	Дискурстық қабілеттің қажетті кәсіби қоры мен арнаулы тілді менгерген, өзіне тән кәсіби тілдік белгілері бар, кәсіби дүние бейнесі қалыптасқан коммуникативті-шығармашыл тұлға кәсіби тілдік тұлға болып саналады [89, с. 6].
С.С. Исакова (2008)	Кәсіби тілдік тұлға – өзін қоршаган дүниені тану арқылы кәсіби мақсатқа жетуді көздейтін, тілдік құралдарды кәсіби дискурста тиімді пайдалана алатын тіл сөйлермені [22, б. 225].
В.Ф. Новодранова (2009)	Кәсіби тілдік тұлға – бұл кәсіби ойлау мен дүниенің концептуалдану ерекшелігіне байланысты өзінің тілдік құзыреттілігін қалыптастыратын жеке тұлға [90, с. 75].
Е.И. Голованова (2011)	Кәсіби тілдік тұлға деп адамның санасынан, мінез-құлқынан, іс-әрекетінен көрінетін және ерекше кәсіби-мәдени ортада қалыптасқан интеллектуалды, әлеуметтік-мәдени және моралдық қасиеттерінің жиынтығын түсінеміз [38, с. 188].

Берілген анықтамаларға назар аударсақ, Ю.Н. Каулов кәсіби тілдік тұлғаға мотивациялық, іс-әрекеттік және когнитивтік, тілдік деңгейлер тән екенін айта келе, кәсіби тілдік тұлға тілді мәтін, жүйе және қабілет ретінде бейнелейді деп көрсетеді. Ғалым кәсіби тілдік тұлғаны кәсіби қарым-қатынасқа жақын ұғым және ол адамның кәсіби деңгейде сөйлесе алу қабілеті деп анықтайды. С.Л. Мишланова кәсіби тілдік тұлғаның сөйлеу мінез-құлқы сол кәсіби ортада қалыптасады, кәсіби ұжымның құндылықтар жүйесі мен әлеуметтік нормалары оған ықпал етеді. Зерттеуші әлеуметтік рөлдердің кәсіби тілдік тұлғаның кәсіби санасын, кәсіби дүние бейнесін қалыптастырудығы маңызын көрсетеді. Г.В. Кубиц кәсіби тілдік тұлғаны анықтауда кәсіби дискурстың, дискурстық қабілеттің орнын көрсетуге ұмтылады. Кәсіби тілдік тұлға күнделікті кәсіби қарым-қатынас барысында арнаулы тілді менгере

отырып, дискурстық құзіреттілігін арттыра түседі. С.С. Исакова кәсіби тілдік тұлғаны белгілі бір кәсіби әрекетті орындай алатын және сол арқылы дүниенің ғылыми бейнесін жасайтын тұлға ретінде қабылдау жеткіліксіз, себебі оның мазмұны дискурста ашылады, яғни кәсіби қарым-қатынас саласындағы сөйлеу әрекетінен көрінеді деп тұжырымдайды [22, б. 225]. В.Ф. Новодранова кәсіби тілдік тұлғаны кәсіби қызметті сәтті жүргізетін, ерекше когнитивтік, тілдік, коммуникативтік қабілеттері бар кәсіби дискурс субъектісі деп түсінеді. Фалымның пайымдауынша, кәсіби тілдік тұлға белгілі бір кәсіби ортада қызмет етеді, оның сөзі кәсіби ойлау мен дискурстық қауымдастық нормаларының әсерімен қалыптасады. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуында терминология, стилистика және кәсіби қарым-қатынастың жанрлық әрекшеліктері маңызды рөл атқарады. Ю.Н. Караполов ұсынған тілдік тұлға ұғымынан кәсіби тілдік тұлға ұғымының айырмашылығы кәсіби іс-әрекет пен кәсіби дискурс ұғымдарымен тығыз байланысты анықталады. Екі ұғымның ортақ белгісі тілдік құзіреттілікпен сипатталады.

В.Ф. Новодранова кәсіби тілдік тұлға құрылымын когнитивтік компонент, коммуникативтік және тілдік компонент деп ұшке бөледі. Когнитивтік компонентке білім, концептілер, терминдер, кәсіби идеяларды жатқызады. Коммуникативтік компонент өзара қарым-қатыас дағдыларын, шешендік стратегияларды қамтиды. Тілдік компонент кәсіби стилді, кәсіби терминологияны, жанрларды менгеруді білдіреді. Мысалы, дәрігер медициналық терминдер мен ресми-іскери стилді пайдаланады. Заңгер өзінің сөзін нормативті құжаттарға сүйене отырып құрады. Фалым өзінің идеясын дәлелдеуге ұмтылады, ғылыми фактілерге сүйенеді [91, с. 168].

Кәсіби тілдік тұлға мен кәсіби дискурс бір-бірімен байланысты. Кәсіби дискурс тек терминдерді пайдалану емес, кәсіби қауымдастықта тән қатаң нормалар мен қарым-қатынас стратегияларының жиынтығы болып саналады. Әрбір кәсіптің өзінің дискурсы бар деп айтуда болады, өйткені оған өзіндік сөз саптау және сөйлеу жанрлары тән болады. Кәсіби маманның тілі – кәсіптің мақсаты мен нормасына сай әсер ету құралы.

С.Л. Мишланова мен В.Ф. Новодранова кәсіби тілдік тұлғаны анықтауда дискурстық әрекшелігіне, кәсіби ойлаудың және кәсіптің әлеуметтік нормаларының ықпалына назар аударады.

Тіл білімінде Ю.Н. Караполов ұсынған тілдік тұлға тұжырымы вербалды-семантикалық, когнитивтік, мотивациялық деңгейлермен сипатталады. Е.И. Голованова осы деңгейлерді негізге ала отырып, кәсіби тілдік тұлға ұғымын, мазмұны мен құрылымын анықтады [38, с. 186-216]. Фалым кәсіби тілдік тұлға ұғымын когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика және коммуникативті лингвистика түрфысынан қарастырады. Зерттеушінің тұжырымы бойынша кәсіби тілдік тұлға – кәсіби терминологияны менгерген, өзінің кәсібіне тән сөйлеу тактикасы мен стратегиясын пайдаланатын, сөзін кәсіби дискурсқа бейімдеуге қабілетті адам. Демек, фалымның анықтамасынан кәсіби тілдік тұлға тек тілді білетін адам емес, өзінің кәсібі саласындағы сөйлеу қарым-

қатынасының қыр-сырын жетік түсінетін отырып, тілді қолданатын адам деген ойды аңғаруға болады.

Е.И. Голованова кәсіби тілдік тұлға құрылымын анықтады [38, с. 189]. Төменде кестеде (кесте 13) көрсетеміз.

Кесте 13 – Кәсіби тілдік тұлға құрылымы (Е.И. Голованова бойынша)

Денгей	Сипаты
Кәсіби сана деңгейі	Арнаулы тәжірибелі бейнелейтін менталды бірліктер (кәсіби білім, концептілер, ұстанымдар мен стереотиптер).
Вербалды деңгей	Кәсіби санадағы арнаулы атаулар жүйесінің вербалдануы (терминдер, кәсіби сөздер, номенклатура).
Мотивациялық-прагматикалық деңгей	Мәтіндер мен айтылымдардан көрінеді.

Фалым ұсынған кәсіби тілдік тұлға құрылымының үш деңгейін түсіндірер болсақ, мәселен көз дәрігері пациенттің шағымын тыңдал, көзін тексеріп, аурудың белгілерін анықтап, дұрыс диагноз қою үшін кәсіби сана деңгейі, яғни когнитивті деңгейі жоғары болуы керек, кәсіби білімі мен білігі, тәжірибесі мол, сол аурудың белгілері туралы, оған диагноз қоюдың негізгі ұстанымдарын жақсы білуі тиіс. Көз дәрігеріне аурудың түрін анықтап, оның офтальмологияда қалыптасқан ғылыми атауын, яғни терминін нақты тауып, оның анықтамасын білуі тиіс. Бұл көз дәрігерінің кәсіби терминологияны менгеруін қажет ететін вербалды деңгейі немесе тілдік деңгей деп те атауға болады. Өзі анықтаған диагнозын пациентке түсіндіру үшін мотивациялық-прагматикалық, яғни коммуникативті деңгей қажет болады. Пациентке ауруын, оның белгілері мен себептерін, емдеу жолдарын түсінікті тілмен жеткізіп, оған емді дұрыс қабылдаса, жазылыш кететіне сендеру керек, яғни дәрігер пациентке оң ықпал ететіндей сөйлеу тактикасы мен стратегиясын қолдануы тиіс.

Сонымен, кәсіби тілдік тұлға дегеніміз арнайы лексиканы менгерген адам ғана емес, ол өзінің кәсібінің тілдік, когнитивтік және коммуникативтік ерекшеліктерін билетін кәсіби дискурс тасымалдаушысы болады. Аталған ұғым кәсіби қарым-қатынаспен тығыз байланысты және әртүрлі кәсіп саласының ерекшеліктерін бейнелейді. Кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы білім алу, кәсіби тәжірибе және кәсіби қауымдастық саласындағы өзара қарым-қатынас үдерісімен анықталады.

1.2.2 Терминжасамдағы метафоралар мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері

Метафора мен метонимия туралы алғашқы пікірлер грек философтарының еңбектерінде кездеседі. Грек философы Аристотель өзінің поэтика мен риторика туралы трактаттарында метафора анықтама береді: «Метафора сөз мағынасының түрден текке, тектен түрге өзгеруі нәтижесінде

немесе бұрын таныс затқа ұқсату негізінде пайда болады» [92, с. 109]. Аристотель метафораны стилдік жанр ретінде ерекше бағалап, оның сөйлеудегі қызметіне назар аударады. Ғалымның пікірі бойынша метафора сөйлеуге нақтылық сипат береді. Аристотель метафораны тенеумен байланыстыра отырып, олардың айырмашылығы метафорада «сияқты» деген сөз болмайды деп тұжырымдайды. Ойшыл метафора да, метонимия да сөз мағынасының ұқсастық немесе байланысқа негізделе отырып өзгеруін атап көрсетеді. Аристотель алғашқылардың бірі болып метафора мен метонимияның когнитивтік табиғатына назар аударды. Ғалым метафоралар үдерісінің объективті логикалық байланыстарға негізделген тіл мен ойлау операцияларының нәтижесі екенін көрсетті.

Батыс зерттеушілері Аристотельдің метафора мен метонимия туралы көзқарастарын әрі қарай терендettі. Батыс ғалымдары Дж. Лакофф, М. Джонсон, Ф. Уилрайт, А. Ричардс, М. Блэк метафораның тілдегі қызметіне, адамның ойлауына қатыстылығына, қолданыс аясына ерекше назар аударды. Мәселен, метафора құбылысын арнайы зерттеген ғалым А. Ричардс былай деп тұжырым жасайды: «Шешендік өнерде метафора ойды көркемдеп жеткізуге негізделген қосымша тілдік механизм ретінде қарастырылады. Біздің санамызда метафора тууы үшін жаңа заттың бір белгісі бұрыннан таныс затпен ұқсастық табуы тиіс, сонда жаңа мағына пайда болып, метафора жасалады» [93, с. 45]. Метафораның қызметі тілде жаңа мағынаның туындауынан көрінеді. Адам санасында жаңа танылған заттың әртүрлі белгілері мен ұғым-түсініктері, ассоциациялары жинақталып, бейне тудырады, сол бейнелердің негізінде тілде жаңа мағыналарды жеткізетін метафоралар пайда болады. Орыс зерттеушілері Н.Д. Арутюнова, В.Г. Гак, В.Н. Телия метафораның атауыштық-танымдық сипатына ерекше мән береді. Метафораның когнитивтік негізі тілдік таңбалардағы білім қорын пайдалана отырып, жаңа мағыналарды қалыптастыру қызметінен көрінеді. Ғалымдар метафора мен метонимияның аталған қызметтерін зерттеуге аса қызығушылық танытып отырғанын байқауға болады. Адамның білім қоры мен таным-түсінігі өзін қоршаған объективті дүниені тануы арқылы қалыптасады, бұл адам санасының антропоөзектік сипатын анықтайды. Метафора мен метонимия адамның ойлау үдерісінің нәтижесі ретінде өзінің антропоөзектігімен ерекшеленеді.

Ғылымда метафораның бірнеше теориясы қалыптасқан. Метафора теорияларының көптігі аталған құбылыстың тіл, ойлау және танымда маңызды рөл атқаратын негізгі когнитивтік механизмдердің бірі екендігімен түсіндіріледі. Тіл білімінде, философияда және когнитивтік ғылымдарда метафораны түсіндірудің бірнеше теориялық көзқарастары бар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, метафора ежелгі грек ойшылдарының есімімен байланысты қарастырылады. Аристотель мен Цицерон негізін салған метафораның классикалық шешендік теориясын атауға болады. Аталған теорияның мәні метафораны сөйлеу тілін көркемдеуші стилистикалық тәсіл ретінде қарастыруымен байланысты анықталады. Ол ұқсастық ұстанымына негізделген мағына ауысуын білдіреді. Мысалы, ақылдың көзі (ақылды көздің көруіне ұқсатады). Метафораның классикалық шешендік теориясының негізгі идеясы

сөздің тура мағынасынан ауытқып, сөйлеу тілінің көркемдігін арттыру мақсатында жұмсалуы болып саналады.

Метафораның екінші теориясын Декарт пен Локк негізін қалады. Ол ғылымда субституциялық теория деген атпен танымал. Бұл теорияға сәйкес метафора жаңа мағына туғызбайды, тек бір сөзді екінші мағыналас сөзбен ауыстырады. Мысалы, білім шырағы (шырақ сөзі түсінүү сөзін ауыстырып тұр). Аталған теорияның негізгі идеясына сәйкес метафора дегеніміз бір сөзді оның синонимімен ауыстыру болып шығады.

Метафора туралы үшінші теория интерпретациялық немесе интеракциялық теория деп аталады. Оның негізін М. Блэк қалады. Бұл теория бойынша метафора екі мағынаның өзара байланысынан жаңа мағынаның тууы деп танылады. М. Блэктің пайымдауынша, метафора бір сөзді екіншісімен жайғана ауыстырып қоймайды, оны жаңаша түсіндіреді. Мысалы, ми – компьютер (ми қызметін есептеуіш жүйемен теңестірген жаңа тұжырымдама). Аталған теорияның негізгі идеясы метафораны білімді құрылымдау тәсілі деп анықтаудын көрінеді. М. Блэк метафораны «қоршаған дүниедегі әртүрлі заттар немесе құбылыстарға байланысты екі ойдың бір-бірімен өзара әрекеттесуі негізінде жаңа мағына туынтайтыны» деп анықтайды [94, с. 153-172]. Ғалым адам ойының өзі метафораны құрайды, өйткені түрлі нысандарды бір-бірімен салыстыра отырып танимыз деген пікір білдіреді.

М. Блэктің теориясындағы метафора тұжырымы әртүрлі нысандардың өзара байланысынан шығады, өйткені ғалымның пікірі бойынша метафора ойдағы екі нысанның бір-біріне әсерінің нәтижесінде пайда болады. М. Блэк өзінің «Метафора» деген атпен танымал классикалық зерттеуінде Декарт пен Локк негізін қалаған субституциялық теорияны сынға алады. Субституциялық теориядағы метафора жаңа мағына туғызбайды, ол сөздердің бірін бірі ауыстыруы деген тұжырымға қарсы шықты. Ғалым метафораны жайғана сөз ауыстыру емес, екі ойдың ұқсастығына негізделген жаңа мағынаның қалыптасуы деп көрсетті [94, с. 153-172].

М. Блэк метафораның ассоциациялар негізінде жасалатынына ерекше назар аударды. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары М. Блэк теориясында метафора жасаудың басты белгісі саналды. Адамның бұрынғы ассоциация жүйесі жаңа нысанды атауда қолданылады. Сөз мағынасындағы мұндай ауысулар адамның дүниені тану үлгісін қалыптастырады. М. Блэктің интеракциялық теориясы метафора ілімін әрі қарай дамытуға үлкен серпіліс әкелді, өйткені метафора білімді құрылымдау тәсілі екені осы теория аясында дәлелденді.

М. Блэк теориясының ықпалымен метафораны зерттеуде түрлі бағыттар дами бастады. Мәселен, ғалым М. Биердсли конфликт теориясын ұсынды. Зерттеуші метафоралық конфликт деген мәселені көтеріп, оның мәнмәтінге де, субъектінің прагматикасына да қатысы жоқ деп тұжырымдады. Ғалымның метафоралық конфликт тілден тыс факторларға тәуелді емес деген пікірі аталған теорияның әрі қарай дамуына кедергі болды [95].

М. Блэк теориясын қолдаушылардың көп болғанына қарамастан, оған қарсы пікір білдірген ғалымдар да кездесті. Мәселен, Д. Дэвидсон интеракциялық теорияға қарсы прагматикалық тәсілді ұсынды. Ғалымның пікірінше, метафорада тұра мағынаға болады, ол бір нысанның орнына екінші нысанды ауыстырады, нәтижесінде адам ол затты жақсы түсінуге қол жеткізеді [96, с. 174].

Метафораның төртінші теориясы когнитивтік теория деп аталады. 1980 жылдары Дж. Лакофф, М. Джонсон негізін салды. Метафора жайғана стилистикалық құрал емес, адам ойлауының негізін құрайды. Адам санасындағы концептілер метафоралық ұлгілерге негізделіп құрылады. Мысалы, уақыт – ақша (уақыт экономикалық қор ретінде танылады). Дж. Лакофф, М. Джонсонның когнитивтік теориясының негізгі идеясы адамдар метафорамен ойланады, оларды сөйлеуде жайғана пайдаланбайды деген ұстаныммен айқындалады.

Метафораның бесінші теориясының негізін 1999 жылы Дж. Лакофф қалады, ол ғылымда концептуалды метафора теориясы деген атқа ие болды. Ғалымның пікірі бойынша барлық метафораларды үлкен концептуалды ұлгілерге біріктіруге болады. Мысалы, «өмір – жол» деген концептуалды метафора «тағдыр тәлкегі», «калға ұмтылу», «тандау жасау», «тығырыққа тірелу» т.б. тіркестерді тудырады. Концептуалды метафора тілдіғана емес, ойымызды да жүйелейді.

Метафораны танымдық механизм ретінде танитын теорияның негізін Ю.Н. Караулов, В.А. Маслова қалады. Аталған теория бойынша метафора жаңа құбылысты ескі білім арқылы түсіндіру тәсілі болып шығады. Метафораның танымдық теориясы ғылым мен терминологияда белсенді қолданылады. Мысалы, генетикалық код (тірі ағзаның маңызды бөлігін компьютерлік кодпен салыстыру). Бұл теорияның негізгі идеясы метафорасыз жаңаны тану мүмкін емес деген ұстаныммен анықталады.

Метафора теорияларын талдау мынадай тұжырыдар жасауға әкелді: Аристотельдің класикалық теориясы метафораны тілдің көркемдеуіш құралы деп таныса, субституциялық теория сөз ауыстыру деп анықтайды. М. Блэктің интерпретациялық теориясы метафора жаңа мағынаны түсіндіреді деп тұжырым жасайды. Метафораның когнитивтік теориясы оның ойлауды құрылымдайтын ерекшелігіне назар салады, концептуалды теория метафораны ойлаудың концептуалды ұлгілерін біріктіреді деп анықтайды. Метафораның танымдық теориясы ғылыми ойлаудың негізін құрайды деп түсіндіреді. Сонымен метафора жайғана шешендік тәсіл емес, біздің ойлауымызды, тілімізді және ғылыми білімді қалыптастыратын маңызды когнитивтік құрал болып саналады.

Шетел және отандық лингвистикада жаңа зерттеу бағыттарының белсенді дамуы метафора теориясына жаңа қырынан қарауға әкелді. Мәселен, ұзақ жылдар бойы метафора теориясын зерттеп жүрген ғалым Чартерис-Блэк сынни метафоралық талдау әдісін ұсынды [97]. Зерттеуші ұсынған талдау когнитивті лингвистика әдістері мен сынни дискурс талдауларды метафораны зерттеуге тиімді пайдаланды мақсат етеді. Чартерис-Блэк әртүрлі дискурстағы метафораларды зерттеуге сынни метафоралық талдауды қолданады. Ғалымның

сыни талдауы үш кезеңнен тұрады: 1) мәтіннен метафораны анықтау; 2) метафораны интерпретациялау; 3) метафоралық түсіндіру [97].

Біз бұғынгі таңда метафора теорияларына қатысты үш ғылыми көзқарастың (когнитивтік, дискурстық, тәжірибелік) қалыптасқандығын атап көрсетеміз. Когнитивтік көзқарас метафораны адам танымымен байланыста зерделейді. Дискурстық көзқарас метафораның нақты сөйлеу жағдаятындағы қызметіне зерсалады. Метафораны зерттеудегі тәжірибелік көзқарас кәсіби қарым-қатынастағы қызметі мен қолданысын зерттейді [98, б. 325].

Соңғы кездері метафора тек поэтикалық тілдің бейнелі құралы ғана емес, сонымен бірге тілде атауыштық та қызмет атқаратыны байқалады деп жазады ғалым Н.Д. Арутюнова [99, с. 71].

Д.Г. Макоева қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде метафора мен метонимия кең тараған және өнімді троптар ретінде ғана емес, тілдік бірліктер мен құрылымдар мағынасын кеңейтудің концептуалды негізін құрайтын менталды механизмдер ретінде қарастырылатынын атап көрсетеді [100, с. 138].

Зерттеушілер Г. Лакофф [101], Г. Лакофф, М. Джонсон [102], Г. Лакофф, М. Тёрнер [103], А. Вежбицкая [104], Л.В. Кульчицкая [105] когнитивті метафораны адамның когнитивтік жүйесіндегі құрделі, жаңа жағдаяттарға немесе дерексіз ұғымдарға бейімделуін қамтамасыз ететін менталды механизм ретінде анықтайды. Тілдік бірліктерге, сөйлеуге осындай менталды құрылымдарды енгізуге адам санасында ұзақ уақыт бойы когнитивті және физикалық тәжірибе нәтижесінде қалыптасқан заттардың, құбылыстардың, жағдаяттардың, ұғымдардың сапалық және функционалды ұқсастықтары негіз болады. Демек, дерексіз немесе таныс емес құбылысты концептуалдау метафоралар арқылы іске асады. Бұл жағдайда метафора өзінің стилистикалық тәсіл ретінде қасиетін жоғалтып, бірінші орынға менталды концептілерді лингвистикалық бейнелеу қабілеті шығатынын атап көрсетеді.

Когнитивті метонимия қандай да бір заттар немесе құбылыстардың басқа заттар мен құбылыстармен тұрақты байланысы негізінде жасалады, бұл байланыстар бір когнитивті бірлік аясында жүзеге асады және ол метанимияның метафорадан өзгешелігін айқындайды [100, с. 138]. Метанимияның когнитивтік теориясының негізін салушылар Дж. Лакофф, М. Джонсон [102, р. 92] және Дж. Лакофф, М. Тёрнер [103, р. 121] метонимияны бір концепт екінші концептіні белгілеу үшін қызмет ететін, яғни бір концептуалды кеңістікте өтетін үдеріс деп анықтайды. Аталған анықтама метонимияның когнитивтік анықтамасының ең негізгісі әрі маңыздысы деп саналады [106]. У. Крофт [107] метонимияны домен матрицасынан бір доменді ерекшелеп көрсету үдерісі деп түсіндіреді. А. Бланк метонимияны когнитивті фрейм бірліктері арасындағы ерекше концептуалды қатынасқа сүйенетін лингвистикалық құрал ретінде қарастырады [108]. Г. Радден және З. Ковечес метонимияға тәмендегідей анықтама береді: «Метонимия – бір домен немесе когнитивті үлгі аясында бір концепт, құрал екінші концептіге, мақсатқа менталды түрде қол жеткізуді білдіретін когнитивті үдеріс» [109, р. 39].

Когнитивті лингвистика тұрғысынан тілдік метафора мен метонимия – концептуалды деңгейде «қоршаған ортаның заттары мен құбылыстарын

категориялау және концептуалдау механизмдері» [110, с. 59] ретінде танылатын, сөйлеуді мағыналық жағынан байытатын және күрделендіретін немесе сөз мағынасын кеңейтетін менталды үдеріс.

Зерттеуші Е.А. Постухова метафоралық және метанимиялық ауысу механизмдерін төмендегідей ажыратады: «(1) метафораның жасалуының негізінде ұқсастық ұстанымы жатады, метонимия байланыс ұстанымы негізінде жасалады; (2) функционалды тұрғыдан метафора аналитикалық сипаттаушы құрал болса, метонимия - анықтаушы құрал» [111, с. 45].

Дегенмен, метонимия мен метафора екеуі де қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарын категориялау мен концептуалдаудың менталды механизмдері ретінде тілдік деңгейде ассоциативтік байланыстарға негізделетінін есте ұстаған дұрыс. Бұл туралы ғалым А.Р. Мухтаруллина былай деп жазады: «Метафора мен метонимияның аражігін айыру барлық жағдайда мүмкін бола бермейді, оны бірқатар ортақ белгілермен түсіндіруге болады. Метафора мен метонимия 1) өздерінің табиғаты жағынан концептуалды; 2) адамның концептуалды жүйесіне ене алады, сәйкесінше, автоматты түрде қолданылады; 3) сөздік қорды толықтырады» [112].

Қазақ тіл білімінде метафора туралы зерттеулерді А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Б. Хасанов, Ә. Болғанбайұлы, Г. Зайсанбаева, А. Сыбанбаева, Б. Қасым т.б. ғалымдардың еңбектерінен кездестіруге болады.

Метафора номинативтік қызмет атқарғанда жаңа нысандар, құбылыстар немесе үдерістерді бұрын жақсы танымал, белгілі заттар мен құбылыстардың, үдерістердің, нысандардың ұқсас белгілері негізінде атауыштық қызмет атқарады, осымен ол жаңа құбылыстардың мәнін ашуды, түсінуді жеңілдетеді. Жаңа заттарды, құбылыстарды қабылдаудағы және іс-әрекеттің жаңа түрлерін менгерудегі метафораның рөлі адамның жадының (есінің) жұмыс істеу механизмиңе негізделеді, сондықтан да метафора қолданысының механизмдерін зерттеу когнитивтік ғылым саласының нәтижелерінсіз, олардың менталды үдерістер мен менталды құйлерді зерттеумен байланыссыз түсіну мүмкін емес. М. Балақаев қоршаған дүние заттары мен құбылыстары бала танымында қандай танымдық үдерістердің негізінде қалыптасып, түсінілеттің туралы жазды [113, б. 5]. Адамның білім қоры айналадағы заттар мен құбылыстарды тану арқылы біртіндеп қалыптасады деп тұжырымдаған М. Балақаев тіл мен ой, тіл мен таным үдерістерінің байланысына ерекше назар аударды [114, б. 5]. Адамды табиғаттың ажырамас бір бөлшегі деп, оның тілін дүниенің бейнесін анықтаушы құрал деп түсінген ғалым саласының тұжырымдары қазақ тілінің танымдық теориясының дамуына өз үлесін қости. Ғалымның тілтанымдық теориясының өзегі тіл мен танымның байланысын ашып беруінде деп айтуда болады. Зерттеушінің пікірінше, адам өзі таныған затқа не құбылысқа, нысанға ғана ат береді, танымаған зат оның назарына ілікпейді. Адамның затқа атау беруі ойдың күрделі операцияларының негізінде жүзеге асатынына назар аударды. Адам өзінің күнделікті тұрмыстіршілігінде, тәжірибесінде қандай затты не құбылысты жиі пайдаланса, оның тіршілігіне сол заттың қажеттілігі болса, оның қасиеттері мен белгілерін жақсы

тани бастайды, соның нәтижесінде жаңа атау пайда болады деп жазады [113, б. 7].

Терминологияда метафора-терминдердің қолданысын Л.М. Алексеева, С.Л. Мишланова, А.Р. Мухтаруллина, Т.А. Подколзина, Л.А. Чернышова, А.П. Чудинов, Е.О. Черникова т.б. зерттеді. Аталған еңбектер түрлі ғылым саласындағы метафора-терминдердің жасалу механизмдерін, қолданыс ерекшеліктерін зерттеуге арналған.

Ғылым тілі – тек идеяны жеткізу немесе қағиданы дәлелдеу үшін ғана негізделмеген. Ғылыми зерттеулерде тіл «концептуалды аспап» қызметін атқарады, яғни ғалымды дұрыс жолға бағыттайтын, ғылымда мұны «генеративті күш» деп те атайды. Тіл – бұл құрал. Тіл ұғымдары – бұл аспаптар. Ұғымдар бізді зерттеулерге икемдейді. Олар біздің қызығушылықтарымыздың кілті және олар біздің қызығушылықтарымызды басқарады. Тіл адам эволюциясының нәтижесі және қоғамдық көлісімнің нәтижесімен мезгілдес, қатарлас. Ақпарат мазмұнын нақтылай отырып, терминнің өзі де құрал бола алатынын түсінеміз. Терминдер ғылыми білімдер мен түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді.

Тілдің рөлі ғылымда метафора негізінде қоланылуымен белгілі. Ғылыми тілдегі метафора – коммуникативтік қызмет атқарады, когнитивтік-тәнімдышқ қызмет атқарады, яғни когнитивті ғылымдармен, оның ішінде когнитивті лингвистикамен байланысты.

Метафораны қабылдау, қолдану ғылымның түрлі салада дамуына әсер етеді, себебі метафора біздің ойымызды жүйелеп қана қоймай, белгілі бір нысанға келтіріледі. Ал метафоралар үлкен бір ұғымның басқа ұғымның ықпалымен, әсерімен басқаша кең мағынада қабылдануы. Ақырында, метафоралар құбылыс немесе идеяны басқа бір құбылыс пен идеяның ықпалымен өзгеріп, бұдан да зор әрі кең мағына мен ұғымды ашуға әсерін тигізеді.

Метафора теориясы қазіргі термин шығармашылығының түжірымдамасын өзгертуге ықпал етті. Ертеректе тек қана нақты және қысқа, бірмәнді және абстрактілі грек-латын терминологиясына сүйенген ғылым тілі қазір метафора-терминге сүйеніп, кең етек алды. Бұрын ғылыми эмоция ғылыми терминология және ғылыми метафорамен қатар қолданылмайтын болса, қазір ол үлкен салалардың құрамдас әрі ажырамас факторы болды.

Термин-метафоралар тек қана жаңа көріністі атап қоймай, сол жаңа көріністі түсінуге, қабылдауға көмектеседі. Метафора ғылымның барлық саласынан кең өріс алған. Біздің күнделікті өміріміздегі іс-әрекеттер де осы метафора арқылы жүзеге асады. Тілдік түжірымдарды көрсететін лексикалық тәсілдер арасында метафораны қарастыру қызықты болып табылады. Өйткені қандай да бір құбылысты атауда оның ең алдымен бейнелік мәніне, яғни оның басқа құбылыспен ұқсатығына мән берілетіні мәлім. Соның нәтижесінде ғылымда терминдер қатары қалыптасады.

Жоғарыда атап өткеніміздей метафора термині кез келген сөздің ауыспалы түріне қолданылады. Көптеген адамдар үшін метафора – күнделікті қалыпты қарым-қатынас аясымен салыстырғанда, тілге қатысты, өзгеше поэтикалық,

риторикалық айқын құрал. Сонымен қатар метафора әдетте пен ойлау аясына қатысты табиғи тілдік қажеттілік ретінде де қарастырылады.

Американдық лингвист, ғалым Джордж Лакофф метафораға байланысты көзқарастардың қарама-қайшылығын, метафора біздің барлық күнделікті өмірімізге енгенін, ол тек тілде ғана емес, әрекет пен ойлауда да көрінетінін атап көрсетеді. Автор өз тұжырымдамасында біздің қалыпты ойлау жүйеміз, ойлау және әрекет ету шенберіміз өз деңгейінде метафораланғанын айтып, метафораның когнитивтік рөлін ерекше бейнелейді [101, р. 359].

Метафора белгілі бір нысанның топтарындағы белгілерді алып, оларды басқа топтарға немесе метафораның өзекті субъектісі – индивидке апарып салады. Екі әртүрлі топтардың арасындағы өзара әрекеттестік пен олардың қасиеттері метафораның негізгі белгісі – екіжақтылығын қалыптастырады.

Ойлау жүйесін басқару туралы түсінік зиялыштық аясымен шектеліп қалмауы қажет. Ол біздің күнделікті әрекетімізді басқарады. Бұл түсінік адамның өзгелермен қарым-қатынас жасауын, мінез-құлқын, адамның шындықты қабылдауын реттейді. Түсіністік жүйесі күнделікті шындық өмірді анықтауда басты рөлге ие. Осыған сәйкес, адамның ойлау жүйесі метафоралық мінездеме мен ойлауды қамтып, оның күнделікті тәжірибесі мен тәртібін елеулі дәрежеде метафорамен байланысады.

Алайда түсіністік жүйесін адамдар әрқашан мойындай бермейді. Көп жағдайда біз жоғары немесе өте төмен деңгейде автоматты түрде ойлаймыз және әрекет етеміз. Мұның адамдар үшін қандай пайдасы бары мүлдем белгісіз.

Олардың пайда болуының бір тәсілі табиғи тілге деген қарым-қатынастан тұрады. Табиғи тілдік қатынас адамның ойлауы мен әрекетінде қолданылып, тілді маңызды көрсеткіш ретінде қарайтын, осы түсіністік жүйесіне негізделеді. Метафораның мәні ұғыну және күйзелу құбылысының терминдері бір бағыттан екінші бағытқа ауысуынан тұрады. Осы түсініктер ауыспалы мәнде реттеліп, осыған сәйкес тіл де ауыспалы мәнде реттеледі.

Р. Хоффман: «Метафора кез келген салада түсіндірудің және сипаттаудың құралы ретінде қолданылуы мүмкін: психотерапиялық әңгімеде, авиация пилоттарының арасындағы әңгімеде, дәстүрлі билер мен бағдарлама тілінде, кванттық механика мен көркемдік тәрбиеде. Метафора бізге қай жерде кездессе де, әрқашан тіл мен білімді, адам әрекеті түсінігін байытады» – деп жазады [115, р. 152].

Метафора тек тілдің бір ғана аясымен шектелмейді, сонымен қатар ол сөз аясында да кездесіп отырады. Адамның өзіндік ойлау жүйесі белгілі дәрежеде ауыспалы мәнге ие болады. Адамның түсіну жүйесі ауыспалы мәнде реттелетіні және анықталатыны туралы айтылғанда дәл осы мәселелер назарға алынады. Метафора адамның түсіну жүйесінде қолданылатындықтан тілдік құбылыс ретінде танылады.

Метафоралар адамның салыстыру, байланыстыру қабілетіне негізделеді және салыстыру адамның білімі мен ақпаратының көлеміне байланысты жүзеге асады.

Метафора барлық ғылым саласында кездеседі. Метафораның ауысу қабілеті ғылыми танымда ең маңызды орын алатын, қоғамдық ойлау құбылысының бірі болып табылады. «Метафора» (грекше «metaphora» – «ауысу») – белгілі бір қарым-қатынасқа қатысты ұқсас мәліметтерді, басқа топтардағы нысанды атауды немесе басқа бір топқа кіретін нысанды сипаттау үшін заттар мен құбылыстардың кейбір тобын білдіретін сөзді қолданудан тұратын троп немесе сөйлеу механизмі. Кең мағынасында «метафора» термині ауыспалы мағынадағы сөзді қолданудың кез келген түріне байланысты» [116, с. 296.]

Ағылшын ғалымы Э. Ортони күнделікті өмірде метафораны қолданудың үш негізгі себебін белгіледі:

- Ол бізге қысқа сөйлеуге көмектеседі.
- Олар біздің тілімізді жарқын етеді.
- Олар бізге айтып жеткізе алмайтын сөздерді айтуда мүмкіндік береді [117, с. 215].

Терминдерді қалыптастарудағы метафоралық әдіс көне әдістердің қатарына жатады. Ғылыми ойдың дамуына байланысты, адам өзінің күнделікті өмірдегі тәжірибесін, белгілі бір әрекеттің арнайы саласына ауыстырады. Мағынаның ауысуына негізделген сөздің семантикалық кеңеюі, арнайы білім жинақтау мен адам танымының кеңеюіне байланысты болады.

Н.Д. Арутюновага сәйкес, тілдік метафораның келесідей түрін ажыратуға болады:

- 1) атауыштық метафора (атаудың ауысуы), бір мағынаның басқа мағынамен ауысуынан тұрады;
- 2) бейнелі метафора, тілдің синонимдік құралы мен мағынаның дамуына қызмет ететін, ұқастырылған мағынаның предикатқа ауысуынан туындарды;
- 3) когнитивті метафора, қалыптасқан полисемия мен предикаттық сөздердің сәйкестігі нәтижесінде туындарды;
- 4) жалпыланған метафора, логикалық полисемияның пайда болуын қалыптастыратын логикалық реттілік арасындағы шекарада, сөздің лексикалық мағынасында пайда болады [118, с. 366].

Ғылыми әдебиетте терминдерді жасаудағы метафоралық әдіс, өткен, яғни ескі кезеңді қамтиды деген пікірлер бар. Егер семантикалық ауысу білімнің жаңа аймағында, бұрын қалыптасқан ғылым үшін бүгінде өнімді болып табылмаса, онда ол бұрынғысынша термин қалыптастырудың басым әдістердің бірі болып қала береді. Мысалы, ақпараттық технологиялар шеңберіндегі көптеген терминдер метафора-термин болып табылады: терезе, мәзір, жад, вирус, тышқан, бағдарлама тілі, баған, жол, жұмыс үстелі, қалқан, азат жол, жүгіртпелі жол, ен (метка ярлық), кілт, қанатша (галочка), қатты диск, тақта (панель), түйме (кнопка), бағдар (ориентир), ұялы телефон т.б. жатады. Сонымен қатар, ақпарат алмасудағы әртүрлі белгілердің атаулары, мысалы, *айқұлақ (@)*, *қайыру түймесі* секілді терминдер де метафораланған. Терминдерді қалыптастырудың семантикалық әдісі нақты тарихи кезеңге емес, ғылым саласындағы белгілі кезеңге тән.

Аристотель өмір сүрген ғасыр аралығында метафора шешендік тәсіл мен сөйлеу формасы ретінде қарастырылды. Алайда, XX ғасырда метафораға көзқарас құрт өзгерді. Егер дәстүрлі түсінікте метафора ретінде бір сөздің басқа сөзбен аудиесу аталса, қазіргі уақытта көптеген ғалымдар метафора шынында когницияның немесе іргелі танымның көрінісі болып табылады деп есептейді.

Блэктиң пікірінше метафора кәсіби тілге енгенде, қатаң терминологиялық мағынаға ие болып, бірте-бірте өзінің бейнелілігі мен байланыстылығын қысқартады.

Ғылым мен техника тілінде пайда болған метафора-терминдер күрделі когнитивтік үдерісте, қоршаган әлемдегі заттар мен құбылыстардың арасындағы аз немесе көп мөлшердегі күрделі қауымдастық байланысты орнату нәтижесінде пайда болады. Термин жасаушылар мен оны қолданушылар метафора-термин білдіретін мағынаны ұғынудағы танымдық әрекетті жүзеге асырады. Егер көптеген терминдерде, мысалы, *body* (корпус), *foot* (табан) негізгі қабылдануы бірмағыналы, жалпықолданыс негізінде қалыптасқан терминдерді құраса, кейбір терминдер түрліше қабылданады, мәселен, ағылшынша «*head*» пен орысша *голова* әртүрлі мағынадағы метафора-терминдер жасайды [119].

Bas сөзінің қазақ тіліндегі қолданылуына келсек, қазақы танымда *bas* сөзі басқару, басшылық, біріншілік секілді түсінікте қабылданған. Биология саласында *bas* адамның дене мүшесі ретінде қабылданса, музика саласында, ер адамның төменгі дауысы, төмен тембрлі аспап атауы ретінде орнықсан. Күнделікті айтылымда, істің басы, басты қонақ, малдың басы (ең алғашқы ұстаған малы), басты ғимарат, басты тілек, басы көп жұмыс істеу деген секілді тіркестерде қолданылады. Келтірілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, біздің пайымдауымызша, ағылшын тілінде де, орыс тілінде де, қазақ тілінде де *bas* сөзі алғашқы, бірінші деген мәнде көбірек қолданылады.

Айтып өткеніміздей метафораны біз барлық ғылым саласынан кеңінен көре аламыз. Әсіресе ботаника ғылымындағы терминдерде метафора елеулі орын алады. Мысалы, *аяжұн* (таулы жерде өсетін майда шөп), *аяқұлақ* (акшыл қызыл гүлді тырбыш өсетін өсімдік), *бөрікбас* (бік өсімдіктің жоғарғы дөңгеленген жағы), *итқұлақ* (иттің құлағына ұқсас өсімдік), *мысыққұйрық* (далалы жерде өсетін тары тәрізді дәні бар жабайы өсімдік), *есекмия* (бұршақ тұқымдас улы өсімдік) секілді өсімдіктің атауларын келтіруге болады.

Сонымен қатар, тіл біліміндегі тіл, буын, туыс тілдер, ататіл, байлаулы түбір, бала тілі, дауыссыз дыбыс, қостілділік, жақ, көптілділік, қанатты сөздер, өріс, сөздік ұя, тілдер семьясы сияқты терминдер де тақырыбынызға мысал бола алады [84, б. 45-322].

Метафораның терминдерге аудиесу барлық тілдер мен барлық ғылым салаларында жүзеге асырылады. Сол арқылы біздің тіліміздегі көп сипатқа ие болған сөздер өз мәні тұрғысынан тұрақталады. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерден метафораланған терминдерді көптеп кездестіруге болады. Бұл метафораның термин ретінде ғылым саласынан елеулі орын алатынының көрінісі.

Метафора – басқа сөз мағына түрлеріне қарағанда беретін мағынасы мен қолдану аясы әрі кең және әртүрлі. Бұл туралы ғалым А.А. Реформатский: «Метафоралық ауыспалы мағынадағы атаулар түр, форма, қозғалыс сипаттарына және т.б. ұқсас заттарға қарап қойылуы мүмкін» [120], - десе, ал география мен топонимика ғылымында метафора-терминдердің алдын орны туралы Э.М. Мурзаев [121, б. 126-136], Ф. Қонқашпаев [122, б. 176], Н.И. Толстой [123] және О.Т. Молчанова [124] т.б. ғалымдар жазды. О.Т. Молчанова [124, с. 15] Алтай топонимінің құрамындағы анатомиялық терминдер негізінде жасалған метафоралық мағынадағы топонимдердің пайда болуы туралы адам қоршаған ортамен танысып болған соң, ұқсастық белгілеріне көңіл аударып ат қойған десе, ал Ф. Қонқашпаев: «...метафора-терминдер жер бедерінің белгілерін нақты беруге белсene қатысады» [122, с. 176], - деп жазады. Соңғы кезде ономастикалық кеңістік аясында метафоралану үдерісінің когнитивтік сипаты мен концептуалдық ерекшелігі түрғысынан кең қарастырылып келеді. Бұл туралы ғалым Қ. Рысберген [125, б. 26-28] отандық және шетелдік ғалымдардың пікіріне сүйеніп, өз зерттеуінде қазақ топонимиясындағы «метафораланған ғалам бейнесін» этномәдени кеңістіктеге орналасқан заттық, геофизикалық нысана түрғысында қарауды ұсынады.

Адам өзі қоршаған ортаны, ең алдымен, экологиялық жүйені, яғни сол ортаны, кеңістікті тануда, игеруде, жан-жағындағы географиялық нысандарын бағыт-бағдарлай және оларды ұқсату, теңеу, балау және салыстыру арқылы танымдық ұғымдарына жете көңіл бөле отырып ат қоя білген. Мұның өзі адамдардың кеңістікте, сол ортада орналасқан географиялық нысандарды тануда, белгілеуде (таңбалауда) өзінің немесе жануарлардың дене мүшелеріне қатысты танымдық түсінікті (ұғымды) шебер пайдалана білген.

Ғалым К. Аханов метафоралар заттардың қызмет, түр-түс ұқсастығына негізделіп жасалады [126, б. 111] деп жазса, ал қазіргі қазақ тіл білімінде жаңадан қалыптасып келе жатқан жаңа бағыт – когнитивтік лингвистика аясында тіліміздегі метафоралар мен метафоралану үдерісі туралы қазақ ғалымдарының көзқарастарына талдау жасай келіп, Э.Н. Оразалиева метафора туралы бір затты екінші затқа ұқсату, салыстыру негізінде бұрыннан таныс мағынаға қосымша жаңа мағына қосылып адамның концептуалды жүйесін кеңейтеді [127, б. 220] деген пікірі назар аударуды қажет етеді.

Сонымен, терминжасамдағы метафораның қызметі жаңа затты немесе құбылысты бұрыннан таныс затқа немесе құбылысқа ұқсату, салыстыру арқылы жаңа метафора-термин жасауынан көрінеді. Терминжасамдағы метафоралар тәсілінің рөлі күрделі концептілердің қабылдануын жеңілдетеді, терминдерді барынша түсінікті етеді, жаңа ұғымның кәсіби қарым-қатынасқа жылдамырақ кірігуіне мүмкіндік жасауынан көрінеді.

Терминжасамдағы метонимиялау тәсілі ұғымдар арасындағы байланысқа, атап айтқанда, кеңістік, уақыт, қызмет немесе себеп-салдар байланыстар метафора-терминдердің жасалуына негіз болады. Метонимиялау тәсілінде аталатын нысанның барлығына тән ерекше қызметі, белгілері, сипаты назарға алынады. Терминжасамдағы метонимиялау тәсілінің рөлі күрделі нысандарды

бір сөзбен жинақтап атауға мүмкіндік береді, кәсіби тілде терминдердің қалыптасуына, атаудың дәлдігін қамтамасыз етуге ықпал етуінен көрінеді.

Жоғарыда сөз болған теориялық тұжырымдар мен көзқарастарға сүйене отырып терминжасамдағы метафоралау және метонимиялау тәсілдерінің салыстырмалы сипаттамасын кестеде (кесте 14) көрсетеміз.

Кесте 14 – Терминжасамдағы метафоралау және метонимиялау тәсілдерінің салыстырмалы сипаттамасы

Белгілері	Метафоралау	Метонимиялау
Атау беру ұстанымы	Ұқастыққа негізделген ауысу	Байланысқа негізделген ауысу
Байланыс түрі	Ассоциативті, бейнелі	Логикалық, функционалды
Қызметі	Терминді барынша түсінікті етеді	Нысанды жинақтап атауға мүмкіндік береді

Офтальмология терминологиясында метафоралар көздің құрылышын, көз ақаулары мен оны емдеудің әдістерін олардың түр, түс, қызмет және т.б. ұқастықтарына қарай атауда қолданылады. Қазақ және ағылшын тіліндегі метафора-терминдерді төмендегі кестеде (кесте 15) ұсынамыз.

Кесте 15 – Қазақ және ағылшын тіліндегі метафора-терминдер

Тілі	Термин	Метафоралық ауысу негізdemесі
Қазақ тілі	Көз алмасы	Көздің формасының алмаға ұқастығы
Ағылшын тілі	Optic nerve head	Көру жүйесінің анатомиялық құрылышының алмаға ұқастығы
Ағылшын тілі	Tunnel vision	Көз көруінің нашарлауын туннельдің ішіндегі қараңғылыққа ұқсату
Қазақ тілі	Көз торы	Көздің ішкі жұқа қабығын торға ұқсату
Ағылшын тілі	Snowball cataract	Көз қараңғының сыртының ағаруын қарға ұқсату

Офтальмология терминдер жүйесінде метонимиялау тәсілі көз ауруларын, олардың қызметіндегі түрлі бұзылыстарды анықтауды мағыналық байланыстарына негіздей отырып метонимия-терминдер жасауда қолданылады. Қазақ және ағылшын тіліндегі метонимия-терминдерді төмендегі кестеде (кесте 16) ұсынамыз.

Кесте 16 – Қазақ және ағылшын тіліндегі метонимия-терминдер

Тілі	Термин	Метонимиялық ауысу негіздемесі
Қазақ тілі	Қараышқтың жабылуы	Қараышқтың сыртқы түрінің өзгеруіне байланысты атау
Ағылшын тілі	Macula	Көздің тор қабығындағы сары даққа байланысты атау
Ағылшын тілі	20/20 vision	Көздің қылышты көруін өлшем жүйесіне байланысты атау
Қазақ тілі	Көз алмасының солуы	Көз алмасының қызметінің жойылуына байланысты атау
Ағылшын тілі	Blind spot	Фоторецептор жоқтығына байланысты атау

Қорыта айтқанда, терминжасамдағы метафоралау тәсілі күрделі концептілерді түсінікті етеді және еске сақтауға көмектеседі. Метонимиялау тәсілі терминдерді олардың қызметтері мен сыртқы сипаттарымен байланыстыра отырып терминдер жасайды. Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері ғылыми және кәсіби дискурстағы маман мен оның ойлау үдерісінің нәтижесінде тілде бұрыннан бар заттар мен құбылыстардың ұқсастығына, байланысына негіздей отырып жаңа терминдер жасаумен анықталады. Аталған когнитивті механизмдер кез келген ғылымның терминдер жүйесін толықтыруға және қәсіби қарым-қатынасты жақсартуға ықпал етеді.

1.3 Фреймдік талдау – медициналық терминдерді зерттеудің әдіснамалық негіzi

Қазіргі ғылымда когнитивті лингвистика ерекше маңызға ие. Когнитивті лингвистиканың келуімен белгілі бір тілдік құбылыстарды зерттеудегі пікірталас тудырып жүрген мәселелерге, зерттеу әдістеріне деген жаңа көзқарас қалыптасты және ғылыми аппараты жаңа ұғым-түсініктермен толықты. Жаңа әдістеме тілдік бірліктердің мағынасын дүние туралы белгілі бір білімдерді өндеу нәтижесі ретінде қарастыруға, сөз мағынасында тұрған білім құрылымын ұйымдастырудың жалпы ұстанымдары мен тәсілдерін зерттеуге, белгілі бір білім құрылымын мағына арқылы түсіндіруге, тілдік және когнитивтік құрылымдардың өзара байланыс механизмдерін анықтауға мүмкіндік береді. Осындай әдістің бірі фреймдік талдау болып саналады, ол тілдік фактілерді түсіндіру үшін тілдік құбылыстар мен тілден тыс білімдер жүйесіне сүйенетін когнитивтік көзқарасқа негізделеді. Аталған талдаудың негізінде когнитивті лингвистиканың басты ұғымдарының бірі – фрейм жатады. Фрейм категориясын бірнеше ғылым салаларында қолдануды ұсынған М. Минский [128] болды. Ғалым фрейм категориясын жаратылыстану ғылымдарында, когнитивті лингвистика, когнитивті психология, қолданбалы тіл білімі, нейролингвистика т.б. ғылым салаларында қолданды. М. Минский алғашқылардың бірі болып жасанды

интеллект теориясындағы мәліметтер қорын ұйымдастырушы болды. Аталған мәліметтер қоры ондағы берілген ақпараттардың барлығын құрылымдауға және реттеуге мүмкіндік берді. Когнитивті лингвистикада фрейм ұғымын қолданатын жұмыстардың саны өте көп. Зерттеушілер жиі қолданатын фреймнің жалпы анықтамасы тәмендегідей көрінеді: білімнің когнитивтік құрылымы/білімді ұйымдастырудың категориялық ұстанымы мен конвенционалды бастауларымен сипатталатын, бір-бірімен өзара байланысты слоттардан, субфреймдерден тұратын, бір жағдаят төнірегіндегі білімді жеткізу құрылымы.

М. Минский фрейм терминін жасанды интеллект зерттеулерінің ғылыми аппаратына енгізе отырып, оны былай анықтады: «фрейм – стереотипті жағдаяттарды бейнелеуге арналған мәліметтер құрылымы» [128].

М. Минский фрейм теориясын адамның қабылдауы мен ойлау жылдамыдығын, сонымен бірге осы үдерістегі көзге көрінбейтін, бақылауға мүмкін емес менталды құбылыстарды түсіндіру мақсатында құрды. Ол әртүрлі ақпараттың әрбір фрейммен байланысты екенін көрсетті, мәселен, бір ақпарат фреймді қолдануға қатысты, екінші ақпарат әрі қарай не болуы мүмкін екенін ескерtedі, үшінші әрі қарай не істеу керектігін нұсқайды [129, с. 289].

Пәнаралық тарихи аспектіде фреймді түсіну психологияда, когнитивті психологияда гештальт ұғымымен, И. Тирдің семантикалық өріс теориясымен, лексикалық бірліктерді түсіндіру тұжырымдамасымен, Ч. Филлмордың негізгі мағына теориясы, септік семантикасы ұғымдарымен байланыста қарастырылады.

Лингвистикалық теорияларда фреймді түсіну сөз бен фрейм, айтылым мен фрейм, фрейм мен макұлдау, фрейм мен теріске шығару, фрейм мен болжам жасау, фрейм мен импликация арақатынасы мәселелерін шешуге көмектеседі. Фрейм мәтіннің мағыналық құрылымына салынған ақпаратты түсінуге қажетті білім түрі болып саналады. Мәтіндегі білім жүйесі автордың ойлау үдерісінің нәтижесін, оның пайым-түсінігі мен көзқарасының вербалданған түрін білдіреді және коммуникативтік бағдарымен ерекшеленеді.

Ч. Филлмордың септік грамматикасы фрейм теориясы мен жағдаяттық мағына теориясының алғышарттарын жасады деп айтуға болады. Галым [130] септік грамматикасын концептуалды сцена ретінде қарастырды. Ч. Филлмор фреймдерді прототиптік бейнелермен ассоциацияланатын тілдік талдау ретінде түсіндірді. Галымның пікірінше, фреймді мұлдем жаңа категория деп түсінуге болмайды. Өйткені ол жағдаяттық семантика теориясынан бастау алады [131].

Ч. Филлмор өз пікірін дәлелдеу үшін Дж.Ст. Миллдің лексикалық мағынаны логика-философиялық талдауына арналған тұжырымын [132] және И. Тирдің семантикалық өріс теориясын [133] және олардың шәкірттерінің (И.Л. Вайсгербер, Э. Кассирер) пікірлерін алға тартады. Дж. Милль коннотациялардың негізінде жатқан қатынастарды іргелі мағыналық қатынастар деп атады. Ч. Филлмор бұл қатынастардың семантикалық фрейм категориясына жақын екенін атап көрсетеді. И. Тирд семантикалық өріс теориясын дәлелдей отырып, сөз мағынасы жағынан байланысты басқа сөздердің жиынтығынан тыс өмір сүре алмайды деп тұжырымдады. Бұл дегеніміз тіл сейлермені сөз мағынасын түсіну

үшін сол сөзбен байланысты семантикалық өрістегі басқа сөздердің мағынасын білуі керек дегенді білдіреді.

Ч. Филлмор И. Трирдің лексикалық өріс концептуалды өрісті құрады деген пікірімен келіспеді. Оның пікірінше, концептуалды өріс белгілі бір лексикалық өрістегі лингвистикалық тіркестерді өзектейтін және тыңдаушыға сөз мағынасын түсінуге көмектесетін концептуалды сызбалардан тұрады. Сәйкесінше, мағына семантикалық өріс арасындағы байланыс нәтижесі болып шығады [134, с. 18-22].

Сонымен 1977 жылдан бастап Ч. Филлмордың ұсынуымен семантикалық немесе лексикалық өріс ұғымы фрейм деп, концептуалды өріс сызба деп аталады [135].

Ч. Филлмор фрейм категориясы бір жағынан семантикалық өріс ұғымына ұқсас деп есептеді, бірақ екінші жағынан фрейм семантикасы семантикалық өріс теориясынан айырмашылығы бар деп көрсетті. Фалым бұл айырмашылықты фрейм семантикасы тіл сейлерменіне сөз мағынасымен байланысты барлық лексема таныс болмаса да, ол сөздің мағынасын білуге мүмкіндік беретіндігімен түсіндіреді. Демек, фрейм бір сөзбен байланысты болуы мүмкін, бұл оның кез келген мәнмәтінде қолданысын қамтамасыз етеді. Ч.Филлмор лексеманың семантикалық өрістен тыс өмір сүре алмайтынын атап көрсетті.

Ч. Филлмордың фреймдік семантикасы қазіргі когнитивтік семантикамен тығыз байланысты, өйткені ол энциклопедиялық және концептуалдық білімді талдауға ерекше назар аударады [136, р. 223-239].

Фалым Т.А. Ван Дейк Ч. Филлмордың көзқарасын қолдамады, оның пікірінше, білім концептуалды жүйелерде ұйымдасады, оларды фрейм терминдері арқылы сипаттауға болады [137]. Ол фреймді мәтіндер мен оны түсіну арасындағы байланысты ашатын құрылым деп санамайды, өйткені фрейм стереотипті жағдаяттар туралы жалпы ақпаратты білдіреді. Автор фреймдер мәнмәтінге тәуелді емес және олар белгілі бір концептілермен ассоциацияланатын, негізгі, типтік және мүмкін болатын ақпараттарды қамтиды деп есептейді.

Лео Вайсгербер [138] адамның жеке сөздік қоры бірін-бірі анықтайды және бір-біріне ықпал етеді, соның нәтижесінде концептуалды құндылық пен маңыздылыққа ие болады деп тұжырымдайды.

Көптеген лингвистер фрейм категориясын мәтіндік фрейм бағытында қарастырады. Мұның мәні мәтіндік фреймдер лексемалардың жекелеген мағынасын емес, мағынаның жеке типтерін қарастыратындығымен түсіндіруге болады. Олар әртүрлі лексемалардың мағына типтерінің сәйкестігін, дұрыстығын анықтайды [134, с. 18-22].

Фрейм семантикасын зерттеуде Дж. Грубердің [139] мәтіндік фреймдерге негізделген теориясын ерекше атап өту керек. Фалым лексикалық бірліктердің мағынасын үш негізгі типке бөледі: лексикалық, концептуалдық және энциклопедиялық. Лексикалық мағынаны семантикалық метатілмен түсіндіреді: предикат, септік семантикасы, тақырыптық байланыстар. Концептуалдық

мағынаны сипаттаудың негізі бинарлық қатынастар, маркерлер, белгілер т.б. Энциклопедиялық мағына сөз мағынасымен ассоциативті байланысты білдіреді.

Тіл білімінде фрейм ұғымы дискурспен байланысты тереңірек зерттелді (Goffman 1974; Tannen, 1993). Э. Гоффманның түсінігінде, сөйлеу этнологиясы тұжырымы аясында фрейм сөйлеу жағдаятында анықталады. Сөйлеу жағдаяты белгілі бір ұстанымдарға құрылады, олар әлеуметтік оқиғаларды бейнелейді және оған адамдардың қатысуын реттейді [140].

Жоғарыда талданған фрейм теориясына қатысты ғалымдардың пікірлері фреймнің сөз мағынасымен байланысты екенін көрсетті. Дегенмен олардың арасында айырмашылық та жоқ емес. Соған назар аударалық. Тіл білімінде сөз мағынасы мен фрейм тілдік талдаудың түрлі деңгейлеріне жатады. Сөз мағынасы оның мағыналық мазмұнын құрайды, ал фрейм – білім мен концептілер арасындағы өара байланысты білдіретін құрделі құрылым. Сөз мағынасы мен фреймнің анықтамасын төмендегі кестеде (кесте 17) көрсетеміз.

Кесте 17 – Сөз мағынасы мен фреймнің анықтамасы

Ұғым	Анықтамасы	Зерттеушілер
Сөз мағынасы	Сөйлеуде қолданылатын және оны түсінуді қамтамасыз ететін, тілдік бірліктерге тән қасиеттердің жиынтығы.	А. А. Потебня (1862), Л. Витгенштейн (1953), С. Ульман (1962)
Фрейм	Мәнмәтінде сөздерді түсіндіретін және дүние туралы білімді ұйымдастыратын когнитивтік құрылым.	М. Минский (1975), Ч. Филлмор (1982), Дж. Лакофф (2004)

Сөз мағынасы мен фреймнің айырмашылығын төмендегі кестеде (кесте 18) көрсетеміз.

Кесте 18 – Сөз мағынасы мен фреймнің айырмашылығы

Өлшем-шарт	Сөз мағынасы	Фрейм
Құрылымы	Тұрақты мағынасы бар лексикалық бірлік	Өзара байланысты ұғымдар жүйесі
Ақпарат көлемі	Бір ұғымды бейнелейді	Бір-бірімен байланысты ұғымдар мен сценарийлерді қамтиды
Мәнмәтіндік сипаты	Мәнмәтінге тәуелсіз және шектеулі болуы мүмкін	Мәнмәтінге байланысты қалыптасады
Өзгермелілік сипаты	Тілде тұрақты болады	Жағдаятқа байланысты өзгеруі мүмкін

Л. Витгенштейн «Түстық ұқсастық» теориясында [141] сөз мағынасы оның әртүрлі мәнмәтіндердегі қолданысы арқылы қалыптасады деп жазады. Ч. Филлмор «Фрейм» теориясында [142] сөздер жекелеген мағыналарды сақтап қана қоймайды, концептуалдық құрылымдарды құруға ықпал етеді деп көрсетті. Дж. Лакофф «Когнитивтік» теориясында [143] сөз шындық дүниені түсіндіруге

көмектесетін фреймдерді өзектейді деп атап көрсетті. Мәселен, *дәрігер* деген сөз «аурухана», «емхана», «науқас», «емдеу» және т.б. фреймдерді өзектейді. Е.С. Кубрякова [144] фреймдер бір сөздің бір бүтін ұғымдық өріспен байланысты екенін түсінуге ықпал етеді деп жазады. Мысалы, «Үстел» сөзі Мағынасы: тамақ ішуге, жазуға арналған төрт сирақты, үсті тегіс үй жиһазы [84, б. 874].

Фрейм: «Ас үй», «кеңсе», «ас үй құралдары», «мереке», «жиналыс» т.б. ұғымдарды қамтиды.

«Көз дәрігері» сөзі

Мағынасы: көз ауруын емдейтін дәрігер [84, б. 628].

Фрейм: «Емхана», «науқас», «шағым», «емдеу», «ота жасау» т.б. концептілерді қамтиды.

Сөз мағынасы бұл оның негізгі семантикалық мазмұны болып шығады. Фрейм – ұғымдармен, сценарийлермен және жағдаяттармен байланысты құрделі когнитивтік құрылым.

Галымдар (Ч. Филлмор, Дж. Лакофф, Е.С. Кубрякова) сөз мағынасын фреймдерсіз түсіну мүмкін емес деп тұжырымдайды, өйткені сөздер концептуалдық құрылымдарды құйды. Фрейм – тілде бекітілген білімді талдауға және сипаттауға көмектесетін когнитивті лингвистиканың әмбебап құралы. Фреймді әртүрлі ғалымдар түрліше түсіндіргенімен, жалпы алғанда, фрейм дегеніміз тіл мен ойлаудағы ақпараттарды категориялауға және оларды түсінуге ықпал ететін менталды құрылым болып саналады.

Фрейм – дүниені түсіну мен білімді тілдік құрылымдар арқылы үлгілеу үшін қолданылатын когнитивті лингвистиканың тірек концептілерінің бірі. Әртүрлі ғылыми бағыттарда фрейм түрліше түсіндіріледі, бірақ жалпы алғанда ол ақпаратты жүйелейтін және ұйымдастыратын когнитивтік құрылым ретінде қарастырылады. Фрейм ұғымының анықтамасы берілген төмендегі кестеге (кесте 19) назар аударайық.

Кесте 19 – Фрейм ұғымының анықтамасы

Автор	Фрейм анықтамасы	Жылы
М. Минский	Фрейм – ақпаратты қабылдау және өңдеу үшін қолданылатын стереотипті жағдаяттарды бейнелейтін мәліметтер құрылымы.	1974
Ч. Филлмор	Фрейм – сөзді пайдалану немесе қабылдау кезінде өзектелетін, өзара байланысты ұғымдардан тұратын когнитивтік құрылым.	1981
Т. Ван Дейк	Фреймдер – қалыптасқан үлгілер бойынша ақпаратты ұйымдастыра отырып, мәтінді түсінуге және түсіндіруге көмектесетін білімдер сызбасы.	1999
Дж. Лакофф	Фрейм – тілдегі мағыналарды түсіндіруге ықпал ететін және тәжірибелі категориялау тәсілін анықтайтын құрылым.	2004
Е. С. Кубрякова	Фрейм – тілде бекітілген типтік жағдаяттар туралы білімдер жиынтығын бейнелейтін менталды құрылым.	2004

Фреймнің негізгі белгілеріне құрылымдық, динамикалық, когнитивтік, тілдік репрезентация жатады. Құрылымдық белгі фреймнің слоттардан (тірек бірліктерден) және сол слоттардың мағыналарынан тұратындығымен анықталады. Динамикалық белгі фреймдердің мәннәтінге байланысты өзгеріп тұратындығын көрсетеді. Когнитивтік белгі фреймдердің таным мен ойлау үдерістерімен байланысынан көрінеді. Тілдік репрезентация фреймдердің тілде сөздер, сөз тіркестер, тұрақты тіркестер, терминдер арқылы көрінетіндігімен анықталады.

М. Минский фреймдердің құрылымын анықтады. М. Минский бойынша фреймдердің құрылымы өзара байланысты үш бірліктен тұрады:

1. Өзек (негізгі ұғымдар) – құрылымның негізгі бірліктері.
2. Слоттар – фреймнің өзгермелі бөлігі.
3. Сценарий (оқиғалар) – фрейммен байланысты бірізді іс-әрекеттер.

Мысалы: «Мейрамханаға бару» фреймі

Өзегі: мейрамхана, даяшы, клиент, ас мәзірі.

Слоттар: тағам атаулары, бағасы, асхана тұрі.

Сценарий: мейрамханаға кіру → тапсырыс беру → күту → тамақтану → төлем жасау → кету.

Мысалы: «Көз дәрігерінде» фреймі

Өзегі: емхана, көз дәрігері, науқас.

Слоттар: шағым, көз ауру түрлері, емдеу түрлері.

Сценарий: көз дәрігеріне жазылу → емханаға кіру → күту → көзін көрсету → кенес алу/ем қабылдау → кету.

Фрейм типтері жағдаяттық фреймдер, институционалды фреймдер, терминологиялық фреймдер болып ажыратылады. Жағдаяттық фреймдер күнделікті қалыпты жағдаяттарды сипаттайтын. Мысалы, «Дүкендегі сауда», «Жұмысқа бару», «Тамақ дайындау» т.б. Институционалды фреймдер белгілі бір әлеуметтік институттармен байланысты болады. Мысалы, «Мектеп», «Балабақша», «Университет», «Колледж», «Сот», «Әкімшілік» т.б. Терминологиялық фреймдер ғылыми ұғымдарды қалыптастырады. Мысалы, «Көзге ота жасау», «Емтихан тапсыру», «Диссертация қорғау» т.б.

Тіл білімінде фреймдер сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналарын үлгілеуге көмектеседі, когнитивті және дискурстық талдауларда қолданылады, әртүрлі тілдердің концептілерін салғастыруға мүмкіндік береді.

Терминологияны талдау кезінде ең алдымен ұғымдарды жүйелейтін және тілдік және тілден тыс факторлары ескере отырып оларды бейнелейтін тілдік бірліктердің мағыналық ерекшелігін қамтитын білім құрылымына назар аудару қажет. Осындағанда білім құрылымы фрейм деп, ал оны талдау фреймдік талдау деп аталаады. Фреймнің сипатты (білімді ұйымдастырудың категориялық ұстанымы, типтік жағдаят туралы түсінік, нақты құрылған иерархиялық құрылым, конвенционалды қағидаттың болуы және өзгеру мүмкіндігі) терминологияны зерттеуде фреймдік талдау әдістемесін қолданудың тиімділігін анықтайтын: «Фреймдік талдаудың сөзсіз артықшылығы – қажетті ақпараттың барлық көлемін – лингвистикалық және экстралингвистикалық тарту мүмкіндігі,

лингвистикалық жүйені құрайтын басқа лексикалық бірліктердің мағынасынан айырмашылығын көрсететін мағынаны анықтауға мүмкіндік беретін тілдік және тілден тыс білімді есепке алуымен сипатталады» [145, с. 29-30].

Терминологиялық зерттеулерде ұғымдарды фреймдік ұлгілеудің екі түрі бар. Біріншісі терминологияны «тілдің, мәдениеттің және ойлаудың өзара әрекеттесуінің нәтижесі ретінде қарастыруға, мәдени ерекшеліктеріне назар аударуға мүмкіндік береді» [145, с. 29-30]. Екіншісі – фреймді пропозиция түрінде модельдеу – тезаурустық модельдеуде, мамандар мен аудармашыларды оқытудың дидактикасында қолданылатын дискурстағы ұғымдық белгіні іске асырудың ерекшелігін анықтауға және сипаттауға мүмкіндік береді [146, 147], [148, 149]. Жалпы алғанда, фреймдік талдаудың ұсынған мүмкіндіктері оны терминологияны зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Когнитивтік терминтанымды зерттеуші ғалымдар С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова терминді фреймдік талдаудың жоғарыда көрсетілген тұжырымдары мен түрлеріне сүйене отырып, кезеңдерін ұсынады [150, с. 52-71]. Әдістеме үш негізгі әдісті қамтиды – ұғымдық-фреймдік, корпустық-терминологиялық және анықтамалық. Бірінші кезең – нақты бір ғылым саласының ұғымдары мен оның фреймдік ұлгілерін анықтау. Екінші кезең – терминдерді сөздік анықтамалардан және мәтіндегі қолданысынан жинау. Үшінші кезеңде сөздік және мәнмәтіндік анықтамаларға семантикалық-когнитивті талдау жасалады, терминжүйедегі және терминдік лексикадағы ұғымдық белгілерді бейнелеу ерекшелігін анықтауға мүмкіндік беретін анықтамалардың пропозициялық құрылымы модельденеді.

Жоғарыда сөз болған терминді зерттеудегі когнитивтік талдау әдістерінің саны осымен шектелмейді. Терминді зерттеудегі когнитивтік талдау әдістері тіл біліміндегі когнитивтік-дискурстық бағыттың әдіснамасын негіздеуге мол материал берері сөзсіз.

Біз зерттеуімізде С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова ұсынған терминді фреймдік талдау әдістемесін басшылыққа аламыз. Фреймдік талдаудың әр кезеңін ашып түсіндіруді және нақты мысалдармен дәйектеуді зерттеудің екінші бөлімінде жүзеге асыруды мақсат етеміз. Нақтырақ айтқанда, зерттеудің 2.1 тараушасында қарастырылады.

Бірінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеудің бірінші бөлімі тақырыптың теориялық негізін зерделеуге арналды. Медициналық терминологияны когнитивті-фреймдік зерттеудің теориялық-әдіснамалық сұрақтары үш тараушада сипатталды. Бірінші тараушада терминологияны зерттеу тарихына хронологиялық ретпен шолу жасалды. Шетелдік және отандық терминтанымды зерттеудегі қалыптасқан функционалдық, семасиологиялық, ономасиологиялық, салғастырмалы, когнитивтік бағыттарға жан-жақты талдау жасалды.

Зерттеу жұмысымыздың келесі тараушасы когнитивтік терминтаным теориясының негізгі тұжырымдары мен ұстанымдарын зерделеуге арналады.

Когнитивтік терминтаным бойынша жазылған отандық және шетелдік еңбектерге шолу жасалды. Когнитивтік терминтанымдағы дүниенің тілдік бейнесінің зерттелуі қарастырылып, кестеленді. Қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтанымның зерттелуіне қатысты еңбектер толықтай талданып, диссертация, монография, мақала деңгейінде зерттелуі жеке-жеке кестеленді. Терминді когнитивтік көзқарас бойынша зерттеудің алты ұстанымы анықталып, сипатталды.

Диссертацияның келесі тараушасында дүниенің ғылыми бейнесі мен кәсіби тілдік тұлға ұғымдарының арақатынасын анықтау үшін дүние бейнесі, дүниенің концептуалды бейнесі, дүниенің тілдік бейнесі, дүниенің ұлттық бейнесі ұғымдары анықталды. Дүние бейнесі ұғымының анықтамасы кестеге түсіріліп, салыстырыла талданды, дүние бейнесі ұғымына анықтама ұсынылды. Дүниенің концептуалды бейнесі мен дүниенің тілдік бейнесі ұғымдарының арақатынасы анықталып, кестеге түсірілді. Дүниенің ғылыми бейнесіне тән негізгі белгілер және олардың сипаттамалары анықталды. Дүниенің тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесі ғалымдардың тұжырымдары арқылы талданып, айырмашылығы мен ортақ белгілері сараланды, нақты мысалдармен дәйектелді. Кәсіби тілдік тұлға категориясы ұғымы, құрылымы анықталды, ғалымдардың пікірлері талданып, нәтижесінде өз тарапымыздан анықтама ұсындық.

Зерттеудің келесі тараушасы терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдерін анықтауға арналды. Терминжасамдағы метафора және метонимия құбылыстарына қатысты жазылған теориялық зерттеулерге шолу жасалып, жеке-жеке талданды. Терминжасамдағы метафоралау мен метонимиялаудың когнитивтік механизмдері ғылыми және кәсіби дискурстағы маман мен оның ойлау үдерісінің нәтижесінде тілде бұрыннан бар заттар мен құбылыстардың ұқсастығына, байланысына негіздей отырып жаңа терминдер жасаумен анықталады.

Диссертацияның бірінші бөлімінің соңғы тараушасы фреймдік талдау әдісін зерттеуге арналды. Тіл біліміндегі фрейм ұғымы, фреймді зерттеуге арналған бірқатар теорияларды талдап, тұжырымдар жасалды. Фреймдік талдау әдісі, оның терминологияғы қолданысы, жалпы терминологиялық лексиканы зерттеудегі талдау әдістері, олардың негізгі ерекшеліктері талданды. Медициналық терминдерді талдауда фреймдік талдау әдісінің артықшылығы көрсетілді.

2 ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ КОГНИТИВТІ-ФРЕЙМДІК ТАЛДАУ (ОФТАЛЬМОЛОГИЯ ТЕРМИНДЕРІ БОЙЫНША)

2.1 Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді әдістемесі

Казіргі тіл білімі үшін ғылыми-бұқаралық медициналық дискурсты зерттеу ерекше қызығушылық тудырады. Зерттеушілер өз еңбектерінде медициналық дискурстың ерекшелігі дәрігер мен емделушінің қарым-қатынас жасау асимметриясында деп көрсеткен, нәтижесінде ұғыну проблемасы туындайды, медициналық дискурстың негізгі және қосымша стратегиялары анықталды, олардың ерекшелігі – дәрігердің сөйлеу әрекетінің стратегиясы емделушінің сөйлеу әрекетінің стратегиясынан үстем болуында, дәрігер мен емделушінің сөйлеу әрекеті қызығушылып, ақпарат беру, түрткі болу, модалды-бағалау, қарым-қатынас жасау, мета қарым-қатынас жасау түрлеріне топтастырылатындығын анықтады.

Дәрігерлік білімдерді насиҳаттау қажеттілігі медицинаның концепцияларының ауысуына байланысты және нәтижесінде, дәрігер мен емделушінің әрекеттесу үлгісінің өзгеруіне әкеледі. Медицинаның емделушіге бағытталған концепция аясында олардың әрекеттесу мен әріптестік деңгейін арттыру жолдарын іздеу көкейkestі мәселеге айналуда, сондықтан, бұл өз кезегінде медициналық терминологияны зерттеуге деген қызығушылықты арттырады. Тілде терминдердің ғылыми жүйесімен қатар тұрмыстық терминдер мен термин түсінігіне жуық терминоидтердің болуы – қалыптасқан және кеңінен таралған медициналық терминологияның басты ерекшелігі болып табылады, аталған қосымша тілді білу дәрігерлерді ерекше әлеуметтік топқа жатқызады. Зерттеушілер медициналық дискурсқа студенттер алдында дәріс оқу, әріптестер мен кіші қызметкерлермен ресми және биресми қарым-қатынас жасау, емделушілер карточкасына жазба жазу, аурулар тарихы, емделу парақтары, анықтамаларды жатқызады. Дәрігер мен емделушінің дискурсы арнайы терминологиясыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Термин медициналық дискурста ақпараттық, гносеологиялық, бағыт-бағдар беру қызметтерін атқарады. Термин «кәсіби қарым-қатынастың маңызды элементі мен кәсіби салада бағдар беретін маңызды тілдік когнитивті құрал, кәсіби ойлаудың сөйлеу арқылы сипатталған нәтижесі» ретінде сипатталады [151, с. 55], терминсіз медициналық дискурс мүмкін емес.

Осы туралы С.С.Исакова былай деп жазады: «.....Кәсіби тілдік тұлғаға бұрын берілген сипаттама (арнайы іс-әрекеттің түрлерін және дүниенің ғылыми бейнесін жасайтын сана деңгейі) кәсіби тілдік тұлға ретіндегі адамды анықтауға жеткіліксіз, өйткені оның маңызды қасиеті дискурс болып табылады (тәнімдік практикалық және адам бейнесін жасауға бағытталған сөйлеуден тұратын, екі жеке іс-әрекеттің бірлігінен құралған күрделі қызмет). Кәсіби тілдік тұлға дегеніміз дүниеде белгілі бір мақсатқа жету және қоршаған шындық дүниені бейнелеу үшін берілген

тілдің жүйелі құралдарын дискурста пайдалану тұрғысынан сипаталатын тіл тасуши адам. Дискурстың құрылышы когнитивтік, қызметтік деңгейге тән тілдік тұлға сияқты, лингвистикалық деңгейге тән кәсіби тілдік тұлға құрылышымен сәйкес келеді. Термин когнитивтік терминтаным тұрғысынан алғанда кәсіби тілдік тұлға дискурсының бірлігі болып есептеледі. Дискурс құрылышының күрделілігін ескере отырып, терминнің жасалу зандылығы мен қолданылуын зерттеу үшін дискурсқа көппарадигмалы талдау жасауды қолдану тиімді болады» [22, б. 222-229].

Қазіргі терминологияның дамуына байланысты, оның проблемалары сөйлеуде терминнің қолданылу тұрғысынан қарастырылады. Аталған аспект, біздің көзқарасымыз бойынша, медициналық терминологияны талдауда аса маңызды, себебі термин тілдің лексика-семантикалық және стилистикалық қеңістігін қалыптастыратын жалпы қолданылатын сөздер, кәсіби сөздер мен бейнелеу-сипаттау сөйлеу құралдары арқылы сипатталады. Осылайша, термин қеңінен қарастырылады: біріншіден, медицинаның әртүрлі саласындағы «арнайы білімнің» белгіленуі, екіншіден, дәрігер мен емделушінің қарым-қатынасындағы «арнайы білім мен тәжірибелінің» сипатталуы.

Медициналық дискурстағы терминдерді зерттеу олардың қолданысы кәсіби тәжірибеге байланысты екенін көрсетті. Біздің пайымдауымызша, кәсіби тәжірибе екі маңызды фактордан тұрады: кәсіби біліктілік пен кәсіби мәдениет. Дәрігердің тілдік бейнесі кәсіби біліктілік пен кәсіби мәдениет және ол емделушімен қарым-қатынас жасау барысында қолданатын тілдік құрылымдарға байланысты.

Дәрігердің терминологиялық қеңістігі емделуші тәжірибесі, дүниетанымы мен ақыл-ой дамуына байланысты. Көз ауруына шалдыққан науқас ауру басталған кезде сөйлеу барысында көзім бұлдырады, көзім қышиды, көзімнен жас ағады т.б. сөздерді қолданады. Көз дәрігері қабылдауына алғаш рет келген емделушінің тілдік бейнесі жалпы қолданыстағы лексика мен шектеулі білімге негізделеді. Ұзақ уақыт көзі көрмеген немесе көз ауруының түрлі дертіне шалдыққан адамның тілдік бейнесі өзгеріске ұшырап, көз ауруының түрлері, емдеу тәсілдері, дәрі-дәрмектерінің, көз ауруының белгілерін бейнелейтін терминдермен толығады. Арнайы терминологияны білу дәрігер мен емделушінің қарым-қатынас жасау, әрекеттесу мен аурумен күресуге көмектеседі.

Дәрігер емдең қана қоймай, өз саласы бойынша білімін жетілдірумен, зерттеулермен айналысады. Сондықтан ғылым тілінде терминдердің орны ерекше: олар ойды қысқа және дәл білдіруге мүмкіндік береді. Бірақ ғылыми еңбектердің терминдерден дәрежесі әркелкі. Терминдерді пайдалану жиілігі мәтінді ұсыну сипаты, мәтіннің бағытталуы, кәсіби және ғылыми тәжірибеге байланысты. Дұрыс терминді таңдай білу қажет, себебі медициналық терминологияда медицинаның әртүрлі салаларының квинтэссенциясы шоғырланған. Мәселен, эндокринологияда кардиология (жүрек ауруын емдеу), терапия (ем, емдеу), хирургия (ота жасау), генетика, урология, офтальмология (көз ауруын емдеу) және т.б. сияқты медицина бағыттарының терминдері қеңінен таралған.

Терминдерді дәрігер-мамандар мен емделушілер әртүрлі түсінеді. Мәселен, дәрігер үшін «қызыл көз» көздің мәлдір және нұрлы қабаттарының жіті қабынуын көрсететін, емдеуді қажет ететін аурудың түрі. Емделуші үшін бұл «ұйқысы қанбағандық», «шаршағандық», «көздің жасаурауы», «дәрі тамызу», «дәрігерге бару». «Қызыл көз» термині дәрігер-маман үшін – «бактериалды ауру», «зақымданудың ықтимал жолдары». Науқас үшін – ыңғайсыздық, қолайсыздық, аса мән бермеу, елемеу.

Жоғарыда көрсетілгенге байланысты термин семантикасы қарым-қатынас ерекшеліктері, емделуші дүниесінің тілдік бейнесі, сөйлеушінің ойлау, сөйлеу ерекшеліктеріне тәуелділігі туралы қорытынды жасауга болады. Медициналық термин емделүшінің когнитивті кеңістігінің негізгі құрамдас бөлігі болып табылады, себебі әлем туралы қажетті білімдерді сипаттайтын, когнитивті құрылымдарды қалыптастырудың негізгі бөлшегі болып саналады.

Медициналық дискурс үшін экспрессивтілік тән. Жалпы терминге эмоция-экспрессия, бейнелілік жат екені белгілі, бірақ медициналық дискурста терминдер ерекше қолданылады. Бұл туралы Б.Н. Головин қандай да бір бейнеліліктен айырылған термин қолданылу барысында мәнерлілікпен айтылуы мүмкін деген пікір білдірген [152, с. 365]. Тұрақтылықтан мәнерлілікке өзгеру үрдісі сөз тіркестері мен сөйлемдерді қысқартып айтудан көрініс табады. Мәселен, көз дәрігері: науқастың жағдайы нашарлады, сізде терең герпестік кератит асқынған деген сөз тіркестерін қолданады. Лексикалық қысқарту білікті дәрігерлер сөйлеуінде қолданылады, оның қолданысы тілдік құралдарды үнемдеуге байланысты. Бұл әсіресе ота жасау кезінде дәрігерлер үшін тән, дәрігердің бір ғана сөзі әрекеттерді жүзеге асыру үшін нұсқау болып табылады: Шприц! Тығын! Қысқыш! Бұл адамға отаны жасау кезінде сөз тіркестерін компрессивті құру ұстанымына тән.

Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивті-фреймдік талдаудың кешенді үлгісін ұсынамыз. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын таңдауда О.В. Гусельникованың фреймдік талдау мүмкіндіктері [145, с. 29-32], М.Г. Заседателеваның әдістемелік дискурста «Құзіреттілік» концептісінің бейнеленуі [146, с. 3-23], Ю.С. Смирнованың сепсис терминологиялық өрісін дефинициялық үлгілеудің когнитивті-дискурсивті аспектсі [147, с. 3-21], А.З. Абдурахманованың құрылыш терминологиясын лингвистикалық үлгілеу [148, с. 3-26], П.А. Фабердің терминология мен арнаулы тілге когнитивті лингвистикалық көзқарасы [149, р. 9-29], С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың көші-қон терминологиясын фреймдік талдау [150, с. 52-71] еңбектері негізге алынды. Аталған әдіснамалық еңбектердің барлығы арнаулы сала терминологиясын когнитивті-дискурстық, когнитивті-фреймдік талдауға арналған және талдау әдістерін ұсынады.

С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова терминологияны фреймдік талдаудың үш кезеңін ұсынды [150, с. 58]. Төменде зерттеушілер ұсынған зерттеу кезеңдерін кестеде (кесте 20) көрсетеміз.

Кесте 20 – Терминологияны фреймдік талдау кезеңдері (С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова бойынша)

Талдау кезеңі	Талдау кезеңінің атауы	Талдау бөлімдерінің атаулары
1-кезең	Ұғымдық-фреймдік	<p>а) арнаулы пәндік сала әдебиеттерімен танысу және талдау, ұғымдар жүйесін анықтау;</p> <p>ә) арнаулы сала ұғымдарын фреймдік ұлгілеу.</p>
2-кезең	Корпустық-терминологиялық	<p>а) салалық сөздіктер корпусын құрастыру;</p> <p>ә) терминдерді іріктеу және олардың анықтамаларын жинау;</p> <p>б) бұқаралық ақпарат мәтіндерінің корпусын құру;</p> <p>в) терминдік лексиканы және олардың мәннәтіндегі анықтамаларын жинау.</p>
3-кезең	Анықтамалық	<p>а) сөздік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау;</p> <p>а) мәннәтіндік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау;</p> <p>а) терминологияны анықтамалық ұлгілеу.</p>

С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппова ұсынған терминологияны фреймдік талдау әдістемесі әмбебап сипатқа ие, оны кез келген арнаулы ғылым саласының терминдерін фреймдік талдауға қолдануға болады. Бұл туралы авторлардың өздері ұсынылған әдістемені заманауи терминтанымды зерттеуде кеңінен қолдануға болатынын атап көрсетеді [150, с. 58]. Біздің зерттеуімізге аталған әдістеменің жақындығы зерттеу нысанымыздың қоғамдағы әлеуметтік маңызды мәселелерге байланыстырылығы, мәселен көші-қон терминологиясы мен медицина терминологиясы қоғамдық қатынастарда, адам өмірі мен құқығын қорғауда ерекше назар аударуды қажет ететін салалар болып саналады. Сөз болып отырған әдістеменің маңыздылығы мен артықшылығын айта отырып, біз өз тарапымыздан аталған әдістемеге бірқатар толықтырулар енгізе отырып қолдануды дұрыс санаймыз. Мұндай толықтырулар мен өзгертулердің негізі, біріншіден, зерттеу материалдарымыздың әртүрлілігі деп санаймыз. Ұсынылған әдістемеде зерттеушілер көші-қон терминологиясының мәтіндегі қолданыс ерекшелігін анықтау үшін бұқаралық-ақпарат құралдарындағы мәтіндерді талдаған. Біз офтальмология терминдерінің мәтіндегі көрінісін көз аурулары туралы оқулықтардан, оку құралдарынан талдауды мақсат етеміз. Екіншіден, ғалымдар ұсынған әдістеме бір ғана тілдің (француз тілінің) материалдарын талдауға арналған, сондықтан онда салғастырмалы аспекті берілмеген. Біздің жағдайымызда қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін салғастыра талдауды мақсат етеміз, сондықтан ұсынылған әдістемеге құрылышы әртүрлі тілдер терминологиясын салғастырмалы талдау әдісін де қосқан дұрыс деп санаймыз.

Ғалымдар ұсынған терминологияны фреймдік талдау әдістемесінің артықшылығы – онда тілдік материалдар корпусының бірден екі түрі талданатындығымен анықталады. Көші-қон терминологиясының арнаулы сөздіктері мен бұқаралық-ақпарат құралдарындағы мәтіндер таңдалып, олардан аталған пәндік салаға қатысты терминдер жиналады, анықтамалары сараланады және талданады.

Зерттеуіміздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивті-фреймдік талдаудың кешенді үлгісін төмендегі кестеде (кесте 21) ұсынамыз.

Кесте 21 – Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін салғастырмалы когнитивті-фреймдік талдаудың кешенді үлгісі

Тілі	Талдау кезеңі	Талдау кезеңінің атауы	Талдау бөлімдерінің атаулары
1	2	3	4
Қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы	1-кезең	Ұғымдық-фреймдік	а) офтальмология туралы әдебиеттермен танысу және талдау, ұғымдар жүйесін анықтау; ә) офтальмология ұғымдарын фреймдік үлгілеу.
			а) офтальмологиялық сөздіктер корпусын құрастыру; ә) офтальмология терминдерін іріктеу және олардың анықтамаларын жинау;
	2-кезең	Корпустық-терминологиялық	б) офтальмология окулықтар корпусын құру; в) терминдік лексиканы және олардың мәннәтіндегі анықтамаларын жинау.
	3-кезең	Анықтамалық	а) сөздік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; ә) мәннәтіндік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; б) терминологияны анықтамалық үлгілеу.

21 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
Ағылшын тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы	1-кезең	Ұғымдық-фреймдік	а) офтальмология туралы әдебиеттермен танысу және талдау, ұғымдар жүйесін анықтау; ә) офтальмология ұғымдарын фреймдік үлгілеу.
	2-кезең	Корпустық-терминологиялық	а) офтальмологиялық сөздіктер корпусын құрастыру; ә) офтальмология терминдерін іріктеу және олардың анықтамаларын жинау; б) офтальмология оқулыктар корпусын құру; в) терминдік лексиканы және олардың мәннәтіндегі анықтамаларын жинау.
	3-кезең	Анықтамалық	а) сөздік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; ә) мәннәтіндік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; б) терминологияны анықтамалық үлгілеу.
Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясын салғастырмалы талдау	4-кезең	Салғастырмалы	а) Терминдерді салғастырмалы талдау ә) Терминдердің метафоралық және метонимиялық үлгілерін салғастыра талдау б) Офтальмология терминдерінің қазақша-ағылшынша электронды сөздігін құрастыру

Қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясын анықтау мақсатында алдымен талдаудың үш кезеңін жүргізіп аламыз. Бірінші кезең ұғымдық-фреймдік талдауға арналады, ол екі бөлімнен тұрады: а) офтальмология туралы әдебиеттермен танысу және талдау, ұғымдар жүйесін анықтау; ә) офтальмология ұғымдарын фреймдік үлгілеу. Бірінші бөлімде қазақ тіліндегі көз ауруларына қатысты мақалалармен, монографиялармен танысамыз. Бірнеші кезеңнің екінші бөлімінде қазақ көз

аурулары ұғымдарын фреймдік үлгілейміз. Талдаудың екінші кезеңі корпустық-терминологиялық деп аталады, ол төрт бөлімнен тұрады: а) офтальмологиялық сөздіктер корпусын құрастыру; ә) офтальмология терминдерін іріктеу және олардың анықтамаларын жинау; б) офтальмология оқулықтар корпусын құру; в) терминдік лексиканы және олардың мәннәтіндегі анықтамаларын жинау. Талдаудың екінші кезеңін қазақ тіліндегі офтальмология сөздіктерін іріктеуден бастаймыз. Таңдал алған сөздіктерден терминдерді және олардың анықтамаларын жинаймыз. Келесі кезекте қазақ тіліндегі офтальмология оқулықтары мен оқу құралдарын іріктейміз, олардағы терминдерді және олардың анықтамаларын жинаймыз. Талдаудың үшінші кезеңі анықтамалық деп аталады, ол үш бөлімнен тұрады: а) сөздік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; ә) мәннәтіндік анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдау; б) терминологияны анықтамалық үлгілеу.

Зерттеудің келесі қадамы ағылшын тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясын жасауға арналады. Жоғарыдағы қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясын анықтауға арналған талдау кезеңдері мен бөлімдері ағылшын офтальмология терминдерін талдауға қолданылады, сондықтан оны қайталарап көрсету қажет емес деп есептейміз.

Талдаудың келесі кезеңі қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясын салғастырмалы талдауға арналады, сондықтан бұл кезеңді талдау әдістемесінің төртінші кезеңі деп белгілеп, салғастырмалы кезең деп атадық. Аталған кезең үш бөлімнен тұрады: а) қазақ және ағылшын офтальмология терминдерін салғастырмалы аспектіде талдаймыз; ә) екі тілдегі терминдердің метафоралық және метонимиялық үлгілерін салғастыра талдаймыз; б) офтальмология терминдерінің қазақша-ағылшынша электронды сөздігін құрастырамыз.

2.2 Қазақ тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы

Қазақ тіліндегі офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясын құру үшін зерттеуіміздің 2.1 тараушасында ұсынылған медициналық дискурстағы көз аурулары терминдерін салғастырмалы когнитивті-фреймдік талдау әдістемесін пайдаланамыз. Талдаудың бірінші кезеңі бойынша қазақ тіліндегі офтальмология терминжүйесінің ұғымдық-фреймдік сипатын анықтауға ұмтыламыз. Ең алдымен қазақ халық медицинасының дамуына, оның ішінде көз ауруларына қатысты жазылған ғылыми еңбектерге, арнайы зерттеулерге, макалаларға назар аударамыз.

Көз аурулары туралы таным-түсініктер ежелгі дәуірден бастау алады. Көру мүшелері сыртқы дүниені танудың маңызды құралы болып саналады. Қоршаган орта туралы негізгі ақпарат миға көз арқылы жетеді. Барлық сезім мүшелері сияқты көз сигналдарды қабылдау қызметін атқарады. Сондықтан оған форманы, түр-түсті және құмыл-қозғалысты қабылдау тән. Адамға көзден артық ең мықты, ең адаптациялық көздеңінде көз ауруларынан қабылдау болады.

Адамзат өзінің дамуымен бірге көптеген аурулармен күресіп және оларды емдеу тәсілдерін табуға ұмтылып келеді. Көз ауруларын емдеу қазақ халық медицинасынан бастау алатынын көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар дәлелдейді. Қазақ даласындағы алғашқы медициналық көмек, аурудың түрлері, оларды емдеу тәсілдері туралы М.Я. Ястребов «Қырғыз шамандары» (1851), И. Лосьев «Қырғыз даласындағы медицина» (1874), В.Н. Плотников «Қырғыз халық медицинасы туралы» (1892), А.А. Диваев «Қырғыздардың нағым-сенім саласынан. Бақсы емдеуші және сиқыршы ретінде» (1899), А.Е. Алекторов «Қырғыздардың аурулары және оларды емдеу құралдары» (1900), А. Васильев «Торғай облысының қырғыздарының ауруларды емдеу кезінде қолданған халықтық тәсілдері мен құралдары» (1901), А. Диваев «Қырғыз аурулары және оларды «бәдік» жырлары арқылы емдеу» (1907), А. Виноградский «Орта Азия ауылдарындағы емшілік» (1909) және т.б. еңбектер жарық көрген. Аталған еңбектер сол кезде қазақ даласын арнайы зерттеуге келген орыс ғалымдары тарарапынан жазылған. Бұл еңбектердегі берілген мәліметтер қазақ даласында ауырған адамды емдеу тәсілдерінің пайда болу тарихы әріден басталатынын көрсетеді. Осы сала бойынша зерттеулердің жалпытүркілік негізін көрсететін зерттеулерді де атап өту қажет. Мәселен, М.М. Содномпилова, Б.З. Нанзатов «XIX-XX ғасырдың басында ішкі Азиядағы түркі-монғол халықтарының көз аурулары туралы дәстүрлі түсініктері: ауру табигаты, алдын алу және емдеу» [153, с. 147-159] деген мақаласында бурят, монгол, ойрат, якут халықтарындағы катаракта, глаукома, трахома және тағы басқа көз аурулары және оларды емдеу тәсілдерінің болғандығын жазады. З.И. Минибаевың «Халық медицинасындағы Гайнин башқұрттарының көз ауруларын емдеуі» [154, с. 232-238] мақаласында теріскен, көзге ақ түсу, тауық соқырлығы, соқырлық, катаракта сияқты көз ауруларының пайда болу себептері мен емдеу тәсілдерін түркі мифологиясымен байланыстыра отырып талдаған. Аталған ғылыми еңбек түркі халықтары көне замандардан бастап көз ауруларын ажыратып, олардың емдеу тәсілдерін ойлап тапқандықтарын дәлелдейді. Л.К. Текееваның «Солтүстік Кавказ түркітілдес халықтарының этномедицинасындағы дәстүрлі түсініктерінің бейнеленуі» [155, с. 104-107] еңбегінде түркі халықтарының емдеу-сауықтыру мәдениетінің тарихы көне ғасырлардан бастау алатынын және өте жоғары деңгейде дамығанын атап көрсетеді. Дәстүрлі-түрмисстық білім ауру түрлерін ажыратып қана қоймай, оларды тиімді емдеу жолдарын ұсынғанын, оның негізі түркі халықтарының табигатпен етене жақын өмір сүруі, көшпелі мал шаруашылығын жетік білуі деп көрсетеді.


Қазақ халық медицинасының ерте кездерден пайда болғанын дәлелдейтін Ш.Ш. Уалиханов (1985), Е. Оразаков (1989), А.Т. Төлеубаев (1991), Е. Әбілқасымов (1993), Ж. Дәуренбеков және Е. Тұрсынов (1993), К. Байбосынов және Ә. Исақов (1995), Ә. Әбдіраман (2002) т.б. еңбектерде ежелгі қазақ халық медицинасы, ауру түрлері, емдеу тәсілдері туралы жан-жақты айттылады.

А. Алдашев, Ж. Әлімханов «Қазақтың халық медицинасының құпиясы» [156, б. 87] еңбегінде XIX ғасырда қазақ даласында еңбек еткен А.Я. Соколов

бақсылардың күрделі оталар жасағанын атап көрсетеді деп жазады. Қазақтар қықтың тасын тұсіруді, катарактаны емдеуді, сынықты салуды, тамырлардан қан шығаруды, тамыр басу арқылы ауру түрін анықтауды, бас ауруларын емдеуді, ыстықты басуды т.б. жақсы білген деп көрсетеді. Қанды тоқтату үшін жолжелкен жапырағын басқан, киіздің немесе мақтаның күлін сепкен деген мәліметтер келтіреді. К.В. Джумагалиева, Н. Сармурзина, Г.К. Кайргалиевалардың «Қазақ халық дәстүрлі медицинасының тарихы» [157, с. 122-124] зерттеуінде қазақ халық медицинасы ауруларды емдеумен шектелмегендігін, XV ғасырда Жәнібек хан тұсында өмір сүрген Өтейбайдық Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» еңбегі маңызды теориялық дереккөз екенін атап көрсетеді. Ө. Тілеуқабылұлы медицинамен бірге қазақтың ұлттық психологиясының негізін қалаушы ретінде танымал, оның еңбегінде көптеген психология терминдері анықтамаларымен берілгендей туралы зерттеуші С. Исакова өз зерттеуінде жазады [158, б. 14-18]. Ғұлама «Шипагерлік баян» еңбегінде қазақтың емдеу өнерінің мән-мағынасын толық ашып береді. Аталған еңбек қазақтың халық медицинасын теориялық түрғыдан жүйелеп берген құнды құжат болып саналады. Зерттеушілер XV ғасырда осындай теориялық негізді еңбектің жазылуының себептерін былай көрсетеді: 1) Жәнібек ханмен таныстыры; 2) ғұламаның Жәнібек ханның кеңесшісі Жиренше шешенмен жақын болуы және оның шипагерлік әрекетке ықпалының болуы; 3) 8 жасынан бастап әкесі Тілеуқабылдан естіген және білген нәрселерін жазып жүретін әдеті; 4) өзінің жек тәжірибесінің нәтижесі; 5) Шығыс және орта Азия ғұламаларының еңбектерімен таныс болуы; 6) халқына және еліне деген адалдық [157, с. 123].

Ғұлама еңбегінде «Қанықталғы», «Нарықталғы», «Дарымдалғы» деген үш тарау кездеседі. «Қанықталғы» деп аталағын бөлімде аурудың түрлеріне анықтама беріледі, «Нарықталғы» бөлімінде ауруға нақты диагноз қойылады, «Дарымдалғы» бөлігінде ауруды емдеу әдістерін сөз етеді. Ө. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» еңбегінде көз ауруларына қатысты көзгі (көру), көзаялық (көзбен көрген), тантал (көз), ая керімі (ноғала), қарашықтың буқараңғы (соқыр, көз жүйесінің солуы), дуқараңғы (қарашыққа ақ тұсу, қарашық іші дөңгеленіп ағаруы), көрсоқыр (тума соқыр), танты (қызылкөз), шелей (шел) [159, б. 438-463] атаулары берілген. Бұдан көз аурулары туралы қазақ халқының пайым-түсінігі, ұғымдар жүйесі ертеден қалыптасқандығын және оны емдеу жолдары, емдік дәрі-дәрмектерді жасау халықтың тәжірибеде XV ғасырдан бастап белгілі болғанын аңғару қыын емес.


Зерттеудің бірніші кезеңінің екінші бөлімі көз аурулары ұғымдарын фреймдік үлгілеуге арналады. Жоғарыда шолу жасалған ғылыми еңбектер, олардағы көз аурулары туралы алғашқы таным-түсініктер, XV ғасырда пайда болған «Шипагерлік баян» еңбегіндегі терең теориялық тұжырымдар көз аурулары ұғымының фреймдік үлгісін құруға мүмкіндік берді. Оны төменде сурет (Сурет 1) түрінде көрсетеміз.



Сурет 1 – Көз аурулары ұғымының фреймдік үлгісі

«Көз аурулары» фреймінің ұсынылған үлгісі тек осындай мазмұнда болады деген ойдан аулақпыш, аталған үлгі әрі қарай толықтырылып, кіші фреймдерге жіктеле алады. «Көз аурулары» фреймі ғылым дамыған сайын оның бүрын анықталмаған түрлері, диагноз қоюдың тиімді әдіс-тәсілдері мен оларды емдеу жолдары толығып отыратыны белгілі және бұл терминдік жүйенің өзгермелілік сипатын айқындайды. Аталған фрейм науқас адам мен көз дәрігерінің қарым-қатынасы түрғысынан да бірнеше кіші фреймдерге жіктеледі.

Көрү мүшесінің қызметін және құрылышын, көз ауруларын зерттейтін ғылымды офтальмология (көз туралы ілім) деп атайды. Ол XIX ғасырда жеке пән ретінде қалыптасты. Енді көз туралы ілімнің ұғымдық-фреймдік суретін (сурет 2) төмендегідей ұсынамыз.



Сурет 2 – «Офтальмология» фреймінің ұлгісі

Жоғарыда айтқанымыздай, ұсынылған ұлгідегі әрбір фрейм кіші бірнеше фреймдерден тұрады. Мәселен, көз ауруының түрлері өз ішінде қабақтың ауруы, көз жасы мүшесінің ауруы, шырышты қабықтың ауруы, қасаң қабықтың ауруы,

ақ қабықтың ауруы, тамырлы қабықтың ауруы, көз бүршақтың ауруы, шыны тәрізді дененің ауруы, тор қабықтың ауруы, көру жүйкесінің ауруы, көз ұясының ауруы және т.б. болып ажыратылады.

Зерттеудің екінші кезеңі корпустық-терминологиялық аппаратты құруға арналады. Екінші кезеңнің бірінші бөлімі көз ауруларына қатысты сөздіктер корпусын құрастырудан бастаймыз. Бұл кезеңде қазақ тіліндегі көз ауруларына қатысты барлық сөздіктерді, оның ішінде түсіндірме, қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктерді, анықтамалықтарды жинаймыз. Жиналған терминологиялық сөздіктер корпусын төменде кестеде (кесте 22) хронологиялық ретпен көрсетеміз.

Кесте 22 – Медициналық терминологиялық сөздіктер корпусы

P/c	Сөздік атауы	Авторлары	Шығыс мәліметтері
1	2	3	4
1	Анатомия терминдерінің қазақша-орысша-латынша сөздігі	А. Рақышев	1-бөлім. Алматы, 1963. – 87 б.
2	Медициналық анықтамалық	М. Исамбаев, А.А. Сүлейменов	Алматы, 1965. – 125 б.
3	Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі	Қ. Жалмұхамедов	Алматы, 1977. – 96 б.
4	Медицина терминдерінің орысша-қазақша сөздігі	М. Исамбаев. Ш. Сәрсенова	Алматы, 1982. – 408 б.
5	Физиология атауларының орысша-қазақша түсіндірме сөздігі	С.Ж. Керімбеков	Алматы: Қазақстан, 1992. - 280 бет.
6	Медицина терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі	Қ. Аяпбергенова	Алматы, 1994.
7	Орысша-қазақша медициналық сөздік	М. Мырзабеков.	Алматы, 1995.
8	Тәнтану атауларының латынша-қазақша-орысша сөздігі	С.Ж. Керімбек	Алматы: Ана тілі, 1996. - 208 бет.
9	Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі	С. Төлеуова, Ж.Ф. Мұстафина	Алматы: Көусар бұлақ, 1998. – 107 б.
10	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Медицина. 15-том.	Жалпы ред. А.Құсайынов.	Алматы: "Рауан", 2000. - 320 б.
11	Ағылшынша-қазақша медициналық сөздік	Т. Момынов, А. Рахышев, Г. Ақжігітов	Алматы, 2003.
12	Международная анатомическая номенклатура	А. Рақышев.	Алматы: Асем-Систем, 2003. - 296 с.

22 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
13	Медицина терминдерінің сөздігі	М. Ахметов	Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. - 640 б.
14	Медицина лексикасының ұялы әдіспен жасалған сөздігі	Аяпбергенова Г.К.	Алматы, 2006.
15	Адам анатомиясының атласы	А. Рақышев	I-IV томдар, Алматы, 2006.
16	Қысқаша орысша-қазақша медицина терминдерінің сөздігі	А.Ә. Тәмен, К.К. Капенова, М.Е. Тебенов	Қарағанды, 2007. - 50 б.
17	Медицина терминдерінің сөздігі	Ахметов Мұхамбетия Ахмет-Төре	Астана, 2008.
18	Медициналық терминдер сөздігі. Орысша-қазақша-ағылшынша	М.А. Ахметов	Алматы: Дайк –Пресс, 2009. -800 бет
19	Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, 14-ші томы, Медицина.	Б. Шакенов, А. Құсайынов және т.б.	Алматы: «Қазақпарат» баспа корпорациясы, 2014.- 532 б.
20	Орысша-қазақша медициналық сөздік=Русско-казахский медицинский словарь	Т.А. Момынов и др.	ҚР Денсаулық Сақтау Министрлігі, С. Асфендьяров атындағы ҚҰМУ. – Алматы, 2014. – 536 с.

Жиналған медициналық сөздіктер корпусы 20 бірлікті құрады. Сөздіктердің жарыққа шыққан жылдары 1963-2014 жылдарды қамтиды. Лексикографиялық дереккөздердің ішінде екі сөздік көз аурулары терминдеріне арналған. Олардың бірі – Қ. Жалмұхамедовтің «Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» (1977) және екіншісі – С. Төлеуова, Ж.Ф. Мұстафинаның құрастырган «Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі» (1998). Қалған 18 сөздік жалпы медицина терминдерінің әртүрлі терминологиялық сөздіктерін қамтиды. Зерттеуміздің екінші кезеңінің екінші бөлімі бойынша біз аталған сөздіктердің ішінен көз ауруларына қатысты терминдерді және олардың сөздікте берілген анықтамаларын жинағық. Олардың жалпы саны 500-ге жуық терминді құрады.

Талдаудың екінші кезеңінің үшінші бөлімі офтальмология оқулықтар корпусын құруға бағытталды. Талдауға алынған оқулықтар тізімін төменде кестеде (кесте 23) ұсынамыз.

Кесте 23 – Офтальмология оқулықтар корпусы

P/c	Оқулық, оқу құралы атавы	Авторлары	Шығыс мәліметтері
1	Глаукома	Ж.Г. Мустафина	- Алматы, 1995. – 150 с.
2	Көз аурулары: оқулық	К.Б. Көшеров, Т.Ф. Өтелбаев, А.Н. Жұматаев	- Алматы: Д.А. Қонаев атындағы Гуманитарлық ин-ты, 1997. – 454 б.
3	Спазм аккомодации: учебное пособие	Т.С. Төлеуова, Ж.Г. Мустафина, А.В. Балмуханова	- 2-е изд. – Алматы, 2008. - 196 с.
4	Офтальмология: оқулық	Ред. басқарған проф. Е.А. Егоров, қазақ тіліндегі ред. басқарған проф. З.У. Ахмедьянова	- Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2015. – 480 б.
5	Көз аурулары: медициналық колледждерге арналған оқулық	Е.А. Егоров, Л.М. Епифанова; жауапты ред.: Б.Ә. Құдабаев; Қ.М. Утепов	- Москва: ГЭОТАР-Медиа, 2016. – 310 б.
6	Глаукома: оқу құралы	З.У. Ахмедьянова, К.Т. Ермекова, Ж.С. Даутбаева және т.б.	- Астана: Астана медицина университеті KeAK, 2015. – 53 с.
7	Офтальмопатологияның тандалған тараулары: оқу құралы	З.У. Ахмедьянова, К.Т. Ермекова	- Алматы: Эверо, 2017. – 148 б.

23-кестеде көрсетілген оқулықтар мен оқу құралдары қазақ тіліндегі офтальмология оқулықтар корпусын құруға негіз болды. Көріп отырғанымыздай, қазақ тілінде әлі де болса оқулықтардың, оқу құралдарының осы ғылым саласы бойынша саны аз екені байқалады. Көрсетілген оқулық корпусынан қазақ тіліндегі офтальмология терминдері мен олардың анықтамалары жиналды.

Талдаудың үшінші кезеңі анықтамалық деп аталады. Аталған кезең үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде қазақ тіліндегі офтальмология терминдерінің сөздік анықтамалары семантикалық-когнитивтік талдауға түседі. Зерттеудің осы кезеңіне назар аударайық.

Медициналық дискурста терминді зерттеуге когнитивті көзқарас ақпараттық қеңістіктің негізгі құрылымдық бірлігін – шындық пен типтік жағдаяттың белгілі бір фрагментінің ерекше үлгісі болып табылатын фреймді анықтады, «... заттардың кейбір стереотиптік жағдайы – жағдаят, оқиға, факт, құбылыс, үдеріс, әрекет, қандай да бір материалдық немесе материалдық емес

нысан туралы білімнің иерархиялық құрылымы» [160, с. 310]. Терминнің табиғатын қарастырған кезде когнитивті бағытқа тоқтала отырып, біз терминнің фреймдік сипатын анықтауға және ұсынуға тырыстық. Термин адамның танымдық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылады және белгілі бір саладағы білім деңгейін көрсетеді. Адамның алған білімін бекіте отырып, терминнің өзі осы білімнің (ғылымның) құралына айналады, өйткені бұл білімді тереңдетуге, байытуға және басқаларға жеткізуге мүмкіндік береді.

Термин-фреймдер ғылымның жекелеген бөліктерін ғана емес, сонымен қатар олардың иерархиялық құрылымын, олардың тілдік көрінісінің толықтығын анықтауға ықпал етеді. Сонымен қатар, терминнің фреймдік сипаты адамның санаасында ғылыми білімді формальды түрде құрылымдауға мүмкіндік береді.

Біз медицинаның пәндік салаларына жататын офтальмология терминдерінің анықтамалық фреймдерін талдаймыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей, термин мен фреймге шектеу белгісінің ортақтығы тән. Бұл терминнің фреймдік сипатын көрсетеді. Термин анықтамада ашылатын ұғымды білдіреді, ал анықтама өз кезегінде белгілі бір сұлбаны белгілейді, яғни терминнің фреймдік сипаты ең алдымен оның анықтамасынан көрінеді. Анықтамалық сұлбалар әртүрлі байланыстар мен қатынастардың көмегімен өзара байланысты, осылайша ғылыми білімнің құрылымын құрайды. Бұл құрылымда бір уақытта басқа бірдей сұлба-анықтамалардың бөліктері болып табылатын элементтер болуы мүмкін.

Терминнің фреймдік сипатын көрсету үшін біз көз аурулары атауларының бірнеше анықтамаларына мысал келтіреміз, өйткені біздің зерттеу пәніміз осы пәндік білім салаларына қатысты арнайы лексика болып табылады.

Суқараңғы (глаукома, желтая вода) – көздің ішкі қысымы артып, көру қабілетінің нашарлауы. Ол өз алдына дербес, сондай-ақ басқа бір аурудың салдарынан да болатын ауру. Мұнда көз қарауытып, айналадағы заттар қосарланып көрінеді. Бара-бара көру мүлде нашарлайды. Ауру ұзаққа созылады да, нерві жүйесі семеді, сөйтіп адамның соқыр болуы да мүмкін. Көз ауруына ұшыраған адам дәрігерге (окулистке) көрініп, ұзақ уақыт, ерінбей-жалықпай емделіп, дәрігердің еңбек, тұрмыс және тағам тәртібі жөніндегі кеңесін мүқият орындау қажет [161, б. 123].

Суқараңғы (глаукома) – көз ауруларының ішінде жиі кездесетін аурудың бірі. Бұл ауруға 40-тан асқан адамдар жиі ұшырайды.

Суқараңғы ауруының негізгі белгісі – көздің ішкі қысымының көтерілуі. Көздің ішкі қысымы (ортальмотонус) көздің ішкі сұйық затының эсерінен көз алмасы қабырғасына құш түсіріп, кернеп тұрады. Әдетте, сау адамда көздің ішкі қысымы сынап бағанасымен 18-ден 25 миллиметрге дейінгі мөлшерде болады.

Суқараңғының кенеттен жылдам басталатын түрі бар. Сырқат табандада көз ұясының және басының қатты ауырғанын байқайды, «бас сақинасы» басталғандай күйге түсіп, ауру шекеге, мәндайға беріледі, жүргегі айниды, тіпті, құсатын кездері де болады. Көздің өткірлігі тез кемиді, ауырған көздің алдында тұман, тұтін тұрған сияқты болады, әдетте көз қатты қызарады. Егер көзді қолмен байқаса, көз қатты болып білінеді.

Суқараңғының екінші түрі білінбей, көз қызармастан, ауырмastaн басталады. Бұл түрі өте қауіпті. Өйткені, көздің өткірлігі сырқатқа білінбей кеми береді. Көздің көру нервісі суалып, семеді. Суқараңғының бұл түрімен ауырған адам кенеттен сау көзін шел жапқанда байқайды, болмаса дәрігерге барып көздің көру қабілетін немесе оның қысымын тексерктенде ғана білуі мүмкін.

Суқараңғылықтың басты белгісі – көру нерві дискісінің жиегіндегі – экскавация (жиектік, суқараңғылық). Қан тамырлары диск шетіне жеткенде үзілгендей болады да, дискінің өзі көздің ішкі қысымының ұзак уақыт артуы салдарынан төмен қарай ығысады [162, б. 10-12].

Суқараңғы – көздің ішкі қысымының жоғарылауымен сипатталатын көз ауруының бір түрі [163].

Теріскең терминінің анықтамаларын төменде кестеде (кесте 24) көрсетеміз.

Кесте 24 – Теріскең терминінің анықтамалары

Термин	Анықтамалары
Теріскең (ячмень)	– кірпік түбіршіктерінің қапшықшасы мен кірпік бездерінің қабынып, іріндеп ауруы. Оны кірлі қол арқылы көзге түскен стафилакокк микробы қоздырады. Сондай-ақ адамның жүдеуі, қаны азаюы немесе басқа ауруға шалдығуы да теріскең шығуына себепші болады. Мұнда қас жиектері қызырып іседі, ірінді қабыршықтар жиналады. Кірпік түбіндегі ірінің көзге жайылуы, көздің ақ қабығын қабындыруы да мүкін. Сондықтан теріскеңді тек дәрігер емдеуге тиіс. Емге пенициллин, альбуцид дәрілері қолданылады. Теріскеңді сығуға болмайды. Онда ісік асқынып, бетке жайылады, денсаулыққа қауіп төнеді [161, б. 129].
Теріскең	– қабақтың шетінде пайда болатын, ауырсынатын, қызыл төмпешік. Түрі белеуге ұксайды. Теріскең кірпіктің тамырына (фолликул) бактерия түскенде пайда болады. Бұл қабақтың май бездерінің бітелуіне және жұқпалануына апарады. Ауру жеңіл жайсызың пайда болуымен сипатталады, бірақ, әдетте, емделіп, жазылады. Теріскең әсіресе, балалардың арасында кең таралған [164].
Теріскең	– қабақтың шырышты қабатының қабынуы әсерінен пайда болатын, пішіні кішкене дәнге сәйкес келетін ірінді жара. Ол бір уақытта бір көзде бірнешеуі пайда болуы немесе екі көзге бірдей шығуы мүмкін. Бірақ, бұл жағдайлар сирек кездеседі. Қабынудың белгілері: – Көздің қызаруы; – Жіп жас ағу; – Қышу; – Жарықтан көздің тітіркенуі; – Көздің ішкі бөлігі ісінеді. Теріскең ішкі және сыртқы болып жіктеледі. Теріскеңді тудыратын бактериялар – стафилококтер. Ол әрбір адамның денесінде өмір сүреді. Көп жағдайда тыныш өмір сүргенімен, кейде белсенді болып, ірінді аурулар тууына себепші. Стафилококк мынандай ағзаларға түскен кезде, теріскең пайда болады: – Кірпіктердің фолликулы, яғни, түктердің орналасу аймағы; – Май бездерінің қабынған аймағы; – Көздің күрғап кетуден қорғайтын бездің бөліну аймағына түссе [165].

Сұқараңғы және теріскен терминдерінің келтірілген анықтамалары терминдердің анықтамасының өзі белгілі бір жағдаятты анықтайтындығын және мысалдардан көрініп түрғандай, бұл жағдаят анықтамалық мәтінде толық сипатталғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, анықтама – бұл адамның миында бекітілген және белгілі бір білім саласына тән стереотиптік жағдаят (біздің жағдайда суқараңғы және теріскен).

Сұқараңғы және теріскен терминдерінің анықтамасының өзегінде ауру туралы жалпы білімді білдіретін тектік ұғым бар. Жоғарыда келтірілген анықтамаларда олар: көз қысымы, көздің ішкі қысымы, көру қабілетінің нашарлауы, көздің ішкі қысымының көтерілуі, кірпік түбіршектерінің қапшақшасы, кірпік бездерінің қабынуы, қабақтың шетіндегі қызыл төмпешік, ірінді жара. Бұл жоғары деңгейдегі тектік ұғымдар жағдаятты атайды және сонымен бірге төменгі деңгейдегі түйіндерге (түрлік белгілерге) нұсқау береді. Төменгі деңгейдегі түйін-терминалдар нақты мәліметтермен толтырылады. Мысалдарда мұндай мәліметтер түрлік белгілер болып табылады: мұнда көз қарауытып, айналадағы заттар қосарланып көрінеді, бара-бара көру мүлде нашарлайды, нерві жүйесі семеді, көздің өткірлігі тез кемиді, қас жиектері қызарып іседі, ірінді қабыршақтар жиналады, ірің көзге жайылады, жиі жас ағады т.б.

Теріскен қабақтың шырышты қабатының қабынуы әсерінен пайда болатын, пішіні кішкене дәнге сәйкес келетін ірінді жара. Эр терминалда берілген жағдаятты неғұрлым егжей-тегжейлі түсіну себептерін көрсететін бірқатар көрсеткіштер бар. Жоғарыда келтірілген мысалдардағы мұндай көрсеткіштер көздің қызаруы, жиі жас ағу, қышу, жарықтан көздің тітіркенуі, көздің ішкі бөлігінің ісінуі, ауырған көздің алдында тұман, тұтін түрған сияқты болады, көздің өткірлігі сырқатқа білінбей кемі береді, қан тамырлары диск шетіне жеткенде үзілгендей болады.

«Ауру тарихы» медициналық құжатында аурулардың анықтамасы нақтырақ. Бұл аурудың ағымына, науқастың жағдайына байланысты. Мысалы; «суқараңғылық» диагнозын келесідей ұсынуға болады: Оң жақ аралас сұқараңғылық I дәрежелі; Ота жасалған сол жақ аралас суқараңғылық II дәрежелі; Сол жақ атерофакия, отадан кейінгі конъюнктивит. Фреймде бұл анықтама күй, белгісі, себеп, уақыт, кеңістік, салдар, шама сияқты категорияларды көрсетеді. Бұл медициналық құжатта анықтама мәтін түзетін функцияны орындауды, хабарлайды, сипаттайды, дәлелдейді. Ауру тарихында алдын-ала диагноз қойылады, мысалы, суқараңғылық, ол сипаттамада нақтыланған, асқынулар, қатар жүретін аурулар келтірілген. Науқас адамның шағымы толық сипатталады. Алдын-ала қойылған диагноз негізделеді, мысалы, суқараңғылық ауру тарихында науқастың жарыққа қарағанда көз алдына дөңгелектер көрінетіні, көзі тұманданатыны және көзі ауыратыны туралы шағымдары бар. Дәрігер зертханалық және аспаптық зерттеулердің нәтижелерін жазады. Пайымдаудың негізгі мақсаты зертханалық және аспаптық мәліметтер негізінде диагнозды дәлелдеу болып табылады. Сипаттаманың, пайымдаудың көмегімен медициналық құжаттың терміндік өрісі кеңейеді.

Терминнің сөздік анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау үшін компонентті талдау әдісін қолданамыз. Терминнің анықтамасын компоненттік талдау үшін негізгі семаларды анықтаймыз және олардың реттелген жиынтық мағынасын сипаттаймыз. Сема дегеніміз сөздің (заттың, құбылыстың, үдерістің) денотаттық ерекше белгісін білдіретін мағына компоненті болып саналады [166]. Көз аурулары терминдерінің анықтамаларын компоненттік талдауға назар салайық.

Қазақ тіліндегі офтальмология терминдер жүйесінің негізгі бірлігі ретіндегі көз терминін компоненттік талдаймыз. Көз терминінің түсіндірме сөздіктегі анықтамасын қарастырамыз.

Көз – көру мүшесі. Формасы шар тәрізді, бірнеше қабықтардан және басқа ішкі заттардан тұрады. Сыртқы қабығы ақшыл, яғни ол склера (ак қабықтан) және мүйіз қабықтан тұрады. Ортаңғы қабығы тамырлы, яғни увеальды жолдан тұрады, ал бұл үш бөлімнен: сыртқы қабықтан, ал ол: шатыраш қабықтан, кірпікті денеден, тамырлы қабықтың өзінен (хорионденден) тұрады. Көздің ішкі қабығы – тор қабықтан (ретинадан) тұрады. Көздің ішкі заттары – көз бұршағы мен шыны тәрізді денеден және көздің алдыңғы ұнғылындағы дымқыл заттан тұрады [167, б. 57-58].

Берілген анықтамаға компоненттік талдау жасап, төмендегідей семаларды ажыратамыз: «көру мүшесі», «шар тәрізді», «қабықтар», «ішкі заттар», «сыртқы қабық», «шатыраш қабық», «кірпікті дене», «тамырлы қабық», «ішкі қабық», «тор қабық», «көз бұршағы», «шыны тәрізді дене», «дымқыл зат». Компонентті талдау әдісімен бөлініп алғынған семаларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіреміз. «Көру мүшесі» семасы «көру мүшесінің қызметі» фреймімен сәйкес келеді, «шар тәрізді», «шыны тәрізді дене» семалары «көру мүшесінің формасы» фреймімен сәйкестенеді, «қабықтар», «ішкі заттар», «сыртқы қабық», «шатыраш қабық», «кірпікті дене», «тамырлы қабық», «ішкі қабық», «тор қабық», «көз бұршағы», «дымқыл зат» семалары «көру мүшесінің құрылышы» фреймімен сәйкес келеді.

Сонымен, көз терминінің анықтамасын компонентті талдау және оларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіру нәтижесі фреймнің үш ұғымдық компонентін анықтады: «көру мүшесінің қызметі» фреймі, «көру мүшесінің формасы» фреймі, «көру мүшесінің құрылышы» фреймі. Фреймнің үш ұғымдық компонентінің қызмет компоненті 7,7%, форма компоненті 15,3%, көру мүшесінің құрылышы 77% құрайды. Көз терминінің анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау көру мүшесінің құрылышының оның қызметі мен формасына қарағанда басымдық танытатынын көрсетті. Бұл көру мүшесінің құрылышы бірнеше бөліктерден тұратын күрделі анатомиялық мүше екендігімен түсіндіріледі.

Көз жасы мүшелері – көз алмасы үсті мен көздің дәнекер қабығын ылғалдандыру үшін көз жасын бөліп және жеткізіп тұратын органдар жүйесі. Көз жасы бездері көз ұясының жоғарыдағы сыртқы бөлігінде болады. Көз жасы көздің үстіңгі жағын жуып, ылғалдандырады. Және оны құрғап кетуден сақтап тұрады. Көз жасы бездері ауруға шалдыққан кезде, жастың тиылуына

байланысты соқырлыққа апарып соқтыратын көз ауруының аса ауыр түрі – ксерофталм ауруы дамиды. Жас қалтасы көздің ішкі бұрышындағы жас сүйегінің көз жасы ойығына орналасады, жас қалтасы жас-мұрын қуысына өтеді. Жастың еті көз қуысының ішкі бұрышында, жас көлінің түбінде кішкене дөнес тәрізді болып көрінеді; ол өзінің құрылышы жағынан майлы безі және аздаған түгі бар тері қалдығына ұқсайды. Жас-мұрын қуысы жас қалтасын кеңсірікпен байланыстырады, жас қалтасы мен кеңсіріктің арасындағы кеңістіктің ұзындығы 12-14 мм, диаметрі – 3-4 мм-ге дейін барады [167, б. 83].

Көрсетілген анықтамадан тәмендегідей семаларды ажыратамыз: «көз алмасы үсті», «көздің дәнекер қабығы», «ылғалдандыру», «көз жасын белу», «көз жасын жеткізу» «органдар жүйесі», «көз жасы бездері», «көз ұясының жоғарыдағы сыртқы бөлігі», «көз жасы», «көздің үстіндегі жағы», «жуу», «құргап кетуден сақтау», «көз жасы бездері ауруға шалдықкан кездे», «жастың тиылуына байланысты», «соқырлыққа апарып соқтыру», «көз ауруының аса ауыр түрі», «ксерофталм ауруы дамиды», «жас қалтасы», «көздің ішкі бұрышы», «жас сүйегі», «көз жасы ойығына орналасады», «жас қалтасы» «жас-мұрын қуысына өтеді», «жастың еті» «көз қуысының ішкі бұрышында», «жас көлінің түбінде» «кішкене дөнес тәрізді», «майлы безі», «аздаған түгі бар» «тері қалдығына» «ұқсайды», «жас-мұрын қуысы», «жас қалтасын кеңсірікпен байланыстырады», «жас қалтасы», «кеңсіріктің», «арасындағы», «кеңістіктің ұзындығы», «12-14 мм», «диаметрі – 3-4 мм».

Алынған семаларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіреміз. «Ылғалдандыру», «көз жасын белу», «көз жасын жеткізу», «жуу», «құргап кетуден сақтау» семалары «көз жасы мүшелерінің қызметі» фрейміне сәйкес келеді. «Көз жасы мүшелерінің құрылышы» фрейміне «көз жасы бездері», «жас қалтасы», «жас сүйегі», «көз жасы ойығы», «жастың еті», «майлы без» семалары сәйкестенеді. «Көз алмасы үсті», «көздің дәнекер қабығы», «көз ұясының жоғарыдағы сыртқы бөлігі», «көздің үстіндегі жағы», «көздің ішкі бұрышы», «жас-мұрын қуысына өтеді», «көз қуысының ішкі бұрышында», «жас-мұрын қуысы», «жас қалтасын кеңсірікпен байланыстырады», «жас көлінің түбінде», «кеңсіріктің арасындағы» семалар «көз жасы мүшелерінің орны» фреймімен сәйкестенеді. Әсіресе «үсті», «сыртқы бөлігі», «үстіндегі жағы», «ішкі бұрышы», «қуысына өту», «байланыстыру», «түбінде», «арасында» семалары көз жасы мүшелерінің арасындағы кеңістік қатынастарды айқындал, оларды бір-бірімен мағыналық жақтан байланыстырып тұр. «Көз жасы мүшелерінің аурулары» фрейміне «органдар жүйесі», «көз жасы», «көз жасы бездері ауруға шалдықкан кезде», «жастың тиылуына байланысты», «соқырлыққа апарып соқтыру», «көз ауруының аса ауыр түрі», «ксерофталм ауруы дамиды» семалары сәйкестенеді. «Кішкене дөнес тәрізді», «аздаған түгі бар» «тері қалдығына ұқсайды» семалары «көз жасы мүшелерінің формасы» фреймімен сәйкеседі. «Кеңістіктің ұзындығы», «12-14 мм», «диаметрі – 3-4 мм» семалары «көз жасы мүшелерінің өлшемі» фреймімен сәйкестенеді.

Демек, көз жасы мүшелері терминің анықтамасын компонентті талдау және оларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіру нәтижесі фреймнің алты

ұғымдық компонентін анықтады: «көз жасы мүшелерінің қызметі» фреймі, «көз жасы мүшелерінің құрылсысы» фреймі, «көз жасы мүшелерінің орны», «көз жасы мүшелерінің аурулары», «көз жасы мүшелерінің формасы», «көз жасы мүшелерінің өлшемі» фреймі. Терминнің ұғымдық компонентін құрайтын семалардың фреймдермен сәйкестігінің пайыздық көрсеткішін анықтау үшін белгілі бір фреймге сәйкес келетін семалардың санын 100-ге көбейтіп, терминнің ұғымдық компонентін құрайтын барлық семалар санына бөлеміз. Фреймнің алты ұғымдық компонентінің қызмет компоненті 13,5%, көз жасы мүшелерінің құрылсысы компоненті 16,2%, орын компоненті 32,5%, ауру компоненті 21,6%, форма компоненті 8,1%, өлшем компоненті 8,1% құрайды. Көз жасы мүшелері терминнің анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау көз жасы мүшелерінің орналасқан орны, қызметін және ауру түрлерін анықтайтын семалардың басым екенін көрсөтті. Бұдан көз жасы мүшелері терминнің анықтамасында кәсіби тілдік тұлғаның, яғни көз дәрігері маманының аталған терминнің фреймдік ұлгісін құруда кеңістік, қызмет сипаттары мен көз жасы ауру ерекшеліктеріне назар аударғанын байқау қыын емес.

Жоғарыда айтылғандардан анықтама аурудың себептерін, оның ағымын көрсетеді, яғни белгілі бір психикалық үдерістерді жүзеге асыру үшін сөйлеуші мен тындаушының миында бар фреймді (демек, білімді) алуға импульс болып табылады деп қорытынды жасауга болады. Анықтамаларда басқа жағдаятты анықтайтын терминдер бар, яғни олар басқа фреймдерге ене алады, бұл фреймдердің өзара тәуелділігі мен өзара байланысын көрсетеді. Анықтама когнитивті функцияны орындайды, яғни аурудың мәнін, оның белгілерін, ауруға шалдықкан мүшелерді, яғни таным нәтижелерін қорытындылайды.

Зерттеудің З-кезеңінің екінші бөлімі офтальмология оқулықтарындағы анықтамаларды семантикалық-когнитивтік талдауға арналады. Офтальмология оқулығынан (2015) алынған төмендегі мәнмәтінге (сурет 3) назар аударайық [168, б. 33].

шарасынан тыс, оның ішкі бұрышындағы сүйек шұнқырында орнлаласқан. Әрі қарай жас, тәменгі мұрын қуысына ашылатын жас-мұрын өзегіне түседі.

- **Жас.** Жас сүйиқтығы негізінде судан тұрады, сол сияқты ақуыздар (соның ішінде иммуноглобулин), лизоцим, глюкоза, K^+ , Na^+ және Cl^- иондары және басқа да компоненттер бар. Жастың қалыпты pH орташа 7,35 құрайды. Жас көз қабықшасын түзуге қатысады, ал соңғысы көз алмасы беткейін кеуіп кетуден және инфекцияланудан қорғайды. Жас қабықшасының қалындығы 7–10 мкм, ол үш қабаттан тұрады. Беткейлі қабаты — липид қабаты, мейбомиев бездерінің бөлінісі. Ол жас сүйиқтығының шамадан тыс булануына кедергі жасайды. Ортаңғы қабаты — жас сүйиқтығының өзі. Ішкі қабатының құрамында шырышты қабықтың бокал тәрізді жасушалары түзетін муцин бар.

Сурет 3 – Оқулықтағы жас терминінің анықтамасы

Жас терминінің анықтамасынан компоненттік талдау арқылы тәмендегі семаларды бөліп көрсетеміз: «су», «ақуыздар», «ионадар», «pH», «7,35», «орташа», «көз қабықшасын түзу», «көз алмасы беткейін кеуіп кетуден», «инфекцияланудан», «қорғайды», «мейбомиев бездерінің бөлінісі», «булануына кедергі жасайды», «түзетін», «қалындық», «қабат», «беткейлі қабаты», «липид қабаты», «ортанғы қабаты», «ішкі қабаты», «бокал тәрізді жасуша».

«Су», «ақуыздар», «ионадар» семалары «жастың құрамы» фреймімен сәйкестенеді. «Жастың қалыпты күйі» фрейміне «pH», «7,35», «орташа», «құрайды» семалары сәйкестенеді. «Көз қабықшасын түзу», «көз алмасы беткейін кеуіп кетуден», «инфекцияланудан», «қорғайды», «мейбомиев бездерінің бөлінісі», «булануына кедергі жасайды», «түзетін» семалары «жастың қызметі» фрейміне сәйкес келеді. «Жас қабықшасының өлшемі» фрейміне «қалындық», «қабат», «липид қабаты» семалары жатады. «Ортаңғы қабаты», «ішкі қабаты» «беткейлі қабаты» семалары «жас қабықшасының орны» фрейміне сәйкес келеді. «Бокал тәрізді жасуша» семасы «жас қабықшасының формасы» фреймімен сәйкестенеді.

Оқулық мәнмәтіндегі анықтаманың құрамынан «қалыпты», «орташа» бағалауыштық сема түріндегі прагматикалық компонентті көруге болады. Атау беріліп тұрған нысанның қалыпты күйі бағаланып тұр.

Мәнмәтіндегі терминнің анықтамасы семантикалық-когнитивтік талдау фреймнің алты ұғымдық компонентін анықтады: жастың құрамы, жастың қалыпты күйі, жастың қызметі, жас қабықшасының өлшемі, жас қабықшасының орны, жас қабықшасының формасы. Олардың үшеуі жастың өзіне байланысты

болса, үшеуі жас қабықшасын анықтауға бағытталған. Фреймнің алты ұғымдық компонентінің пайыздық арақатынасы жастың құрамы 14,2%, жастың қалыпты күйі 19,2%, жастың қызметі 33,4%, жас қабықшасының өлшемі 14,2%, жас қабықшасының орны 14,2%, жас қабықшасының формасы 4,8% құрайды.

Оқулықтан тағы бір мәнмәтінді талдайық. Төменде суретте (сурет 4) берілген анықтамаға назар аударайық [168, б. 19].

Көздің сыртқы қабығы

Көздің сыртқы немесе фиброзды қабығы (*tunica fibrosa*) қасаң қабық (*cornea*) және ақ қабықтан (*sclera*) тұрады.

Қасаң қабық — көздің сыртқы қабығының мөлдір тамырсыз бөлігі. Қасаң қабықтың қызметі — жарық сәулелерін сындыру және өткізу, сонымен қатар көз алмасының құрамын жағымсыз сыртқы әсерден қорғау. Қасаң қабықтың орташа диаметрі 11,0 мм, қалындығы — 0,5 мм-ден (орталығында) 1,0 мм-ге дейін, сындыру қабілеті — шамамен 43,0 дптр құрайды. Қалыпты жағдайда қасаң қабак — мөлдір, тегіс, жылтыр, сфералы және сезімталдығы жоғары тін. Қасаң қабыққа қоршаған ортандың жағымсыз әсерінен қабақтың рефлекторлы қысуына ықпал етеді, соның нәтижесінде көз алмасына қорғаныш қамтамасыз етеді (қасаң қабықтың рефлекс).

Сурет 4 – Оқулықтағы қасаң қабық терминінің анықтамасы

Офтальмология оқулығынан алынған мәнмәтіндегі қасаң қабық терминін семантикалық-когнитивтік талдау бірқатар маңызды семаларды анықтауға мүмкіндік берді. Олар: «тамырсыз», «жарық сәулелерін сындыру», «жарық сәулелерін өткізу», «сыртқы әсерден қорғау», «орташа диаметрі 11,0 мм», «қалындығы — 0,5 мм-ден 1,00-ге дейін», «сындыру қабілеті — шамамен 43,0 дптр», «мөлдір», «тегіс», «жылтыр», «сфералы», «сезімталдығы жоғары», «жағымсыз сыртқы әсер», «қоршаған ортандың жағымсыз әсері», «қорғаныш қамтамасыз етеді», «рефлекторлы қысуына ықпал етеді».

«Жарық сәулелерін сындыру», «жарық сәулелерін өткізу», «сыртқы әсерден қорғау», «қорғаныш қамтамасыз етеді», «рефлекторлы қысуына ықпал етеді» семалары «қасаң қабықтың қызметі» фреймімен сәйкестенеді. «Қасаң қабықтың өлшемі» фрейміне «орташа диаметрі 11,0 мм», «қалындығы — 0,5 мм-ден 1,00-ге дейін», «сындыру қабілеті — шамамен 43,0 дптр» семалары сәйкес келеді. «Мөлдір», «тегіс», «жылтыр», «сфералы», «сезімталдығы жоғары», «тамырсыз» семалары «қасаң қабықтың сипаты» фрейміне сәйкестенеді.

Берілген мәнмәтіндегі анықтамада «жағымсыз сыртқы әсер», «қоршаған ортаның жағымсыз әсері» бағалауыштық сема түріндегі прагматикалық компонент кездеседі. Сыртқы ортаның қасаң қабыққа тигізетін жағымсыз әсерін бейнелеу үшін теріс бағалауыштық прагматикалық компонент қолданылған.

Қасаң қабық терминінің анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау фреймнің үш ұғымдық және бір прагматикалық компонентін анықтады: қасаң қабықтың қызметі, қасаң қабықтың өлшемі, қасаң қабықтың сипаты және бағалауыштық прагматикалық компонент. Қасаң қабық фреймнің үш ұғымдық компонентінің пайыздық арақатынасы төмендегідей анықталды: қасаң қабықтың қызметі 31,2%, қасаң қабықтың өлшемі 18,8%, қасаң қабықтың сипаты 37,5%. Бағалауыштық прагматикалық компонент 12,5% құрады.

Зерттеудің үшінші кезеңінің үшінші бөлімінде терминдердің сөздік және мәнмәтіндік анықтамаларын семантикалық-когнитивтік талдау негізінде зерттеліп отырған офтальмология терминжүйесін анықтамалық үлгісін жасауға үмтүламыз. Офтальмология терминжүйесінің анықтамалық үлгісі төмендегідей бірліктерден тұрады: 1) ұғымдық компонент; 2) прагматикалық компонент. Терминологияның ұғымдық және прагматикалық компоненттерінің өлшемдері терминдердің қолданыс аясына, терминдікжүйе ішіндегі орнына байланысты болады. Терминдердің анықтамалық үлгілерінің салыстырмалы талдауы төмендегі кестеде (кесте 25) беріледі. Кестені құру барысында С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың көші-қон құқығы терминологияның анықтамалық үлгісін анықтаған кестесі негізге алынды [150, с. 65].

Кесте 25 – Офтальмология терминологиясының анықтамалық үлгісі

Қолданыс аясы	Өлшем									
	Ұғымдық компонент									Прагматикалық компонент
	Қызметі	Формасы	Құрылышы	Өлшемі	Тек/тұр	Құрамы	Қалыптықүйі	Орны	Сипаты	
Терминологиялық сөздіктер	21,2 %	23,4 %	93,2%	8,1%	21,6%	-	-	32,5%	-	-
Оқулықтар	64,6 %	4,8%	-	47,2 %	-	14,2 %	19,2 %	14,2 %	37,5 %	22%

Берілген кестеде (кесте 25) терминнің анықтамасын фреймдік үлгілеу өлшемдері берілген. Ол екі компоненттен, яғни ұғымдық және прагматикалық компоненттен тұрады. Ұғымдық компонент фреймдік үлгілеу нәтижесінде алынған тоғыз фреймдік үлгіден (қызметі, формасы, құрылышы, өлшемі, құрамы, қалыптықүйі, орны, сипаты, ауру түрі) тұрады. Прагматикалық компонент терминдердің мәнмәтіндік анықтамаларын семантикалық-когнитивтік талдау нәтижесінде анықталды. Терминологиялық сөздіктердегі терминнің фреймдік

ұлгісі алты ұғымдық компоненттен тұрады, оның ішінде терминнің құрылышын анықтайтын ұғымдық компонент басқаларға қарағанда басымдық танытатыны байқалады. Терминологиялық сөздіктерде прагматикалық компонент анықталмады, бұл терминологиялық сөздіктердің нормативті құжаттар қатарына жататындығымен, ондағы терминдердің анықтамасында эмоция, экспрессияға жол берілмейтіндігімен түсіндіруге болады. Оқулықтағы термин қолданысының өзіндік ерекшелігі бар. Оны талдау нәтижелері анық көрсетті. Оқулықтан алынған терминдердің анықтамасы жеті ұғымдық компоненттен тұратыны белгілі болды. Оның ішінде терминнің қызметін анықтайтын фреймдік ұлгі пайыздық жағынан басымдық танытты. Оқулық мәтініндегі терминнің анықтамасына прагматикалық компонент тән. Бұл оқулықтың ғылыми ұғымдарды жеткізудегі дидактикалық бағытымен түсіндіріледі.

Көрсетілген фреймдік ұлгі өлшемдері ғылым саласына, терминдердің қолданыс аясына, терминдік жүйенің ерекшелігіне, ондағы әрбір терминнің ұғымдық сипатына қарай әртүрлі болуы мүмкін.

Сонымен, қазақ тіліндегі офтальмология терминологиясын сөздіктер мен оқулықтардағы анықтамаларын фреймдік талдау бірқатар айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, олар ұлгілеу өлшемдерінің саны бойынша бірдей емес. Екіншіден, ұғымдық компоненттерінің саны жағынан да ерекшеленеді және олардың пайыздық арақатынасы бойынша да ажыратылады.

2.3 Ағылшын тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясы

Ағылшын тіліндегі офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясын құру үшін зерттеуіміздің 2.1 тараушасында ұсынылған кешенді талдау әдістемесін пайдаланамыз. Талдаудың 1-кезеңінде ағылшын тіліндегі офтальмология терминжүйесінің ұғымдық-фреймдік сипатын анықтауға ұмтыламыз. Аталған кезең екі бөліктен тұрады: а) офтальмология туралы әдебиеттермен танысу және талдау, ұғымдар жүйесін анықтау; ә) офтальмология ұғымдарын фреймдік ұлгілеу.

Англиядағы офтальмология туралы алғашқы жазбалар көне Рим басылымдарында кездеседі. Олардың бірқатары қазба жұмыстары кезінде табылған. Англия, Ирландия жерлерінен табылған қазба деректері жергілікті тұрғындар арасында офтальмологиялық тәжірибелердің болғандығын раставиды.

Англияның саксон кезеңінде көз емдейтін шеберханалардың болғандығы туралы жазба деректер кездеседі. Жазбада көз емдейтін көптеген шөптер туралы да мәліметтер келтіріледі. Англияның Нормандия бөлігінде монастырлар көз емдеу туралы зерттеулер жүргізген. Роджер Бэкон осы монастырларда білім бере отырып, зерттеулер жүргізгендігін жазба деректер дәлелдейді. Рутсон Джеймс осы кезеңде Англия тарихында дөңес линзалар туралы алғашқы ізденістер Джон де Пекхэм есімімен байланысты танымал бола бастағаны туралы жазады [169].

XIV ғасырда офтальмология туралы алғашқы трактат жарыққа шықты. Трактаттың түпнұсқасы латын тілінде, оның аудармасы ағылшын тілінде тарала

бастайды. Бұл құжаттың толық нұсқасын Рутсон Джеймс өзінің «1800 жылға дейінгі Англиядағы офтальмология тарихы бойынша зерттеулер» [170] еңбегінде жариялады. Аталған еңбек көз аурулары туралы анықтамалық сипатта жазылған шағын зерттеу болып саналады. XVI ғасырдың соңында Англияда офтальмологиялық әдебиеттер пайда бола бастайды. Филип Барроудың 1583 жылы жарық көрген «Медициналық әдіс» [171] еңбегінде шағын бір тарау көз ауруларына арналады. Уолтер Бейлидің көздің көруін сақтау үшін дұрыс тамақтану керектігі және оларды емдейтін шөп дәрілер туралы қысқаша трактаты 1586 жылы жарияланды. Уолтер Бейли Елизавета ханшайымның дәрігері болып қызмет етті, бірақ оның офтальмология туралы білімі шектеулі еді, ол көзді зәрмен шайудың тиімсіздігін айтты және көздің көруін сақтау үшін шыршаны пайдалану қажеттігін ұсынды. 1586 және 1589 жылдар аралығында Жак Гильмоның «Жүрек аурулары» еңбегінің аудармасы жарық көрді, аталған еңбек грек және латын дереккөздеріне сүйене отырып жазылған, онда сол кездегі дәрігерлік білім туралы жинақталған мәліметтер беріледі. XVI ғасыр Андреас Лаврентияның «Көздің көруін сақтау туралы пікірлер» деген еңбегінің аудармасымен аяқталды. XVII ғасырдың екінші онжылдығы көздің көруін сақтау туралы екі трактатпен басталды. Өкінішке орай, аталған трактаттар ешқандай жаңалықпен ерекшеленбеді. Оның бірі Уолтер Бейлидің еңбегінің көшірмесі болса, екіншісі Беневенут Иерусалимский, Риоланус және Фернелиус еңбектерін қайта мазмұндаумен шектелді [169].

Британ офтальмологиясының негізін 1622 жылы Ричард Банистер салды. Сол жылы ғалым Гиймоның еңбегінің аудармасын қайта басып шығарды. Ричард Банистер өзінің көз емдеу тәжірибесімен бөлісті. Ричард Банистердің аталған еңбегі сол кездегі көз дәрігерлерінің әлеуметтік жағдайын бейнелейтін құнды құжат болып саналады. Ол өзінің көзді емдеуге қалай келгені туралы ерекше сүйіспеншілікпен әңгімелейді. Ғалым сол кездегі білімі таяз, адамдарды емдеудің орнына мүгедек етіп жүрген көз дәрігерлерін сынға алады. Ол көзді зерттеуге өзінің көзінің нашар көруі себеп болғанын жазды. Өзінің көзін емдей отырып, басқаларға да көмектесуді мақсат етеді. Ғалымның катаректаны емдеу тәжірибесі оны одан сайын танымал етеді. Сол кездің білікті дәрігерлерінен кеңес ала отырып, өзінің көз емдеу тәжірибесін жетілдіреді. Ол көптеген көз дәрігерлерінің теориялық білімдерінің жеткіліксіздігінен адамдардың көзін емдеймін деп, соқырлыққа әкеліп жатқандығы туралы қынжыла жазады. Ғалым көз ауруларының жұз он үш түрі барын, оның жұз он үш түрлі атауға ие екенін айта келіп, сол кездің дәрігерлерінің аз ғана бөлігі сол атауларды ажыратса алатынын айтады. Көз ауруларының түрлерінің көптігі, оларды ажырату және емдеу жолдарын білу асқан білімділік пен кәсіби шеберлікті, теориялық біліммен қарулануды талап ететінін атап көрсетеді. Ричард Банистер сол кезде көз ауруларын емдеумен әйелдердің көп айналысатының айтады. Мұндай дәрігерлер өздерінің білімдерін жетілдірсін немесе осы істі жақсы билетін адамға жол беру керек деген пікір білдіреді. Олар адамдарды соқыр қылудан бас тарту керек деп, оқымаған, тәжірибесі аз, тіпті емшілер мен балгерлердің де көзді емдеумен айналысып жүргенін айтады [169].

Ричард Банистер ағылшын окулистерінің катаректаны емдеуде асқан сақтық танытатынын атап көрсетеді. Ричард Банистер ел аралап көз емдейтін дәрігер болды. Ол Норвичте, Лондонда, Линкольнде және тағы басқа жерлерде окулист болып қызмет етеді. Ол өзінің ел аралап көз емдейтіндігінің себебін былай түсіндіреді: 1) біріншіден, мен шетелде көз емдегенімде бір айдың ішінде қанша адамға жарық сыйладым, олардың көздерінің жанғанын көріп өзім куандым және олар бірнеше уақыт өткеннен кейін қайта тексерілуге келуі тиіс, соның нәтижесінде мен өзіме көп тәжірибе жинағым; екіншіден, егер мен өз үйімнен шықпай көз емдейтін болсам, онда маған адам аз келетін еді, менің дарындылығым сөне беретін еді; үшіншіден, көптеген кедей адамдар маған келіп емделуге қаражат таппайтын еді, тіпті бай адамдардың өзі денсаулықтарының әлсіздігінен алыс жолды көтере алмайтын еді. Рутсон Джеймс ағылшын офтальмология тарихы туралы құнды құжатты жариялады. Бұл Британ мұражайында сақталған Ричард Банистердің қолжазбасы еді. «Үздік окулистердің қысқаша әңгімелері» деп аталатын еңбек сол кездегі ағылшын офтальмология тарихынан көп мәлімет береді. Бұл еңбекте сол кездің үздік көз дәрігері Лук Эритейский туралы жазылған. Ол ел аралап жүріп адамдарды емдейтін болған. Әсіресе кедей адамдардың көзін емдеуге ерекше күш салған ғалым. Генри Блэкборн бір қаладан екінші қалаға көшіп жүріп катаректаны, қоян жырықты, саңыраулықты емдеген. Роберт Тернер 1665 жылы «The Compleat Bone Setter» деген еңбегін жариялады, аталған еңбекте бір бөлім көз ауруларын емдеуге арналады. Добини Тюбервиль кәсіби білікті дәрігер болды, оның қызметі көпшілікке танымал еді. Оның екі хаты сақталған, оның бірінде көз ұсына түсіп кеткен болат үгіндісін магнит арқылы қалай алуға болатыны туралы айттылады. Осы кезеңде Уильям Бриггстің латын тіліндегі көз анатомиясы туралы трактаты дүниеге келеді. Онда көру жүйесі туралы алғашқы мәліметтер беріледі. Уильям Бриггс тек анатомиямен айналысып қойған жоқ, оның «Көру теориясы» еңбегі сол кездегі көз туралы жаңа ізденістердің болғанын дәлелдейтін құнды трактат болды. Сол кездің кәсіби тәжірибесі мол көз дәрігерлерінің бірі – Уильям Каурд. Оның 1706 жылы жарық көрген латын офтальмологиясы еңбегінің маңызы зор. Бұл кітап XVIII ғасырдың бірінші онжылдығында жарық көрген үш кітаптың бірі еді. Қалған екі кітаптың бірі – Уильям Кросстың «Көзді емдеудің қысқаша курсы». Бұл автордың емдеу тәсілдерін жарнамалау сипатында жазылған еңбек болды. Екіншісі – Уильям Ридтің «Көзді емдеу курсы». Бұл еңбек Ричард Банистер еңбегі мен Гиймоның аудармасының көшірмесі еді. Аталған еңбектерден маңыздырақ болып саналатын еңбек 1713 жылы жарық көрген Питер Кеннедидің офтальмологиясы еді. Аталған еңбек түпнұсқа болмағанымен, автордың өзіндік үлесі байқалатын, емдеу тәсілдерінің өзіндік қолтаңбасын көрсеткен еңбек еді. Осы кезеңдерде жүртты алдап, пайда табатын, білігі мен білімі жоқ жалған дәрігерлер көбейген кез еді, көз аурулары осындай адамдардың өздерінің тәжірибелерін жүргізуге арналған нысан болды.

1729 жылы Бенедикт Дадделл көздің қасаң қабығы туралы монография жазды, Чезелден жасанды қарашық салу тәжірибесін бастады. Дегенмен

Англиядағы офтальмологияның ғылыми тұрғыдан дамуы XIX ғасырдың басында пайда болған еңбектермен байланысты айтылады. Көз ауруларын зерттеуші ғалымдардың көбеюі, Эдинбургте Портерфилдтің және Лондонда Томас Янгтің пайда болуы өз жемістерін әкелді. Осы зерттеулердің алғашқы нәтижесі «Мурфилдс» көз аурулары ауруханасының құрылуы болды. Алғашында көз және құлақ ауруларын емдеуге арналған аурухананың негізін салған 1805 жылы Джон Каннингем Сондерс болса, екі жылдан кейін тек қана көз ауруларын зерттейтін және емдейтін аурухана болып қайта құрылады. Мурфилдс медициналық тәжірибедегі офтальмологияның орнын көрсететін жаңа тұжырымдама жасады. Ауруханаға білікті көз дәрігерлері мамандары жиналды. Енді адамдар үйден емдейтін, ел аралап жүріп емдейтін көз дәрігерлерінен гөрі арнайы ауруханаға баруға ұмтылды. Англияда Мурфилдс ауруханасы пайда болғаннан кейін офтальмология қарқынды дами бастады. Бұдан кейін 1808 жылы Эксетер қаласында батыс ағылшын көз аурулары лазареті, Бристол мен Манчестерде 1810 және 1814 жылдары көз ауруларына арналған емдеу мекемелері ашылды. 1816 жылы Лондонда Джордж Джеймс Гатри негізін салған екінші офтальмологиялық аурухана ашылды. Осы ауруханада 1817 жылы көз аурулары туралы алғашқы дәріс ұйымдастырылды. Лондонның орталық офтальмология ауруханасы 1843 жылы ашылды. Батыс офтальмология ауруханасы 1856 жылы ашылды. Патшалық көз дәрігерлері ауруханасы бір жылдан кейін ашылды. Көз дәрігерінің көмегіне мұқтаж адамдардың көптігі жалпы медициналық мекемелерде офтальмологиялық орталықтардың ашылуына негіз болды. XIX ғасырдың белгілі көз дәрігерлерінің көпшілігі жалпы тәжірибедегі хирургтар болғандығын да айтуды керек.

Көз дәрігерлерінің ізденістері бірқатар оқулықтардың дүниеге келуіне себепші болды. XIX ғасырдың үшінші онжылдығында үш оқулық жарыққа шықты. 1830 жылы Уильям Маккензидің [172], 1833 жылы Уильям Лоуренстің, 1835 жылы Ричард Миддлмордың толыққанды үш офтальмология оқулығы дүниеге келді. Олар ағылшын тілінде жазылған, түпнұсқа офтальмологиялық оқулықтар еді. Офтальмологиялық журналды жриялаудың алғашқы талпынысы Джон Ричард Фаррдың «Патологиялық анатомия, офтальмологиялық медицина және фармакологиялық талдау» деп аталатын журналы еді, бұл журналда медициналық ботаника материалдары жарияланды. Журналдың бір ғана нөмірі жарық көрді. Басқаша айтқанда, бұл журнал Лондон патшалық офтальмологиялық ауруханасының 1857 жылдан бастап шығатын есеп журналының алғышарты болды. 1837 жылы Ричард Миддлмор офтальмологиялық журнал құру туралы идея көтереді, бірақ жарнамадан басқа ешнәрсе шықпайды. «Офтальмологиялық ауруханалардың есебінен» басқа таза офтальмологиялық журнал 1864 жылы Джон Захари Лоуренс пен Томас Виндзордың редакциясымен «Офтальмологиялық шолу» деген атпен жарыққа шықты. Журнал төрт жыл бойы квартал сайын шығып тұрды. Екінші офтальмологиялық шолу 1881 жылы жарыққа шықты. 1903 жылы ғалымдар офтальмоскопты ойлап тапты, 1917 жылы ол туралы Британ офтальмология журналында жарияланды. XIX ғасырда Британ аралындағы офтальмологияны

зерттеушілер қатарында Боумен, Лоуренс, Хатчинсон, Тэй, Аргайлл Робертсон, Неттлшип, Дойн, Маркус Ганн, Коутс болды.

Аталған ғалымдардың еңбектері Англиядағы офтальмология туралы ғылыми ойларды дамытты. Бұл туралы С.Т. Лефлер, С. Г. Шварц, В. Давенпор, Ж. Рандолф, Ж. Басшер, Т. Хади өздерінің «1580 жылдардағы Елизавета тұсындағы офтальмологиялық мәтіндердің ықпалы: Бейли, Грассус және Гиймо» [173, р. 12-18] мақаласында айтылады. Зерттеушілер 1580 жылдардағы ағылшын офтальмологиялық мәтіндеріндегі жиі кездесетін терминдерді және басылымның жарыққа шыққан жылдарын кесте түрінде ұсынады. Осы кестені (кесте 26) өзгеріссіз көрсетуді дұрыс санаймыз.

Кесте 26 – 1580 жылдардағы ағылшын офтальмологиялық мәтіндеріндегі жиі кездесетін терминдер және басылымның жарыққа шыққан жылдары [173, р. 13].

1	2	3	4	5
	Years of Publication	A Briefe Treatise Touching the Preseruation of the Eie Sight. By Walter Bailey [1]	The Methode of Phisicke. Adapted from Benevenutus Grassus (1100s?) by Philip Barrough [3]	A Worthy Treatise of the Eyes. Translation of Jacques Guillemeau's treatise by Anthony Hunton (1560?-1624) [7]
Frequent Concepts (>0.1%).		Sight, eyebright, wine, drinke, fenill, meate, herbe, preserue, medicines, ale, powder, water, beere, clear, sleepe, compounded, roots, iuices, sugar, dimness, head, meade, seeds, egge, old, sirup, stomacke, boyle, clense, seeds, turnep, veruaine.	Cure, patient, pouder, tunicle, humours, cataract, paine, egge, water, plaister, needle, braine, purge, pannicle, cautery, beaten, melancholy, healed, flaxe, electuary, pilles, fleume [phlegm], corrupt, iuyce, stomach, hard, dry.	Humor, eye-lidde, cure, greeke, medicines, latin, disease, sight, drie, naturall, skinne, vlcer, cut, bloud, harde, paine, inflammation, cataract, spirites, thicke, moisture.
Primary text alone*.		1586, 1602, 1654, 1673.	1583, 1590, 1596, 1601, 1610, 1617, 1624, 1634, 1639, 1652.	

26 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
A Worthy Treatise of the Eyes [7].	1587.	Included.		Included.
Two treatises concerning the preseruation of eiesight. John Barnes (publisher) [18; 19].	1616, 1626, 1633.	Included.	Extended excerpts.†	Extended excerpts.†
Richard Banister. A treatise of one hundred and thirteene diseases of the eyes, and eye-liddes [20].	1622.	Included.		Included.
William Read. A Short but Exact Account Of all the Diseases Incident to the Eyes [23].	1706, 1710.			Included.

Берілген кестеден (кесте 26) 1586 бастап 1710 жылдар аралығындағы ағылшын тілінде жарық көрген офтальмологиялық мәтіндердегі жиі кездескен терминдерді көруге болады. Берілген терминдердің барлығы офтальмология ұғымдары мен түсініктерін білдіреді деп айтуға болмайды, дегенмен cure (емдеу), patient (науқас), pouder (сұйықтық), tunicle (қабық), cataract (катаракта), paine (ауырсыну), egge (ісік), water (су), plaister (пластырь), needle (ине), purge (тазарту), cautery (күйдіру), sight (көздің көруі), eyebright (көздің жылтырауы), powder (ұнтақ), eye-lidde (қабақты алу), medicines (дәрі-дәрмек), disease (ауру), drie (кептірілген), natural (табиғи), skinne (арық), ulcer (жара), cut (кесілген), bloud (қан), inflammation (қабыну) сияқты көз ауруына қатысты терминдердің жиі қолданылғанын көруге болады.

Дәл осындай пікірлерді ағылшын ғалымдарының 1790 жылдар мен 2008 жылдар арасындағы жазбаша ағылшын тіліндегі көзге қатысты терминдердің қалыптасуы мен дамуын арнайы зерттеген мақаласынан көруге болады [174, р.


1625-1631]. Зерттеушілер компьютерлік технологияны пайдалана отырып көзге байланысты сөздер мен сөз тіркестерінің жиілігін анықтайды. Ағылшын тілінің сандық дереккөздерінің 254 жолынан еуе (көз) және ophth (офтальмолог) сөздері іздестіріледі. Аталған терминдер ағылшын тіліндегі алғашқы жазбаша құжаттардан және бірнеше сандық дереккөздерден табылады. Ғалымдардың пайымдауынша 1840 жылға дейін көз қоңыр және жасыл болып сипатталмаған. Зерттеушілер мәтінде кездескен bright eyes (қоңыр көздер) тіркесі көздің түсін емес, көзден шыққан сәулелерді білдіреді, бұл көздің көруінің Платон ұсынған экстрамиссиялық теориясымен сәйкес келеді деп тұжырымдайды. Көздің қабыну үдерістерінің себептері дәл анықталмағандығы, 1900 жылға дейін көздің күннен қорғайтын көзілдіріктердің орнына жасыл әйнекті көзілдіріктер қолданылғандығы, көзге ота жасайтын дәрігерді офтальмолог емес, окулист деп атағаны, көздегі сары дақты хориоидит деп танығаны туралы жазады [174, р. 1625]. Берілген мәліметтер ағылшын офтальмология терминдері XIV ғасырдан бастап қалыптаса бастағанын дәлелдейді.

Талдаудың 1-кезеңінің екінші бөлімінде офтальмология ұғымдарын фреймдік ұлгілеуге тырысамыз. Фрейм туралы теориялық тұжырымдар зерттеуіміздің 1.3 және 2.1, 2.2 тараушаларында сөз болғандықтан, бірден ағылшын тіліндегі офтальмология терминжүйесін фреймдік ұлгілеуге назар аударамыз.

Онтологиялық тұрғыдан фрейм ғылыми-тәжірибелік іс-әрекетті үйімдастыру құрылымын бейнелейді. Гносеологиялық көзқарас бойынша фрейм осы іс-әрекеттегі танымдық үдерістерді бейнелейді. Когнитивтік көзқарас тұрғысынан фрейм алғынған білімнің адам санасындағы үйімдасу құрылымын бейнелейді [175, с. 64].

Ағылшын тіліндегі офтальмология терминжүйесін фреймдік ұлгілеуге жоғарыда талданған ғылыми әдебиеттер, окулықтар негізге алынды [176, 177], [178]. Сонымен бірге ағылшын тіліндегі [179] және ағылшын мен орыс [180], [181] тілдеріндегі офтальмология терминдерін салғастыра зерттеген еңбектерді назарға алдық.

Ағылшын тіліндегі «Ophthalmology» концептуалдық ұлгісі бірнеше негізгі тірек ұғымдардан тұратын фреймдік құрылымды білдіреді. Фрейм құрылымындағы ұғымдар және оларды атап тұрған терминдер бір-бірімен күрделі байланысты құрайды. Төменде Ю.В. Вит ұсынған офтальмология фреймін сурет (сурет 5) түрінде ұсынамыз [179, с. 13].



Сурет 5 – «Ophthalmology» фреймі

Суретте (сурет 5) офтальмология терминжүйесінің ең жоғарғы деңгейінде «Офтальмология» (Ophthalmology) фреймі тұрады. Бұдан екінші деңгейлі фреймдер тарайды: «Қалыпты көру жүйесі» (Visual system in Norm) фреймі және «Офтальмопатология» (Ophthalmic Pathology), осы екі фреймді бір-бірімен байланыстыратын «Диагностика және емдеу» (Diagnostics and Treatment) аралық фреймі ортасында орналасады. Екінші деңгейлі фреймдер өз ішінде үшінші деңгейлі фреймдерге жіктеледі. Демек суретте (сурет 5) көрсетелген 17 негізгі фрейм анықталды.

Суреттен (сурет 5) көріп отырғанымыздай, қарастырылып отырған ғылыми білім саласын фрейм түрінде бейнелеп түрған әрбір деңгейдің өзінің орталығы бар. Екінші деңгейлі «Қалыпты көру жүйесі» фрейміне төрт субфрейм жатады: «Физиология» («Физиологиялық оптика») (Physiology «Physiological optics»), «Биохимия және метаболизм» (Biochemistry and Metabolism), «Көз эмбриологиясы» (Ocular embryology). «Офтальмопатология» (Ophthalmic Pathology) фрейміне алты субфрейм кіреді: «Көру жүйесінің бұзылышы» (Optic System Disturbances), «Қабыну аурулары» (Inflammations), «Дистрофия, дегенерация, көздің дамуындағы ауытқулар» (Dystrophies, Degeneration, Congenital and Developmental Anomalies), «Қан айналысының бұзылуымен байланысты аурулар» (Blood Circulation Disorders), «Жарақаттар» (Traumas), «Ісіктер» (Tumors).

«Диагностика және емдеу» (Diagnostics and Treatment) фреймі үш субфреймге бөлінеді: «Зерттеу әдістері» (Methods of Investigation), «Емдеу әдістері» (Methods of Treatment) және «Құрал-жабдықтар» (Equipment) [179, с. 12].

Ағылшын тіліндегі фрейм түрінде ұсынылған офтальмологиялық білім құрылымы одан әрі қарай кеңейіп, басқа да субфреймдермен толығуға негіз болады. Көрсетілген фреймдердің әрбірі және барлық терминжүйе бір-бірімен байланысты офтальмология тіліндегі концептуалдық білімді бейнелейтін белгілі бір лексика-грамматикалық құралдардан тұрады.

Кез келген тілдің сөзжасамдық тәсілдері оның терминологиясына да тән болады. Ағылшын офтальмология терминдері негізінен морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады.

Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған ағылшын офтальмология терминдері негізінен префикстер (a- префиксі бір нәрсенің жоқ екенін білдіреді; bi- префиксі екі, қос деген мағынаны білдіреді; bin- префиксі де екі, жұп деген мағынаны білдіреді). Мысалы, *ablepharia* – көз қабактарының болмауы; *aphakia* – көз бұршағының болмауы; *aniridia* – көздің түсті қабығының болмауы; *acorea* – көз қараашығының болмауы; *bifocal glasses* – бифокальды көзілдірік; *binoculus* – тесілген жарапарда, операция жасаған кезде ауру көзге толық жағдай жасау мақсатында көз алмасын құмылдатпау үшін екі көзді бірдей тану; *binocular vision* – затты екі көзben бір сәтте қабылдалап көру; *binocular magnifying glass* – бинокуляр лупасы. Ағылшын офтальмология терминдерінде префикс пен суффикс арқылы жасалған (*ablepharia* – аблефария, қабактардың болмауы) термин кездеседі. Мұндағы -ia суффиксі қабақтың патологиялық жағдайын білдірсе, a- префиксі қабақтың болмауын білдіреді [182, с. 233]. Зерттеуші К.Ю. Вавилова ағылшын офтальмология терминдерінің ішінде жиі кездесетін қабыну мағынасын білдіретін -itis суффиксін атап көрсетеді [182, с. 233]. Шындығында аталған суффикс ағылшын офтальмология терминдер жүйесінде басымдық танытатының зерттеу барысы дәлелдеді. Сонымен бірге -it суффиксі де қабыну мағынасында термин жасауға қатысатыны анықталды. Мысалы, *blepharitis* – қабақтың қабынуы болса, *blepharit* – қабақ шеттерінің қабынуын білдіреді; *dacryoadenitis* – көз жасы безінің қабынуы; *dacryocystitis* – көз жасы қалтасының қабынуы; *iridosyclitis* – көздің шатыраш қабығы мен цилиарлық денесінің қабынуы; *irit* – көздің шатыраш қабығының қабынуы; *canaliculitis* – көз жасы тесіктері мен оның өзектерінің қабынуы; *keratitis* – көз мүйіз қабығының қабынуы; *conjunctivitis* – көздің шырышты қабығының қабынуы; *maculit* – сары дақтың қабынуы; *meibomite* – мейбоми бездерінің жедел қабынуы; *panophthalmitis* – көздің барлық қабықтарының іріндеп, жедел қабынуы; *periphlebitis* – вена айналасындағы дәнекерлі тканьдердің қабыну үдерісі; *pingueculitis* – көз шажырқай майының қабынуы; *retinit* – көздің тор қабығының қабынуы; *scleritis* – көзді қатты тітіркендіру, ауыртумен және қызғылт түсті, кейде күлгін түсті, инфильтрат склерасының пайда болуымен қабаттасып келетін скlera қабынуы; *tenonite* – көз алмасындағы тенон капсуласының қабынуы;

uveitis – бүкіл тамыр жолдарының қабынуы; *keratoscleritis* [183, p. 585] – көздің мүйіз қабығы мен склерасының қабынуы.

Ағылшын офтальмология терминдер құрамында тіркесті терминдер саны басымдық танытады. Мысалы, *binocular refraction*, *bulloous keratopathy*, *fast eye movement*, *superior ophthalmic vein*, *superior quadrantanopia*, *temporary loss of vision*, *heteronymous hemianopia*, *ophthalmic artery*, *orbital decompression* [184] т.б. Жалпықолданыстағы сөздердің терминденеуі арқылы көз аурулары терминдері жасалады. Мысалы, ағылшын тіліндегі *accommodation* [182, с. 234] сөзінің бірнеше мағынасы бар, бірақ офтальмология терминдер жүйесіне енгенде көз бұршағы бейнесінің өзгеруі арқылы көздің әртүрлі қашықтықтағы заттарды көру қабілеті деген мағынаны білдіреді. Осы термин тіркесті терминдердің құрамында келіп *accommodation paralysis* [183, р. 884] – аккомодация параличі; *accommodative asthenopia* [183, р. 9] – аккомодацияның бәсендідеуін білдірсе, *accommodometer* [183, р. 11] – аккомодометр құрделі термині жасалады. Ағылшын офтальмология терминдеріндегі *palpebral fissure* [183, р. 371] тіркесі жалпықолданыстағы саңылау (жердің немесе қабырғаның тесігі) мағынасындағы *fissure* сөзі көз саңылауы деген терминнің тууына негіз болған.

Талдаудың 2-кезеңі корпустық-терминологиялық деп аталады. Аталған кезең төрт бөлімнен тұрады.

а) ағылшын офтальмология сөздіктер корпусын құрастыру. Ағылшын тілінде офтальмология сөздіктер корпусын жинағық. Оларды төменде кесте (кесте 27) түрінде көрсетеміз.

Кесте 27 – Ағылшын тіліндегі офтальмологиялық сөздіктер корпусы

P/c	Сөздік атауы	Авторлары	Шығыс мәліметтері
1	2	3	4
1	Lexicon Medicum: Anglicum, Russicum, Gallicum, Germanicum, Latinum, Polonum.	ed. by B. Złotnicki.	Warsaw: Polish Medical Publishers, 1971. 1603 p.
2	Dorland's Illustrated Medical Dictionary. Edition 28.		- Philadelphia: W.B. Saunders Company. 1994. - 1940 p.
3	Англо-русский медицинский энциклопедический словарь (адаптированный перевод 26-го издания Стедмана)	гл. ред. А. Г. Чучалин, научн. ред. Э. Г. Улумбеков, О. К. Поздеев.	- М.: ГЭОТАР, 1995. - 717 с.
4	Miller-Keane Encyclopedia and Dictionary of Medicine, Nursing, and Allied Health		<i>Seventh Edition.</i> (2003). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological

27 – кестенің жалғасы

1	2	3	4
5	Collins Dictionary of Medicine.		(2004, 2005). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
6	The American Heritage® Medical Dictionary.		(2007). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
7	Gale Encyclopedia of Medicine.		(2008). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
8	Millodot: Dictionary of Optometry and Visual Science, 7th edition.		(2009). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
9	Farlex Partner Medical Dictionary.		2012. https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
10	Medical Dictionary for the Health Professions and Nursing		(2012). https://medical-dictionary.thefreedictionary.com/ophthalmological
11	A Dictionary Ophthalmology	R.J. Barry, A.K. Denniston	Publisher: Oxford University Press Published online: 2017 DOI: 10.1093/acref/9780191830099.001.0001
12	Dictionary of Eye Terminology	Executive Editor: Jeffrey D. Henderer	Released: September 2024

Жиналған офтальмологиялық сөздіктер корпусындағы 12 сөздіктің үшеуі көз аурулары терминдеріне арналған. Қалған сөздіктер жалпы медициналық терминологиялық сөздіктер тобын құрайды.

Талдауымыздың келесі бөлімі офтальмология терминдерін іріктеу және олардың анықтамаларын жинау болып саналады. Көрсетілген сөздіктерден 480 офтальмология терминдері мен олардың анықтамалары жиналды.

Зерттеудің екінші кезеңінің үшінші бөлімі ағылшын тіліндегі офтальмология оқулықтар корпусын құруға бағытталды. Талдауға алынған оқулықтар тізімін төменде кестеде (кесте 28) ұсынамыз.

Кесте 28 – Ағылшын тіліндегі оқулықтар корпусы

P/c	Оқулық, оқу құралы атавы	Авторлары	Шығыс мәліметтері
1	OphthoBook	Timothy Root	www.OphthoBook.com 2009. 180 p.
2	Oxford Handbook of Ophthalmology Fourth Edition published in 2018	Alastair K.O. Denniston, Philip I. Murray	Oxford University Press 2018. 1249 p.
3	The Ophthalmic Assistant: A Text for Allied and Associated Ophthalmic Personnel 11th Edition	Harold A. Stein, Melvin I. Freeman, Rebecca Stein	Publisher Elsevier, 2022. 896 p.
4	The Ophthalmic Office Procedures Handbook: Print + eBook with Multimedia First Edition	Leonid Skorin Jr OD DO, Nathan Robert Lighthizer, Selina McGee, Richard Castillo, Karl Stonecipher dba Physicians Protocol	Publisher LWW, 2024. 736 p.
5	Oculoplastics (Wills Eye Institute Atlas Series) Fourth Edition	<u>Robert Penne</u>	Publisher LWW, 2024. 350 p.

28-кестеде көрсетілген оқулықтар мен оқу құралдары ағылшын тіліндегі офтальмология оқулықтар корпусын құруға негіз болды. Көрсетілген оқулық корпусынан ағылшын тіліндегі офтальмология терминдері мен олардың анықтамалары жиналды.

Зерттеуіміздің 3-ші анықтамалық кезеңі үш бөлімнен тұрады: а) ағылшын тіліндегі офтальмологиялық сөздіктерден жиналған терминдердің анықтамаларына семантикалық-когнитивтік талдау жасалады. Сөздік анықтамаларға жасалған талдауларды төмендегі кестеде (кесте 29) көрсетеміз.

Кесте 29 – Iris терминінің сөздік анықтамасының талдауы

Термин	Сөздік анықтамасы	Семантикалық-когнитивтік талдау
1	2	3
Iris	Iris is the most visible, circular, muscular structure of the eye that is pigmented. Iris is located behind the cornea and in front of the lens. This circular structure is part of the eye's uveal tract and its primary function is to control the amount of light that enters into the eye through contracting and expanding the pupil [185]. Аудармасы:	Iris (көздің нұрлы қабығы) терминіне сөздікте берілген анықтамаға компоненттік талдау жасау негізінде төмендегідей семаларды ажыратамыз: «visible» (көзге көрінетін), «circular» (дөңгелек), «muscular» (бұлшық ет) «pigmented» (пигментациясы бар), «located» (орналасқан), «behind the cornea» (қабықтың артында), «in

29 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>Көздің нұрлы қабығы - пигментациясы бар көздің ең көрнекті, дөңгелек, бұлшықет күрылымы. Ирис қабықтың артында және линзаның алдында орналасқан. Бұл дөңгелек күрылым көздің увеальды жолының бөлігі болып табылады және оның негізгі қызметі қарашиқты тарылту және кеңейту арқылы көзге түсегін жарық мөлшерін бақылау болып табылады.</p>	<p>front of the lens» (линзаның алдында), «structure» (күрылым), «is part» (бөлік), «uveal tract» (uveal tract) (увеаль жолы), «primary function» (негізгі қызметі), «control the amount of light» (жарық мөлшерін бақылау), that enters into the eye through «contracting and expanding the pupil» (қарашиқты тарылту және кеңейту). Компонентті талдау әдісімен бөлініп алынған семаларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіреміз. «Visible» (көзге көрінетін), «muscular» (бұлшық ет) «pigmented» (пигментациясы бар) семалары «көздің нұрлы қабығының сипаты» фреймімен сәйкес келеді, «circular» (дөңгелек) семасы «көздің нұрлы қабығының формасы» фреймімен сәйкестенеді, «located» (орналасқан), «behind the cornea» (қабықтың артында), «in front of the lens» (линзаның алдында) семалары «көздің нұрлы қабығының кеңістік» фреймімен сәйкес келеді, «primary function» (негізгі қызметі), «control the amount of light» (жарық мөлшерін бақылау), «contracting and expanding the pupil» (қарашиқты тарылту және кеңейту) семалары «көздің нұрлы қабығының қызметі» фреймімен сәйкестенеді. Сонымен, iris (көздің нұрлы қабығы) терминінің анықтамасын компонентті талдау және оларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіру нәтижесі фреймнің төрт ұғымдық компонентін анықтады: «көздің нұрлы қабығының сипаты» фреймі, «көздің нұрлы қабығының формасы» фреймі, «көздің нұрлы қабығының кеңістік» фреймі, «көздің нұрлы қабығының қызметі» фреймі. Фреймнің төрт ұғымдық компоненттің қызмет</p>

29 – кестенің жалғасы

1	2	3
		компоненті 30%, кеңістік компоненті 30%, көздің нұрлы қабығының сипаты 30% құрайды. Көздің нұрлы қабығының формасы 10% құрады. Көздің нұрлы қабығы терминінің анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау оның формасына қарағанда қызметі, орналасқан орны мен сипатын анықтайды семалардың басым екенін көрсетті. Бұл көру мүшесінің анатомиясы фрейміндегі екінші деңгейлі көз аламасы фреймінен тарайтын көздің нұрлы қабығы кіші фреймінің орналасқан орны мен қызметінің маңыздылығымен түсіндіріледі.

Retinopathy (ретинопатия) терминінің сөздік анықтамасына (кесте 30) назар аударайық.

Кесте 30 – Retinopathy терминінің сөздік анықтамасының талдауы

Термин	Сөздік анықтамасы	Семантикалық-когнитивтік талдау
1	2	3
Retinopathy	Retinopathy refers to disease of the retina, mostly non-inflammatory. It includes those caused by diabetes, abnormality of the retinal vessels and hypertension [185]. Аудармасы: Ретинопатия негізінен қабынусыз сипаттағы торлы қабық ауруларына жатады. Оған қант диабеті, торлы тамырлардың патологиясы және гипертониядан туындаған аурулар жатады.	Retinopathy (ретинопатия) терминінің сөздік анықтамасын семантика-когнитивтік талдау негізінде төмендегідей негізгі семалар анықталды: «refers to disease» (ауруларына жатады), «of the retina» (торлы қабық), «mostly non-inflammatory» (қабынусыз сипаттағы), «caused» (туындаған), «diabetes» (диабет), «abnormality of the retinal vessels» (торлы тамырлардың бұзылышы), «hypertension» (гипертония). Компонентті талдау әдісімен белініп алғынған семаларды фрейм компоненттерімен сәйкестендіреміз. «Refers to disease» (ауруларына жатады), «of the retina» (торлы қабық) семалары

30 – кестенің жалғасы

1	2	3
		<p>«ретинопатияның тектік/түрлік» фрейміне сәйкес келеді, «mostly non-inflammatory» (қабынусыз сипаттағы) семасы «терминнің сипаты» фрейміне жатады, «caused» (туындаған), «diabetes» (диабет), «abnormality of the retinal vessels» (торлы тамырлардың бұзылышы), «hypertension» (гипертония) семалары «ретинопатияның этиологиясы (пайда болу себептері» фрейміне сәйкестенеді. Демек, ретинопатия терминнің сөздік анықтамасын компонентті талдау үш ұғымдық компоненттің бар екенін көрсөтті. «Ретинопатияның түрлік» фреймі 28,5%, «ретинопатияның сипаты» фреймі 14,3%, «ретинопатияның этиологиясы» фреймі 57,2 % құрайды. Ретинопатия терминнің сөздік анықтамасында оның пайда болу жағдайы мен себептеріне басты назар аударылғаны байқалады. Бұл аталған көз ауруының этиологиясын зерттеу әрекеттерімен байланысты түсіндіріледі.</p>

Сөздік анықтамаларды талдау нәтижелері төмендегідей ой түйіндеуге жетелейді. Терминологиялық сөздіктер арнайы бір ғылым саласының ұғымдар жүйесін бейнелеуге арналғандықтан, ондағы анықтамалар өзінің дәлдігімен, нақтылығымен ерекшеленеді. Терминнің сөздік анықтамалары бірнеше негізгі ұғымдық компоненттерден құралады. Аталған ұғымдық компоненттер терминнің анықтамасының фреймдік үлгісін құруға мүмкіндік береді. Сөздік анықтамаларда кәсіби маманның өзі қызмет ететін ғылым саласының заттары мен құбылыстарын терең тану нәтижесінде алынған дүниенің ғылыми бейнесі туралы ақпараттар жинақталады.

Талдауымыздың келесі бөлімінде ағылшын тіліндегі оқулықтардан жиналған анықтамаларға назар аударатын боламыз. Oxford Handbook of Ophthalmology (2018) оқулығындағы glaucoma (суқараңғы) терминнің анықтамасына (сурет 6) назар аударайық [186, р. 382].

Anatomy and physiology

Glaucoma is a progressive optic neuropathy with characteristic changes in the optic nerve head and corresponding loss of VF. It represents a final common pathway for a number of conditions, for most of which raised IOP is the most important risk factor. In Western countries, glaucoma is present in 1% of those over 40 and 3% in those over 70y old. It is the second leading cause of blindness worldwide.

Сурет 6 – Glaucoma (суқараңғы) терминінің мәнмәтіндегі анықтамасы

Суқараңғы терминінің ағылшын оқулығынан алынған анықтамасы түсінікті болу үшін аудармасын ұсынамыз. Аудармасы: *Суқараңғы* – бұл жедел дамитын оптикалық нейропатия, оған көру аймағының жоғалуы және оптикалық жүйкенің басындағы өзгерістер тән. Суқараңғы бірқатар жалпы жағдайлардың даму жолының соңында пайда болады, олардың ішінде көзішлік қысымның жоғарылауы ең маңызды қауіп факторы болып саналады. Батыс елдерінде 40 жастан асқан адамдардың 1%-ында және 70 жастан асқан адамдардың 3%-ында суқараңғылық кездеседі. Суқараңғы бүкіл әлемде соқырлықтың себебі бойынша екінші көшбастаушы орынды иеленеді.

Мәнмәтіндегі анықтаманы семантика-когнитивтік талдау негізінде төмендегідей семалар анықталды: «progressive» (жедел дамитын), «optic neuropathy» (оптикалық нейропатия), «characteristic changes» (өзгерістер тән), «in the optic nerve head» (оптикалық жүйкенің басы), «loss of VF» (көру аймағының жоғалуы), «final common pathway for a number of conditions» (бірқатар жалпы жағдайлардың соңында), «raised IOP» (көзішлік қысымның жоғарылауы), «the most important» (ең маңызды), «risk factor» (қауіп факторы), «in Western countries» (батыс елдерде), «%» (пайыз), «40, 70y old» (40, 70 жас), «second leading» (екінші көшбастаушы), «cause of blindness» (соқырлықтың себебі). Мәнмәтіндік анықтамадан алынған семалардың фрейм компоненттерімен сәйкестігін анықтаймыз. «Optic neuropathy» (оптикалық нейропатия), «characteristic changes» (өзгерістер тән), «in the optic nerve head» (оптикалық жүйкенің басы), «loss of VF» (көру аймағының жоғалуы) семалары «суқараңғының сипаты» фрейміне сәйкес келеді, «final common pathway for a number of conditions» (бірқатар жалпы жағдайлардың соңында), «raised IOP» (көзішлік қысымның жоғарылауы), «cause of blindness» (соқырлықтың себебі) семалары «суқараңғының этиологиясы» фрейміне жатады, «in Western countries» (батыс елдерде), «%» (пайыз), «40, 70y old» (40, 70 жас) семалары

«суқараңғының әлеуметтік» фрейміне сәйкес келеді, «second leading» (екінші көшбастаушы), «the most important» (ең маңызды), «progressive» (жедел дамитын), «risk factor» (қауіп факторы) семалары оң және теріс бағалауыштық прагматикалық компоненттерді құрайды.

Мәнмәтіндегі glaucoma (суқараңғы) терминінің анықтамасын семантикалық-когнитивтік талдау фреймнің екі ұғымдық компонентін, бір әлеуметтік компонентін және бір прагматикалық компонентін анықтады. Олардың пайыздық көрсеткіші төмендегідей болды: «суқараңғының сипаты» фреймі 28,5%, «суқараңғының этиологиясы» фреймі 21,5%, фреймнің әлеуметтік компоненті 21,5%, оң және теріс бағалауыштық прагматикалық компонент 28,5% құрайды.

Viral conjunctivitis (вирусты конъюнктивит) терминінің мәнмәтіндегі анықтамасын [187, р. 78] (сурет 7) талдайық.

1. **Viral conjunctivitis** is the most common type, making up half of all cases of conjunctivitis in the adult. It is usually caused by an adenovirus, often following an upper respiratory infection or cold. Viral conjunctivitis is quite contagious and other family members may also complain of having "red eye." Infected patients typically present with eye redness and watery tearing, but little mucous discharge. Often, only one eye is infected, but the infection may hop to the other side before the end. Two specific signs on exam are enlarged follicular bumps on the inside of the eyelids (these look like tiny blisters) and swelling of the preauricular node located in front of the ear. Most of these infections clear up on their own within a few days. Like the common cold, treatment is geared toward relieving symptoms. Viral conjunctivitis is so contagious that I also recommend good hygiene and no towel/makeup sharing in the home. A lot of people at our hospital present with pink-eye, and this diagnosis is often an instant three-day vacation from work as we don't want to spread the infection to patients.



Сурет 7 – Вирусты конъюнктивит терминінің мәнмәтіндегі анықтамасы

Мәнмәтінде берілген анықтама (сурет 7) түсінікті болу үшін аудармасын ұсынамыз. Аудармасы: вирусты конъюнктивит – ең көп таралған ауру түрі, ересектердегі конъюнктивиттің барлық жағдайларының жартысын құрайды. Бұл әдетте жоғарғы тыныс жолдарының инфекциясынан немесе сүйк тиуден кейін аденоцистик түндайтын вирустан туындаиды. Вирусты конъюнктивит өте жүқпалы және басқа отбасы мүшелері де «қызыл көзге» шағымдана алады. Жүқтырған науқастар әдетте көздің қызаруы мен жасаурауын сезінеді, бірақ шырыш аз болінеді. Көбінесе бір көзге ғана әсер етеді, бірақ инфекция толығымен жойылмай тұрып екінші көзге таралуы мүмкін. Қарап тексергендеге екі белгі тән – қабақтың ішкі жағындағы фолликулярлық дөңестің ұлғаюы (олар кішкентай көпіршіктерге ұқсайды) және құлақтың алдында орналасқан құлақ алды түйіннің ісінуі. Бұл инфекциялардың көпшілігі бірнеше күн ішінде өздігінен кетеді. Сүйк тиуденде

сияқты, емдеу симптомдарды жеңілдетуге бағытталады. Вирусты конъюнктивит өте жүқпалы, сондықтан гигиенаны сақтауды және үйде сұлгілерді немесе косметиканы қолданбауды ұсынамын. Біздің ауруханада көптеген адамдар конъюнктивитпен ауырады және бұл диагноз жиі жұмыстан үш күндік үзіліске әкеледі, өйткені біз инфекцияның пациенттер арасында таралуын қаламаймыз.

Берілген анықтамадан негізгі семаларды ажыратамыз: «the most common type» (ең көп таралған түр), «the adult» (ересектер), «caused by an adenovirus» (аденовирустан туындейді), «an upper respiratory infection or cold» (жоғары тыныс жолдары инфекциясы және сұық тиуден кейін), «quite contagious» (өте жүқпалы), «red eye» (қызыл көз), «eye redness» (көздің қызаруы), «watery tearing» (көздің жасаурауы), but «little mucous discharge» (шырыш аз болінеді). Often, only one eye is infected, but the infection may hop to the other side before the end. «on the inside of the eyelids» (қабақтың ішкі жағы), «located in front of the ear» (құлақтың алдында орналасқан), «enlarged follicular bumps» (фолликулярлық дөңестің үлғауы), «swelling of the preauricular node» (құлақ алды түйіннің ісінуі), «infections clear up on their own» (инфекциялар өздігінен кетеді), «geared toward relieving symptoms» (симптомдарды жеңілдетуге бағытталады), «I also recommend» (мен ұсынамын), «good hygiene» (тазалық сақтауды), «no towel/makeup sharing in the home» (үйде сұлгілерді немесе косметиканы қолданбауды), «our hospital» (біздің аурухана), «we don't want» (біз қаламаймыз). Көрсетілген семалардың фрейм компоненттерімен сәйкестігін анықтау мақсатында талдау жасаймыз. «The most common type» (ең көп таралған түр) семасы «вирустық конъюнктивиттің тектік/турлік» фрейміне сәйкеседі (5%), «caused by an adenovirus» (аденовирустан туындейді), «an upper respiratory infection or cold» (жоғары тыныс жолдары инфекциясы және сұық тиуден кейін) семалары «вирустық конъюнктивиттің этиологиясы» фрейміне сәйкес келеді (10%), «quite contagious» (өте жүқпалы) семасы «вирустық конъюнктивиттің сипаты» фрейміне сәйкестенеді (5%), «red eye» (қызыл көз), «eye redness» (көздің қызаруы), «watery tearing» (көздің жасаурауы), but «little mucous discharge» (шырыш аз болінуш), «enlarged follicular bumps» (фолликулярлық дөңестің үлғауы), «swelling of the preauricular node» (құлақ алды түйіннің ісінуі) семалары «вирустық конъюнктивиттің белгісі» фрейміне сәйкес келеді (30%), «on the inside of the eyelids» (қабақтың ішкі жағы), «located in front of the ear» (құлақтың алдында орналасқан) семалары «вирустық конъюнктивиттің орны» фрейміне жатады (10%), «infections clear up on their own» (инфекциялар өздігінен кетеді), «geared toward relieving symptoms» (симптомдарды жеңілдетуге бағытталады) семалары «вирустық конъюнктивитті емдеу» фрейміне сәйкестенеді (10%). «The adult» (ересектер) семасы анықтаманың әлеуметтік компонентін құрайды (5%). Аталған көз ауруының түрі қандай жас шамасында көбірек таралатынына назар аударылған. «I also recommend» (мен ұсынамын), «good hygiene» (тазалық сақтауды), «no towel/makeup sharing in the home» (үйде сұлгілерді немесе косметиканы қолданбауды), «our hospital» (біздің аурухана), «we don't want» (біз қаламаймыз) семалары фреймнің прагматикалық компонентін құрайды (25%).

Әйткені автор өзінің көзқарасын білдіре отырып, кеңестер ұсынады. «Мен», «біз» деген есімдіктер автордың прагматикалық бағытын анықтап тұр.

Ағылшын офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясын құрудың соңғы үшінші кезеңінің үшінші бөлімінде терминдердің сөздік және мәннәтіндік анықтамаларын семантикалық-когнитивтік талдау негізінде терминжүйенің анықтамалық үлгісін жасаймыз. Ағылшын офтальмология терминжүйесінің анықтамалық үлгісі төмендегідей бірліктерден тұрады: 1) ұғымдық компонент; 2) прагматикалық компонент; 3) әлеуметтік компонент. Терминологияның ұғымдық және прагматикалық, әлеуметтік компоненттерінің өлшемдері терминдердің қолданыс аясына, терминдікжүйе ішіндегі орнына байланысты болады. Терминдердің анықтамалық үлгілерінің салыстырмалы талдауы төмендегі кестеде (кесте 31) беріледі. Кестені құру барысында С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың көші-қон құқығы терминологияның анықтамалық үлгісін анықтаған кестесі басшылыққа алынды [150, с. 65].

Кесте 31 – Ағылшын офтальмология терминологиясының анықтамалық үлгісі

Қолданыс аясы	Өлшем									Прагматикалық компонент	Әлеуметтік компонент
	Тек/тұр	Формасы	Қызметі	Этиологиясы	Белгісі	Емдеу	Орны	Сипаты	Бағалауыштық сема		
Терминологиялық сөздіктер	28, 5%	10% %	30%	57,2 %	-	-	30 %	44,3 %	-	-	-
Оқулықтар	5%	-	-	31,5 %	30 %	10%	10 %	33,5 %	26,5%	53,5%	

Берілген кестеде (кесте 31) терминнің анықтамасын фреймдік үлгілеу өлшемдері берілген. Ол үш компоненттен, яғни ұғымдық, прагматикалық және әлеуметтік компоненттен тұрады. Ұғымдық компонент фреймдік үлгілеу нәтижесінде алынған сегіз фреймдік үлгіден (қызметі, формасы, тұр/тек, этиология, орны, сипаты, белгісі, емдеу) тұрады. Прагматикалық компонент терминдердің мәннәтіндік анықтамаларын семантикалық-когнитивтік талдау нәтижесінде анықталды. Терминологиялық сөздіктердегі терминнің фреймдік үлгісі алты ұғымдық компоненттен тұрады, оның ішінде терминнің этиологиясы мен сипатын анықтайтын ұғымдық компонент басқаларға қарағанда басымдық танытатыны байқалады. Фреймдік үлгідегі этиологиялық ұғымдық компоненттің басым болуы орынды, өйткені ауру түрінің пайда болу, даму себептерін білудің

маңызы зор. Терминологиялық сөздіктерде прагматикалық компонент пен әлеуметтік компонент анықталмады, бұл терминологиялық сөздіктердің кәсіби қолданыста әдбен сүзгіден өткен, өзінің өміршешендігін танытатын терминдер жинақталатындығымен, ондағы терминдерге субъективті көзқарас тән еместігімен түсіндіруге болады. Терминнің оқулықтарда қолданылуының өзіндік ерекшелігі бар. Оған талдау барысында көз жеткіздік. Ағылшын офтальмология оқулықтарынан алған терминдердің анықтамасы алты ұғымдық компоненттен тұратыны белгілі болды. Оның ішінде терминнің сипаты мен этиологиясын анықтайтын фреймдік үлгі пайыздық жағынан басымдық танытты. Оқулық мәтініндегі терминнің анықтамасына прагматикалық компонент тән. Бұл оқулықтың ғылыми ұғымдарды жеткізу дидактикалық бағытымен және кәсіби маманның анықтамаға өзіндік ұсыныстар мен кеңестерді ұсынуымен түсіндіріледі. Оқулықтағы анықтамаларға әлеуметтік компонент тән екені анықталды. Бұл оқулық кәсіби маманның, біздің жағдайымызда көз дәрігерінің немесе көз аурулары факультеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтарының қызметкерінің теориялық білімді тәжірибемен ұштастыра отырып арнайы зерттеулер жүргізетіндігімен түсіндіріледі, нәтижесінде белгілі бір аурудың жас ерекшеліктеріне қарай дамуы, таралуы сияқты мәліметтер анықталады. Аталған зерттеу нәтижелері терминнің анықтамасынан орын алады.

Көрсетілген фреймдік үлгі өлшемдері біз талдауға алған офтальмология терминдеріне ғана тән екенін атап өткізім келеді. Бұл өлшемдер әр ғылым саласының ұғымдық ерекшеліктеріне орай толығып немесе кеміп отыруы заңды. Көрсетілген өлшемдер барлық терминдердің анықтамасында болуы тиіс деуден аулақпыз. Бұл әрбір терминдік жүйенің қалыптасуы мен дамуына әсер ететін тілдік және тілден тыс факторларға байланысты екенін ұмытпаған жөн.

Сонымен, ағылшын тіліндегі офтальмология терминдерінің сөздіктер мен оқулықтардағы анықтамаларын фреймдік талдау бірқатар айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді. Біріншіден, олар үлгілеу өлшемдерінің саны бойынша бірдей емес. Екіншіден, ұғымдық компоненттерінің саны жағынан да ерекшеленеді және олардың пайыздық арақатынасы бойынша да ажыратылады.

2.4 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің фреймдік репрезентациясын салғастырмалы талдау

Бірқатар тілші ғалымдар (С.В. Гринев-Гриневич, Э.А. Сорокина, Т.Г. Скопюк 2005) мен философтардың (Фролов 2003) зерттеулері ойлаудың адамның ақыл-ой қабілетінің әртүрлі кезеңдерінде ойлаудың түрліше сипатта болғанын дәлелдейді. Кез келген ғылыми білім саласының қалыптасу тарихына көз жүгіртсек бірнеше маңызды кезеңдердің болғанын байқауға болады. Ғалымдар бұл кезеңдерді ғылымға дейінгі кезең, ғылымалды кезең, ғылыми кезең деп беледі [181, с. 57]. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдер жүйесінің ұғымдық-фреймдік қалыптасу кезеңдеріне назар аударсақ, көз аурулары туралы ғылыми білімнің аталған үш кезеңін анықтаймыз. Қазақ және ағылшын офтальмологиясының қалыптасу кезеңдерін салыстыру мақсатында төменде кесте (кесте 32) түрінде ұсынамыз.

Кесте 32 – Қазақ және ағылшын офтальмологиясының қалыптасу кезеңдері

Көз аурулары туралы ұйымдардың қалыптасу кезеңдері	Қазақ офтальмологиясы	Ағылшын офтальмологиясы
1	2	3
Ғылымға дейінгі кезең	XV ғасырда Жәнібек хан тұсында өмір сүрген Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» еңбегі	Филип Барроудың 1583 жылы жарық көрген «Медициналық әдіс» еңбегі, Уолтер Бейлидің трактаты 1586 жылы жарияланды. 1586 және 1589 жылдар аралығында Жак Гильмоның «Жүрек аурулары» еңбегінің аудармасы жарық көрді, XVI ғасыр Андреас Лаврентияның «Көздің көруін сақтау туралы пікірлер» деген еңбегінің аудармасымен аяқталды. Британ офтальмологиясының негізін 1622 жылы Ричард Банистер салды. Уильям Кауард 1706 жылы латын офтальмологиясы еңбегі, 1713 жылы Питер Кеннедидің офтальмологиясы шықты, 1729 жылы Бенедикт Дадделл көздің қасаң қабығы туралы монография жазды, Чезелден жасанды қараышқа салу тәжірибесін бастады.
Ғылымалды кезеңі	М.Я. Ястребов «Қырғыз шамандары» (1851), И. Лосьев «Қырғыз даласындағы медицина» (1874), В.Н. Плотников «Қырғыз халық медицинасы туралы» (1892), О. А-ов «Бақсылар мен дуандар» (1894), А.А. Диваев «Қырғыздардың наным-сенім саласынан. Бақсы емдеуші және сиқыршы ретінде» (1899), А.Е. Алекторов «Қырғыздардың аурулары және оларды емдеу	XIX ғасырдың басында «Мурфилдс» көз аурулары ауруханасының құрылды. 1808 жылы Эксетер қаласында батыс ағылшын көз аурулары лазареті, Бристол мен Манчестерде 1810 және 1814 жылдары көз ауруларына арналған емдеу мекемелері ашылды. 1816 жылы Лондонда Джордж Джеймс Гатри негізін салған екінші офтальмологиялық аурухана ашылды. Осы ауруханада 1817 жылы көз аурулары туралы алғашқы дәріс ұйымдастырылды.

32 – кестенің жалғасы

1	2	3
	<p>құралдары» (1900), А. Васильев «Торгай облысының қырғыздарының ауруларды емдеу кезінде қолданған халықтық тәсілдері мен құралдары» (1901), А. Диваев «Қырғыз аурулары және оларды «бәдік» жырлары арқылы емдеу» (1907), А. Виноградский «Орта Азия ауылдарындағы емшілік» (1909) және т.б. еңбектер.</p>	<p>Лондонның орталық офтальмология аурұханасы 1843 жылы ашылды. Батыс офтальмология аурұханасы 1856 жылы ашылды. 1830 жылы Уильям Маккензидің [Mackenzie W., 1830], 1833 жылы Уильям Лоуренстің, 1835 жылы Ричард Миддлмордың толыққанды үш офтальмология оқулығы дүниеге келді.</p>
Ғылыми кезең	<p>Қазақ көз аурулары ғылыми зерттеу институты 1933 жылы Алматы қаласында құрылды. Ш.Ш. Уалиханов (1985), Е. Оразаков (1989), А.Т. Төлеубаев (1991), Е. Әбілқасымов (1993), Ж. Дәуренбеков және Е. Тұрсынов (1993), К. Байбосынов және Ә. Исақов (1995), Ә. Әбдіраман (2002) т.б. Қ. Жалмұхамедовтің «Көз аурулары терминдерінің орысша-қазақша қысқаша түсіндірме сөздігі» (1977), С. Төлеуова, Ж.Ғ. Мұстафинаның құрастырган «Көз аурулары саласында жиі қолданылатын атаулардың орысша-қазақша сөздігі» (1998).</p>	<p><i>Millodot: Dictionary of Optometry and Visual Science, 7th edition.</i> (2009). R.J. Barry, A.K. Denniston A Dictionary Ophthalmology. Publisher: Oxford University Press Published online: 2017 Dictionary of Eye Terminology, 2024</p>

Берілген кестеден (кесте 32) қазақ және ағылшын көз аурулары туралы ілімнің ұғым-түсініктерінің дамуының алғашқы ғылымға дейінгі кезеңді XV-XVIII ғасырларды қамтиды. Қазақ тіліндегі көз ауруларына байланысты алғашқы түсініктер XV ғасырда Ә. Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» еңбегінен басталса, ағылшын тіліндегі жазба деректерге сәйкес алғашқы

еңбектер XVI ғасырдан бастау алады. Жалпы алғанда аталған еңбектердің барлығында да медициналық білім туралы алғашқы жазбалар ежелгі Мысыр, Грек, Рим, Үнді, Араб елдерінен басталғаны туралы жазады. Ежелгі ағылшын офтальмологиясының негізі грек-латын тілінің негізінде жасалғаны туралы деректерді жоғарыда кестеде (кесте 32) көрсетілген еңбектерде айтылады. Бұл туралы 2.3 тараушада толық мәлімет берілді. Сонымен, ежелгі офтальмологиялық білімнің қалыптасу кезеңдері жағынан екі тілдегі мәліметтер ұқсас. Көз аурулары туралы алғашқы деректер берілген трактаттар мен құжаттар жағынан ағылшын тілі басымдық танытады. Ағылшын тіліндегі 1583 жылдан бастап жазылған офтальмологиялық еңбектердегі терминдерді ақпараттық технологияның көмегімен арнайы зерттеген еңбектер саны өте көп. Әрбір терминнің сол кездегі жазбаша құжаттар мен медициналық жазбалардағы қолданыс жиілігін, ең бірінші рет қандай еңбекте қолданылды, олардың мағынасы қандай болды, қазір қандай мағыналарда жұмсалады және т.б. көптеген мәселелер күні ғылымға дейін жүргізіліп отырғанын байқауға болады. Қазақ тілінде мұндай арнайы зерттеулер жүргізілмеген. «Шипагерлік баянның» өзін 1996 жылы араб қарпінен қазіргі жазуымызға көшіріп, қайта бастырғаны болмаса, ондағы медициналық ұғымдардың қалыптасуы мен дамуын анықтайтын арнайы зерттеулер кездеспейді. Бұл қазақ тіл білімінде когнитивтік терминтаным мәселесіне қатысты зерттеулердің қажеттігін көрсетеді.

Қазақ және ағылшын офтальмологиялық білімнің қалыптасуының ғылымалды кезеңі XIX ғасырдан басталады. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көз аурулары туралы ілімнің дамуында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін арнайы зерттеуге келген орыс ғалымдары қырғыз даласындағы медицина туралы жазды. Қазақ зиялышаралының ішінен Ш. Уалиханов, Х. Досмұхамедұлы қазақ емшілері туралы, медицинаның дамуы туралы еңбектер жазды. Ағылшындарда бұл кезең арнайы офтальмологиялық ауруханалардың, лазареттердің көптеп ашылуымен, онда арнайы зерттеулердің жүргізуімен ерекшеленеді. Көз ауруларын емдейтін арнайы ауруханалардың жыл сайынғы есептері шолу ретінде жарыққа шығып тұрған. Ағылшын офтальмологиялық журналдар пайда бола бастайды. XIX ғасырдың отызыншы жылдары ағылшын тілінде офтальмологиядан үш іргелі еңбек дүниеге келді. Бұл жағынан келгенде қазақ офтальмологиясы кем түсетіні анық. Өйткені қазақ даласында сауат ашу жұмыстары енді басталып жатқан тұста, арнайы көз ауруларын зерттеудің болмайтыны анық.

Ғылыми кезеңнің дамуы 1933 жылы қазақ көз аурулары ғылыми зерттеу институтының ашылуымен байланысты айқындалады. Осы кезеңде жоғары орындарында көз ауруы бөлімдері ашыла бастады. 1977 жылы көз аурулары сөздігі жарыққа шықты. Көз аурулары терминдерінің қалыптасуы сол кездегі тіл саясатына, кеңестік жүйенің мақсат-мұддесі аясында жүргізілп отырды. Көз аурулары терминдерінің басым бөлігі түбірі грек-латын тілінен алынған терминдерді құрады, орыс тіліндегі нұсқасымен қабылданды. Ағылшын тіліндегі офтальмология терминдерінің қалыптасуының өзіндік ерекшелігі бар, оқулықтар, сөздіктер, арнайы ғылыми зерттеулер ағылшын тілінде жазылып,

дүние жүзіне тарады. Көз ауруларын емдеудің озық ұлгілері ірі ғылыми зерттеу орталықтарында жүргізіліп, бүкілдүниежүзілік мұраға айналды.

Екі тілдің корпустық-терминологиялық аппаратын салыстыратын болсақ, қазақ тілінде көз аурулары терминдерінің екі ғана сөздік бар, ағылшын тілінде бірнеше арнайы сөздіктер жарықта шыққан. Сонымен бірге ағылшын тілінің электронды офтальмологиялық сөздіктері, көз ауруларын зерттейтін ғылыми-зерттеу мекемелерінің сайттарында глоссарийлер, көз дәрігерлерінің форумдарында электронды сөздіктер көп кездеседі. Сондықтан қазақ тіліндегі офтальмология терминдерін жүйелеп беретін және анықтамаларымен көрсететін электронды сөздіктер қажет. Зерттеуіміздің нәтижесінде қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің электронды сөздігін құрастыру жоспарланды.

Қазақ және ағылшын офтальмология оқулықтар корпусын салыстыратын болсақ, бұл жағынан да ағылшын тілі басымдық танытады. Біз зерттеуімізде 2009-2024 жылдары жарықта шыққан офтальмология оқулықтарын талдауға алдық. Бұдан басқа ағылшын тілінде офтальмологиялық оқулықтар, оқу құралдары, көмекші оқу құралдары, көз ауруларын емдеу тәсілдеріне арналған нұсқаулықтар, жекелеген көз дәрігерлерінің өз тәжірибелерімен бөлісken әдістемелік құралдары көп және олардың электронды нұсқалары қолжетімді. Қазақ тіліне келгенде жағдай басқаша. Көз ауруларына байланысты жеті оқулық пен оқу құралының жарықта шыққаны анықталды. Олардың екеуі орыс тілінде жазылған. Екі оқулық 2016 жылы орыс тілінен қазақ тіліне аударылған оқулық. Оның біреуі жоғары оқу орындарына арналған оқулық 2015 жылы профессор З.У. Ахмедьянованың басқаруымен жарықта шыққан. Екінші оқулық медициналық колледждерге арналған, 2016 жылы Б.Ә. Құдабаев, Қ.М. Утепов редакциясымен жарық көрген. Аталған екі оқулық та Е.А. Егоров редакциясын бастаған орыс тіліндегі офтальмология оқулығының аудармасы болып саналады. Қазақ тілінде 1997 және 2015 жылы шыққан екі оқулық бар екені анықталды. Аталған оқулықтардың электронды нұсқалары кездеспеді. Жалпы алғанда, қазақ тілінде жазылған офтальмология оқулықтарының электронды нұсқаларының болмауы ойландыратын жай және оларды жасау кезек күттірмейтін мәселе деп есептейміз.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің сөздік және мәннәтіндегі анықтамаларын семантикалық-когнитивтік талдау нәтижелерін салғастыра талдауға көшеміз. Қазақ және ағылшын офтальмологиялық сөздіктердегі анықтамалық ұлгісінің салғастырмалы сипатын төменде кесте (кесте 33) түрінде ұсынамыз.

Кесте 33 – Қазақ және ағылшын офтальмологиялық сөздіктердегі анықтамалық үлгінің салғастырмалы сипаты

Қолданыс аясы	Өлшем							
	Ұғымдық компонент							
	Қызметі	Формасы	Құрылышы	Өлшемі	Тек/тур	Орны	Сипаты	Этиологиясы
Қазақ офтальмологиясы	21,2%	23,4%	93,2%	8,1%	21,6%	32,5%	-	-
Ағылшын офтальмологиясы	30%	10%	-	-	28,5%	30%	44,3%	57,2%

Кестеден (кесте 33) қазақ және ағылшын офтальмологиялық сөздіктердегі анықтамаларға ұғымдық компоненттер тән екені анықталды. Аталған ұғымдық компоненттер терминнің фреймдік құрылымын жасауға қатысады. Кестеден көріп отырғанымыздай, екі тілдегі ұғымдық компоненттер бір-бірімен толық сәйкес келмейді. Оның себебі офтальмологиялық білімдердің даму және қалыптасу тарихына, терминжасау тәсілдері мен терминжасам дәстүрлеріне, аталған ғылым саласының зерттелу деңгейіне байланысты анықталады. Мәселен, анықтамадағы терминнің қызметін, формасын, тек/турін, орнын көрсететін ұғымдық компоненттер екі тілге де ортақ екендігін зерттеу барысы көрсетті. Аталған ұқастықтар көздің адам анатомиясы мен физиологиясына тән жалпы ұғым екендігімен түсіндіріледі. Қазақ тіліне ғана тән ұғымдық компоненттерге құрылышы мен өлшемі жататын болса, тек ағылшын тіліндегі ұғымдық компоненттерге терминнің сипаты мен этиологиясы жататыны анықталды.

Қазақ және ағылшын офтальмологиялық оқулықтарындағы анықтамалық үлгінің салғастырмалы сипатын төменде кесте (кесте 34) түрінде көрсетеміз.

Кесте 34 – Қазақ және ағылшын офтальмологиялық оқулықтарындағы анықтамалық үлгінің салғастырмалы сипаты

Қолданыс аясы	Өлшем											Прагматикалық компонент	Әлеуметтік компонент		
	Ұғымдық компонент														
	Тек/түр	Формасы	Қызметі	Өлшемі	Этиологиясы	Белгісі	Емдеу	Құрамы	Орны	СиПаты	Қалыптықүйі				
Қазақ офтальмологиясы	-	4,8 %	64,6%	47,2%	-	-	-	14,2%	14,2%	37,5 %	19,2%	22%	-		
Ағылшын офтальмологиясы	5%	-	-	-	31,5 %	30 %	10 %	-	10 %	33,5 %	-	26,5%	53,5%		

Кестеде (kestе 34) қазақ және ағылшын офтальмология оқулықтарындағы анықтамалардың үлгісі берілді. Сөздік анықтамалармен салыстырғанда фрейм құраушы компоненттердің саны оқулықтарда басымдық танытты. Оқулық анықтамаларында ұғымдық және прагматикалық компоненттер екі тілге де ортақ екенін зерттеу барысы анықтады. Ағылшын офтальмология оқулықтарындағы анықтамалардан әлеуметтік компонент анықталды.

Кез келген тілдің сөзжасамдық тәсілдері оның терминологиясына да тән болады. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері негізінен морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады. Ф.Х. Жубуева әдеби тілдегі сөздердің терминдерден барысында байқалатын семантикалық өзгерістерді арнайы қарастырды. Зерттеушінің пікірі бойынша мұндай өзгерістер үшке бөлінеді. Бір немесе бірнеше мағыналық компоненттерді біріктіретін терминдерді бірінші топқа, әдеби тілдегі сөз мағынасының барлығын біріктіретін терминдерді екінші топқа, сөз мағынасын қайта топтастыру негізінде жасалған терминдерді үшінші топқа ажыратады [188, с. 67].

Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері жасалу тәсілдері жағынан бір-біріне ұқсас. Олар негізінен морфологиялық, синтаксистік және семантикалық тәсілдер арқылы жасалады. Төмендегі кестеде (kestе 35) қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері беріледі.

Кесте 35 – Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің жасалу тәсілдері

Тілі	Қазақ және ағылшын офтальмология терминдері жасалу тәсілдері		
	Морфологиялық тәсіл	Синтаксистік тәсіл	Семантикалық тәсіл
Қазақ тілі	<p>-лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік: соқырлық, сұқараңғылық, ақшамдық, саңлаусыздық, қарашықтық, көргіштік, глаукомалық, миопиялық, бинокулярлық, герпетиттік, дермоидтік, контакталық, метастатиялық, т.б.</p> <p>-у жүрнағы: көру, қабыну, бұзылу, біту, ауырту, түйілу, т.б.</p> <p>Орыс тілінен енген кірме терминдерге -у етістік тудыратын -ла, -ле жүрнағынан кейін келіп те жалғана береді:</p> <p>реклинациялау, экзентерациялау, экстракциялау, т.б.</p>	<p>көз рефракциясы, мүйіз қабық, шатыраш қабық, көз тензиясы, телескопиялық көзілдірік, көз жасы қалтасының флегмонасы, көз шарасының флегмонасы, көз халькозы, көз алмасы, саңылау шам, көз жасы тесігінің эверсиясы, мүйіз қабық жарасы, түстерді ажырата алмау, көздің көрмеуі, көз алмасының болмауы, көздің талып ауыруы, көз алмасының солуы, бұршақсыз көз, қабақ базалиомасы, көз саңылауының кішіреюі, ымыртық көрмеу, елеусіз қыли, көзді қимылдатқыш, көз жасы безінің қабынуы, қас үсті доға т.б.</p>	<p>көз алмасы; көз шарасы; өгіз көз; көз бұршағы;</p>
Ағылшын тілі	<p>a - префиксі: ablepharia, aphakia, aniridia, acorea; bi - префиксі: bifocal glasses; bin - префиксі: binocular vision, binocular magnifying glass, binoculars; -a префиксі мен -ia суффиксі: ablepharia; -itis, -it суффикстері: blepharitis; blepharit; dacryoadenitis; dacryocystitis; iridosyclitis; iri; canaliculitis; keratitis; conjunctivitis; maculit; meibomite; panophthalmitis; periphlebitis; pingueculitis; retinit; scleritis; tenonite; uveitis; keratoscleritis.</p>	<p>binocular refraction, bullous keratopathy, fast eye movement, superior ophthalmic vein, superior quadrantanopia, temporary loss of vision, heteronymous hemianopia, ophthalmic artery, orbital decompression т.б.</p>	<p>accommodation paralysis; accommodative asthenopia; accommodometer; palpebral fissure bulb of eye; eyeball; hordeolum; uvea; sclera; trachoma eyelid; squint т.б.</p>

Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің морфологиялық тәсілмен жасалуында айырмашылықтар басым. Бұл зерттеу нысанына алынып отырған еki тілдің құрылышының әртүрлілігімен түсіндіріледі. Қазақ

терминжасамында жүрнақтар өнімділік танытады, өйткені түбір сөзге түрлі жүрнақтардың жалғануы арқылы әртүрлі көз аурулары атаулары жасалғанын зерттеу барысы көрсетті. Ағылшын офтальмология терминдер жүйесінде префикстер мен суффикстер арқылы жаңа терминдер жасалады. Түбірдің алдына жалғанған әрбір префиксің белгілі бір мағына білдіретінін жоғарыда талданған мысалдар дәлелдеп берді. Сонымен бірге, суффикстердің де жалғануының өзіндік мағыналық реңкі байқалады. Терминжасамдағы синтаксистік тәсіл екі тілде де өнімді тәсілдердің бірі болып саналады. Тіркесті терминдер түрлі сөз таптарынан жасалып, офтальмология саласының күрделі атауларын дәл әрі нақты беруге үмтүлады.

Талдауымыздың келесі кезеңі қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің метафоралық және метонимиялық ұлгілерін салғастыра талдауға арналады. Бұл талдау зерттеуіміздің келесі 2.5 тараушасында қарастырылатын болады.

2.5 Қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдерінің метафоралық ұлгілері

Соңғы жылдары тіл білімі зерттеулерінде маңызды өзгерістер мен тың тұжырымдарды байқауға болады. Басқа ғылым салалары сияқты тіл білімі де жаңа зерттеу парадигмасы аясында қарқынды дамып келеді. Тіл білімінің жаңа парадигмасының антропоөзектік деп аталуының сырты тілдегі адам, адамдағы тіл ұстанымымен тікелей байланысты. Кез келген ұлттың тілі оның өмір сүру салтын, мәдениетін, салт-дәстүрін, ділін, санасын, өмірлік ұстанымы мен дүниетанымдық көзқарасын, мінез-құлқы мен психологиясын бейнелейтін құрал болып саналады. Тілді оны жасаушы тіл сөйлерменінен тыс зерттеу мүмкін емес. Осыған байланысты аталған зерттеуімізде тіл біліміндегі антропоөзектік парадигма аясында пайда болған когнитивті лингвистиканың қоршаған дүниені қабылдау мен ойлау, білімді категориялау мен концептуалдау, модельдеу, сақтау мен жеткізуге баланысты қалыптасқан ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынады. Жалпықолданыстағы сөздер сияқты ғылым тілінің негізін құрайтын терминдердің де жасалуында ұлттық ерекшелікке негізделген ғылыми-танымдық механизмдер орын алады. Осындағы мәселеге терминжасамдағы метафораның когнитивтік механизмдерін арнайы зерттеу жатады. Зерттеуімізде метафора теориясына қатысты пайда болған жаңа тұжырымдар мен ережелерге назар аударылады. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің метафоралану механизмдері салғастырмалы аспектіде талданады.

Медицина терминжүйесіндегі метафораларды арнайы зерттеген ғалымдарға С.Л. Мишланова (2002), Т.И. Уткина (2007), С.Г. Дудецкая (2007), О.Д. Вишнякова (2018) және т.б. атауға болады. С.Л. Мишланова, Т.И. Уткина, О.Д. Вишнякова метафораны медициналық дискурста зерттесе, С.Г. Дудецкая метафораны ағылшын бас-жақ-сүйек хирургиясы және стоматологиясы терминдерін жасау тәсілі ретінде қарастырған. С.В. Швецова қазіргі ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі терминжасам тәсілдеріне лингвистикалық

талдау жасаған [180, с. 147]. Қазақ тіл білімінде медицина терминдеріне арналған зерттеулерге М.О. Исамбаев (1961), К.Г. Аяпбергенова (1987) еңбектерін атауға болады. И. Мұратбаева қазіргі қазақ және орыс тілдеріндегі метафораланған терминдердің семантикасын [189] зерттеген. Қоріп отырғанымыздай, қазақ тілінде медицина терминологиясындағы метафораларға, оның ішінде қазақ және ағылшын тілдеріндегі офтальмология терминдеріндегі метафораларды арнайы зерттеген еңбектер кездеспейді [190, б. 325].

Термин жасаудың семантикалық түрлерінің арасында метафоралану тәсілі ең танымал және көп қолданылатын тәсілдердің бірі. Тілдің негізгі рөлі ақпаратты сақтау және ақпаратты жеткізу, деректің тиянакты, нақты мазмұнын ғылымға енгізу. Ғылым тілі – тек идеяны жеткізу немесе қағиданы дәлелдеу үшін ғана негізделмеген. Ғылыми зерттеулерде тіл концептуалды аспап қызметін атқарады, яғни ғалымды дұрыс жолға бағыттайты, ғылымда мұны генеративті күш деп те атайды. Терминдер ғылыми білімдер мен түсініктерді кеңейтуге мүмкіндік береді. Тілдің рөлі ғылымда метафора негізінде қолданылуымен белгілі. Ғылыми тілдегі метафора – коммуникативтік, когнитивтік-танымдық қызмет атқарады, яғни когнитивті ғылымдармен, оның ішінде когнитивті лингвистикамен байланысты. Метафораны қабылдау, қолдану ғылымның түрлі салада дамуына әсер етеді, себебі метафора біздің ойымызды жүйелеп қана қоймай, белгілі бір нысанға бағыттайты. Ал метафоралану бұл бір ұғымның басқа ұғымның ықпалымен, әсерімен басқаша кең мағынада қабылдануы. Ақырында, метафоралар құбылыс немесе идеяны басқа бір құбылыс пен идеяның ықпалымен өзгертіп, бұдан да зор әрі кең мағына мен ұғымды ашуға әсерін тигізеді. Метафоралық теория қазіргі термин шығармашылығының тұжырымдамасын өзгертуге ықпал етті. Ертеректе тек қана нақты және қысқа, бірмәнді және абстрактілі грек-латын терминологиясына сүйенген ғылым тілі қазір метафоралық терминге сүйеніп, кең етек алды. Бұрын ғылыми эмоция ғылыми терминология және ғылыми метафорамен қатар қолданылмайтын болса, қазір ол бұл салалардың құрамдас, ажырамас факторы болды. Метафоралар терминдер тек қана жаңа көріністі атап қоймай, сол жаңа көріністі түсінуге, қабылдауға көмектеседі. Таным процесінде, ғылым мен техника тілінде пайда болған метафора-терминдер, құрделі когнитивтік процесте, қоршаған әлемдегі заттар мен құбылыстардың арасындағы аз немесе көп мөлшердегі қурделі қауымдастық байланысты орнату нәтижесінде пайда болады. Терминді қалыптастыруышылар мен оны қолданушылар, метафораны білдіретін мәнді ұғынудағы танымдық әрекетті жүзеге асырады деп санайды.

Метафоралану механизмі атаудың ұқсастығына негізделеді. Тілде концептінің белгілері мағынаның құрамдас бөлігі ретінде көрсетілгендейтін, олар көбінесе атауды беру туралы емес, мағынаны беру туралы айтады, яғни, ауыспалы мағына, қоршаған әлем туралы біздің біліміміз метафоралану үдерісі жүретін негіз болып табылады. Метафораны бір сөзben білдіру мүмкін еместігін ескере отырып (формальды тұрғыдан ол не екі құрамды немесе бірнеше компонентті болып табылады), оған көбірек қолданылатын метафоралық тіркес

деген атауды қолданамыз. Әдебиеттерде метафоралық кешендер, метафоралық құрылымдар, метафоралық пайымдау, бинарма деген атаулар да кездеседі.

Бинарма ұғымын дамыта отырып, Н.А. Басилая метафоралық тіркестің басқа синтаксистік модельдері метафоралықтың бірдей мәнін көрсетеді деп есептей отырып, дәл қос компонентті метафораның егжей-тегжейлі сипаттамасын береді. Оның пікірінше, модельдердің күрделілігіне қарамастан, метафорада әрқашан метафоралайтын және метафораланатын болып бөліну принципі қолданылады. Бұл жағдайда метафораланған терминнің белгіден гөрі заттық мағынасы жоғары болады [191, с. 40]. Н.А. Басилаяның бинарма теориясына сүйене отырып, біз медициналық анықтамалық әдебиеттерден таңдалған офтальмология метафораларының құрылымын талдадық.

Қазақ тілінде екі компонентті метафора-терминдердің келесідей синтаксистік модельдері анықталды: 1) Сын есім + зат есім: құрғақ кератит, қабатты кератопластика, түйіршікті конъюнктивит, қапшықты глаукома, ұшықты кератит; 2) Зат есім + зат есім: көз саңылауы, көзұяның қалқасы, көз түбі, көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы, саңырауқұлақшалық кератит, өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, бадырақ көз, көзілдірік симптомы, кобра белгісі, көз шемені, көз айнасы, көз сұңгісі, көзұялық бет, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы 3) Етістік + зат есім: көру төмпесі, көру қыртысы. Үш компонентті метафоралар: 1) Зат есім + сын есім + зат есім: көздің торлы қабығы; 2) Етістік + зат есім + зат есім: көрудің селеулас жасушасы; 3) Зат есім + шылау + зат есім: ұршық тәріздес катаракта, диск тәрізді кератит [192].

Ағылшын тілінде қос компонентті метафоралардың төмендегідей синтаксистік модельдері анықталды: 1) Сын есім + зат есім: Adj.+N cc. Мысалы: heavy eye – жоғары деңгейлі біржақты миопия; ndritic keratitis - тармақтанған кератит; pink eye - жедел конъюнктивит. 2) Зат есім + зат есім: N cc (attr.) + N cc. Мысалы: pindle cell – ұршық пішінді жасушалар (пішіні ұршыққа ұқсайтын жасуша / cell – жасуша – көлеңке (сұлбасы сақталған өлі жасуша); berry aneurysm – шағын жидекке ұқсайтын қап тәрізді аневризм, 3) Тәуелдік жалғаулы зат есім + зат есім: N pc + N cc. Мысалы: cat's eye/pupil – мысық көз белгісі (жарық түскенде қарашиқта сары түсті жарқыраудың пайда болуы); bull's eye – өгіз көз белгісі (көз алмасының ұлғайып, сыртқа қарай шығуы); melancholic's eye – аккомодацияға теріс реакция кезінде қарашиқтардың жарыққа оң реакциясы; ауыр депрессия симптомы [193]. 4) Күрделі сын есім + зат есім: Compound Adj. + N cc. Мысалы: cherry-red spot – шие сүйегі белгісі (торлы қабықтың ақшыл, айқын ісінуі бар сары дақ аймағында қызыл кішкене дақ тәрізді көздің тамырлы қабығы). 5) Күрделі зат есім + зат есім: Compound N cc + N cc. Мысалы: cotton-wool spots / patches – мақталы түйіршік (қызыл жегі ауруы кезінде көздің ішкі тор қабығында байқалатын, жан-жағы солғын көрінетін сары-сұр немесе ақ түсті дақ); pinhole effect / pupil – күрт тарылған қарашиқ; keyhole pupil – туа біткен колобома (көздің нұрлы қабығының ақауы), төңкерілген көз жасы немесе кілттік ұңғымасы бар; honey-bee lens – ара көзінің қырлы құрылымын көрсететін көз линзалары. Үш немесе одан да көп компонентті метафоралық тіркестер кездеседі: 1) (Сын есім + зат есім) + зат есім: (Adj. + N cc) + N cc. Мысалы: natural killer cells

– табиғи өлтіруші жасушалар/табиғи өлтірушілер (адамның қан лимфоциттері; ісік немесе вирусификацияланған нысанда жасушаларға қатысты антиденеге және комплементке тәуелсіз цитоуыттылықты көрсетеді); *watered silk retina* – көз торы жарқылының әсері (кейде балаларда байқалады) [194]; 2) Құрделі сын есім + зат есім + зат есім: Мысалы; *sea-blue histiocyte syndrome* – спленомегалияның қою көк түсті морфологиялық түрғыдан айқын түйіршікті гистоциттердің болуымен сипатталатын сирек кездесетін бұзылыс; *butterfly-shaped pigment dystrophy* – көбелектің қанаттары түріндегі екі жақты симметриялы ретикулярлық пигментация. 3) (Зат есім + шылау / жалғау + зат есім) + зат есім: Мысалы: *salt and pepper fundus* – кішкентай көк пигментті және қызғылт сары депигментті дақтармен жабылған көз түбі: мерезбен ауыратын науқастарда, сондай-ақ қызылаша қызамығы сияқты кейбір басқа ауруларда байқалады; *café au lait spots* – сұт қосылған кофе түсті дақтар; терідегі бірдей ашық қоңыр дақтар, шеттері анық, сопақша, нейрофиброматозға тән, бірақ сау адамдарда да кездеседі [195]. Сонымен, синтаксистік деңгейде кем дегендеге екі компонент қажет, олар сәйкестіктің не болатынын және метафоралық тіркестің тұра мағынада емес, ауыспалы мағынада қолданылатынын түсіну үшін маңызды контекст құрайды. А. Вежбицкая метафораны біріктірілген салыстыру деп сипаттайды, өйткені метафорада да, салыстыруда да екі субъект салыстырылады, мұнда біреуі ортақ белгіні (белгілерді) көрсету негізінде екіншісіне ұқсатады, салыстыруда бұл белгі вербалды түрде көрсетілген және сияқты (ағылш. like, as) синтаксистік маркер-формант қолданылады, бірақ аталған маркер ағылшын тіліндегі метафорада кездеспейді. Қазақ тілінде метафора жасауда ішінара болса да тәрізді, тәріздес септеулік шылаулары сияқты, іспетті, ұқсас, секілді мағыналарын беру мақсатында қолданылады. Офтальмологиялық терминдік тіркестерді құрудың негізінде жатқан метафоралар меканизмін талдай отырып, біз метафораланған нысанды фрейм ретінде анықтаған М. Блэк теориясына сүйендік, яғни бұрыннан белгілі және салыстыру базасы ретінде қызмет ететін метафораланған нәрсені фокус ретінде танып, яғни не үшін салыстыру актісі жүретінін түсінеміз.

Офтальмологиялық метафоралық тіркестерде фрейм төмендегілерге негізделетіні анықталды: 1) *түр-түстің ұқсастығына* (мысалы, ағылшын тілінде: *salmon patch* – көздің қасаң қабығында орналасқан сарғыш түсті түйіндақ (лосось түсі): мерез ауруында байқалады; *Tomato catsup fundus* – хороидты гемангиома нәтижесінде пайда болатын қызыл-қызылғылт сары түсті көз түбінің қатауы; қазақ тілінде: *қара катаракта* – аурудың жетілген кезеңінде вакуольдерде (сүйіктық бар құыстарда) қоңыр пигмент жиналған кезде пайда болады. Ол көз бұршағын қара немесе қара-қоңыр түске бояйды. 2) *пішиң ұқсастығына* (мысалы, қазақ тілінде: *көру төмпесі* – аралық мидың орталық бөлігін алғып жатқан төмпешікке ұқсас құрылым; *көз саңылауы* – жоғарғы қабақтың аздал түсүніне байланысты тарылады, бұл бұлшықеттің төмендеуі және леватордың әлсіреуінен болады; *көзүя* – бас сүйегіндегі жұптасқан қуыс, ол құстың ұясына ұқсайды; *көзүяның қалқасы* – қабақтың шеміршекті тақталарымен бірге орбитаның алдыңғы жылжымалы қабырғасын құрайтын

жақсы анықталған жұқа талшықты-серпімді құрылым, яғни көзүясын қорғап, тасалап, көлегейлеп тұратын құрылым болғандықтан қалқаға ұқсайды; *көз түбі* – көздің торлы қабық, көз тамырлары сияқты бірнеше анатомиялық құрылышын біріктіретін термин [196]. Қазақ тіліндегі *tүп* сөзінің іші қуыс нәрсенің төменгі қабаты, асты [84, б. 833] деген мағынасы метафораланып, көз қуысының тоқтар жерін, астыңғы қабатын бейнелейтін *көз түбі* термині жасалған; *көз алмасы* (латын тілінен аударғанда пиязшық және көз мағынасын білдіреді) – көру мүшесінің негізгі бөлігі, пішіні шарға ұқсайды. Көздің бір жағынан шарға немесе сопақша пиязшықта ұқсастығы алманы еске түсіреді, сондықтан *көз алмасы* метафора термині пайда болған; *көз бұршағы* – пішіні бұршаққа ұқсас болғандықтан метафоралану үдерісі нәтижесінде термин жасалған; *қапишиқты глаукома* – көз бұршақ капсуласының алдыңғы бетінде ақшыл-сұр бұлышыңғыр және түйіршікті құрылымы бар қабыршақтардың болуымен сипатталатын көз ауруы; *көзбұршақ қапишиғы* – көзбұршақты барлық жағынан жабатын эпителий жасушаларының базальды мембрانا; *ұришық тәріздес катаракта* – көзбұршақтың бұлышыңғырлануы алдыңғы капсуладан артқы капсулаға дейін пайда болады, пішіні ұршиққа ұқсайды, көру қабілетінің қатты төмендеуіне әкеледі; *саңырауқұлақшалық кератит* – көздің қасаң қабығының саңырауқұлақ инфекциясының түсінен қабынуы; *диск тәрізді кератит* – көздің қасаң қабығының диск тәрізді бұлышыңғырлануымен сипатталады; *тармақтанған кератит* – көздің қасаң қабығында ағаштың бұтактарына ұқсайтын сурет пайда болады, бұл ұшықтық кератит салдарынан орын алатын қабыну; *көрудің селеулас жасушасы* – түрлі түстерді көруге арналған көз жасушасы, пішіні жағынан селеу шебін еске түсіретіндіктен, осында атауга ие болған; *көру қыртысы* – бұл визуалды ақпаратты өндеуге жауап беретін ми қыртысының бөлігі, жалпы қолданыстағы қыртыс – жердің сыртқы қабаты, беті деген мағынаның метафоралануы арқылы жасалған термин; *көзқарақтың қыртысы* – линзаның капсуласының астында орналасқан беткі, онша тығыз емес бөлігі; *дөңес линза* – бұл бүкіл аудан бойынша бірдей қисықтық радиусы бар жарты шарлар, линзаның пішіні тегіс емес, дөңес болып келеді; *көздің торлы қабығы* – бұл жарық сигналдарын қабылдайтын көз алмасының ішкі артқы жағы, пішіні торға ұқсайды.

Ағылшын тілінде: *goblet/beaker cell* – эпителий жасушасы (шырышты секрецияның өндірушісі; секрециядан кейін жасуша орнында кратерге немесе стаканға ұқсайтын құрылым қалады); *horseshoe tear* – торлы қабықтың таға тәрізді жыртылуы; *bulb of eye* [183, р. 349] – көз алмасы (сөзбе-сөз аударғанда көз шамы) (*bulb* – шам, пиязшық); *eyeball* [183, р. 472] – көз алмасы (сөзбе-сөз аударғанда көз добы (*ball* – доп мағынасында)); *hordeolum* [183, р. 493] – теріскен (латын тілінен *hordeum* – арпа, көздің сықтан қабынуында пайда болатын түйін арпа дәнін еске түсіреді); *uvea* [183, р. 1202] – көздің тамырлы қабығы (латын тілінен *uvea* – жүзім, яғни көз тамырлары жүзім шоғын еске түсіреді); *cataract coralliform* – маржан тәрізді катаракта, яғни көз жанарының бұлышыңғырлануы, онда маржанға ұқсайтын үлгіні байқауға болады); *wing cell/қанатты жасуша*, көздің мүйізгек қабығы артындағы жасушасы; 3) *түр-тұс пен пішін*

ұқсастығына (мысалы, ағылшын тілінде: *snowflake cataract* – балалардағы қант диабетінде кездесетін көптеген бұлыңғыр сұр немесе көкшіл-ақ үлпектерді қамтитын катаракта; *strawberry nevus* – гемангиома; құлпынайдың пішіні мен түсіне ұқсайтын та біткен тамырлы невус; *sun/lower cataract* – ашық түсті бұлыңғырлық, әдетте күнбағыс түріндегі сарғыш түсті; *pupil* – қараашық. Латын тілінде *pupilla* сөзі қуыршақ немесе қыз дегенді білдіреді. Адам өзінің миниатюралық көрінісін басқа адамның қараашығында көреді, бұл оған қуыршақ бейнесін еске түсіреді. Сонымен, көздің ортасындағы қара дөңгелек ағылшын тілінде *pupil* деп аталды); 4) құрылысы жағынан ұқсастығына (мысалы, ағылшын тілінде: *jelly bumps* – конъюнктиваның бокал тәрізді жасушалары шығаратын контактілі линзалардың бетіндегі желе тәрізді шырышты қабаттар; *pulveriformis cataract* – ұнтақ тәрізді катаракта; *sclera* [183, p. 1044] – склера (грек тілінен *sklēros* – қатты); *trachoma* [183, p. 844] – трахома (грек тілінен *trachys* – бұйдыр); *jelly trachoma* – қоймалжың трахома (конъюнктивада қоймалжың болып келетін қосындылар); қазақ тілінде: *құрғақ кератит* – көз айналасының жастың аз бөлінуінен немесе түрлі ауытқулардан құрғап кетуімен сипатталады; *қабатты кератопластика* – тиімді, бірақ құрделі және жоғары кәсіби шеберлікті қажет ететін хирургиялық емдеу әдісі. Бұл эндотелийдің өзгеріссіз қалуына және трансплантация аймағының ұлғауына мүмкіндік беретін қадамдық кесу жасауға мүмкіндік береді; *түйіршікті конъюнктивит* – бұл түйіршіктердің пайда болуымен бірге жүреді – дәндерде лимфоидты тіндердің жиналуымен сипатталады. 5) басқа белгілерінің ұқсастығына (мысалы, қазақ тілінде: *өгіз көз* – көз қызметінің нашарлауымен сипатталатын ауру, нәтижесінде науқастың көзі бұқаның немесе өгіздің көзіне ұқсайды; *мысық көз синдромы* – әдетте туған кезде байқалатын өте сирек кездесетін генетикалық ауру, нәтижесінде мысықтың көзіне ұқсайтын ұзартылған қараашық пайда болады; *қоян көз* – қабақтың толық немесе жартылай жабылмауы, қоянның қабағы қысқа болады, сондықтан олар ұйықтағанда көздері толық жабылмайды, адамның қабағының толық жабылмай, көзін ашып ұйықтауы ауру болып саналады, мұндай адамдарды қоян көз деп атайды; *бадырақ көз* – көздің ұсынан сыртқа ығысуы түрінде байқалатын сырқат, мұнда көз өзінің шарасынан шығып тұрады; *көзілдірік симптомы* – көз айналасындағы көгерулермен сипатталады, бұл көзілдірікті ұзақ таққан адамның көзін көзілдірік сорып тастаған кезде байқалатын белгілерге ұқсайды немесе бұл сырқатты жанат (енот) көз деп те атайды, себебі жанаттың көзінің айналасы қара болып тұрады. Аталған белгілер көзілдірік симптомы терминінің жасалуына негіз болған. Ағылшын тілінде: *crocodile shagreen* – қолтырауынның терісіне ұқсайтын ашық фонда мозаикалық, көпбұрышты сұр қосындылар түріндегі қасаң қабықтың бұлыңғырлануы; *fish-eye disease* – көздің қабығының бұлыңғырлануы пайда болатын ауру, бұл көздің қайнатылған балықтың көзіне ұқсауымен сипатталады; *zébra bodies* – Шванн жасушаларының оқшауланған немесе дегенерация нәтижесінде топтастырылған және зебра терісіндегі ұлғіні көрнекі түрде еске түсіретін концентрлі, қабатты цитоплазмалық қосындылары; *bovine eye* – бұқа көз. Глаукомада көзішлік сұйықтықтың ағуы бұзылады, бұл көз алмасының ұлғауына әкеледі, содан кейін

ол бұқаның көзіне ұқсай бастайды); 6) *iс-әрекеттің ұқсастығына* (мысалы, ағылшын тілінде: *doll's eye* – қуыршақ көзі (син. Видровитца симптомы) – дифтериялық полиневритте байқалатын жеңіл экзофталммен және сирек жыптылықтаумен аккомодация параличі; *crocodile tears* – қолтырауын көз жасы синдромы; шайнаған кезде көзден жастың бөлінуі; *cat's cry syndrome / cri-du-chat syndrome* – мысықтың айқайы синдромы (В тобындағы хромосомалардың ауытқынан туындаған аур; микроцефалиямен, ақыл-ойдың артта қалуымен сипатталады, көру мүшесінің дамуының бұзылуы, сондай-ақ көмейдің дамуындағы ауытқулар, нәтижесінде баланың айқайы мысыққа ұқсайды; *funnel-shaped retinal detachment* – тордың шұңқыр тәрізді ыдырауы. Бұл тордың толық бөлінуі, онда ол тек бір жерде – көру жүйесінде дискінің айналасында қалады, бұл шұңқырдың суретін жасайды); қазақ тілінде: *мысықтың айқайы синдромы* (мысықтың жылауы деп те аталады) – генетикалық, өте сирек кездесетін аур; *қолтырауын жас синдромы* – паралич ауруын дұрыс емдемеу салдарынан көз жасын бөлөтін бездер тамақ ішү барысында қозып, адамның көзінен жас шығады. Қолтырауындар қоректенген кезде көздерінен жас шығады. Қолтырауынның қоректену кезінде көзінен жас шығуы офтальмология терминінің жасалуына негіз болған. 7) *қызмет ұқсастығына* (мысалы, ағылшын тілінде: *eyelid* [183, р. 349] – қабақ (*lid* – қақпақ) Lid термині (қабақ) – ескі ағылшын тіліндегі *hlid* сөзінен шыққан және жалпы әдеби тілде қақпақ, қалпақ мағынасы бар, ал офтальмологияда бұл мағынаны қабақтың көз қақпағы ретінде қызмет етуіне байланысты алған, ейткені ол көзді бөгде заттардың енуінен және кеуіп кетуден қорғайды; қазақ тілінде: қабақ – көз аңғалағының үстінгі жағындағы қас өсken шығынқы сүйек [84, б. 443], жардың, шатқалдың екі жағасындағы биік жер деген мағынадағы жардың қабағы, шатқалдың қабағы тіркестеріндегі биік жер, үсті деген семалардың метафоралануы арқылы термин жасалған. Екі тілде де қабақ терминінің қызметі бірдей [197].

Офтальмологиялық терминологияда ұсынылған дүниенің метафоралық бейнесінің орталығы адамның көз мүшесі болғандықтан, тікелей сенсорлық қабылдау нәтижесінде адам көзінің сыртқы түрі мен қасиеттері адамдарда жоқ жануарлардың белгілі бір мүшелерімен салыстырылады (балық көзі, мысық көзі, леопард көз түбі және басқалар). Бұл жағдайда метафоралану негізінен үй және жабайы жануарлардың атауларына негізделеді.

Медициналық метафора-термин модельдерінің қалыптасуын қарастырайық. Дереккөз (донор) – қабылдаушы (реципиент) типі бойынша қалыптасқан концептуалдық модельдерді талдау арқылы медициналық метафоралардың пайда болуы мен қолданылу ерекшеліктерін анықтау мамандандырылған медициналық лексиканың сегменттерін категориялайтын және реттейтін когнитивті-уәжді сыйбалар жүйесін жасауға мүмкіндік берді. Медициналық метафорадағы негізгі донорлық салалар табиғи және антропоморфты ұғымдық салалар болып табылады. Берілген концептуалдық кеңістіктер шегінде пайда болатын метафоралар өз кезегінде неғұрлым сараланған модельдерге бөлінеді. Табиғи метафора зооморфты, ботаникалық

және географиялық модельдерді қамтиды. Антропоморфты метафора медициналық терминологияда әлеуметтік, артефакт модельдерге негізделген.

Табиғат ұғымдық саласында ең өнімді – зооморфтық модель. Жануарлар әлемі нысаны мен құбылыстарының ұқсастығы медицина саласының нысаны мен құбылыстарына ауысып, зооморфты модельдегі метафора-терминдерін қалыптастырады. Мысалы, қазақ тілінде: өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, жанат көз, бұқа көз, кобра белгісі, мысықтың айқайы синдромы (мысықтың жылауы), қолтырауын жас, тауық соқыры, шие сүйегі синдромы, колибри қысқышы және т.б. Ағылшын тілінде: wing cell, cat's eye/pupil, bull's eye, honey-bee lens, butterfly-shaped pigment dystrophy, salmon patch, crocodile shagreen, fish-eye disease, zebra bodies, bovine eye, crocodile tears, cat's cry syndrome/cri-du-chat syndrome, lagophthalmus және т.б.

Географиялық модель медициналық құбылыстың немесе анатомиялық белгінің белгілі бір ландшафт объектілеріне ұқсастығына негізделген терминдерді тудырады. Мысалы, қазақ тілінде: дөңес линза, қабатты кератопластика, көз түбі, географиялық кератит, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б. Ағылшын тілінде: funnel-shaped retinal detachment, Asian eyelid (син. Mongolian eye) және т.б.

Ботаникалық модель өзінің құрылымында флора ұғымдық аймағынан алынған метафоралық компонентті қамтитын медицина терминдерінің қалыптасуына түрткі болады. Мысалы, қазақ тілінде: көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапшығы, саңырауқұлақшалық кератит, көрудің селеубас жасушасы және т.б. Ағылшын тілінде: berry aneurysm, cherry-red spot, cotton-wool spots/patches, café au lait spots, tomato catsup fundus, hordeolum, uvea, cataract coralliform, snowflake cataract, strawberry nevus, sun/lower cataract және т.б.

Ең өнімді антропоморфты метафоралық модельдің қайнар көзі болып табылатын адам ұғымдық сферасы әлеуметтік, артефакт модельдер сияқты сараланған аймақтарға бөлінеді. Адам әлеуметтік субъект ретінде ұғымдық саласынан метафоралық ауысу (әлеуметтік антропоморфтық модель) аурудың адамның әлеуметтік рөліне, жасына, мәртебесіне немесе өніміне ұқсастығы негізінде жүзеге асырылады: can-opener technique (катаракта экстракциясы кезінде шеңберді кесу және линзының алдыңғы капсуласын алу әдісі); bridle suture (көз алмасының тұтас айналуынан жоғары тік бұлшық ет арқылы өтетін тігіс); natural killer cells – табиғи өлтіруші жасушалар/табиғи өлтірушілер (адамның қан лимфоциттері; ісік немесе вирусификацияланған нысана жасушаларға қатысты антиденеге және комплементке тәуелсіз цитоуыттылықты қөрсетеді); жасөспірімдік глаукома, қарттар катаректасы т.б.

Артефакт метафора медициналық терминдерді (әдетте екі бөліктен тұратын) жасау үшін концептуалдық негізді құрайды, оның құрамдас бөліктерінің бірі кез келген заттың (негізінен тұрмыстық заттар мен киім-кешек) атауы болып табылады. Бұл концептуалдық модель ең өнімді болып табылады. Мысалы, қазақ тілінде: қапшықты глаукома, көзбұршақ қапшығы, көз айнасы, үршық тәріздес катаректа, диск тәрізді кератит және т.б. Ағылшын тілінде:

pindle cell, keyhole pupil, goblet/beaker cell, horseshoe tear, bulb of eye, eyeball, pupil, jelfy bumps, doll's eye, eyelid және т.б.

Қазақ және ағылшын офтальмология саласындағы метафора терминдердің әмбебап белгілері басым екенін көрсетті. Дегенмен, терминжасауда әр ұлттың өзіне тән ерекшелігі де байқалды. Мысалы, ағылшын тілінде *optic cup* (глазная чаша) термині ағылшындардың күнделікті су, шәй ішіп жүрген ыдыстарының дөңгелек пішінімен ассоциацияланып жасалғаны байқалады, дәл осы термин қазақ тілінде *көз шарасы* деген метафора терминмен аталады, өйткені қазақ ұғымында шара үлкен ағаш ыдыс, тегене, аяқ [84, б. 904] дегенді білдіретін іші ойық ыдыс. Көріп отырғанымыздай, қазактың өз қолымен ағаштан ойып жасаған ыдысы көз алмасы орналасқан бассүйек шұңқырын атауда ассоциация тудырып, сәтті термин жасалған. Метафора терминдердің жасалуындағы ұлттық-мәдени ерекшелікті қазақ тіліндегі географиялық метафора модельдерінен де айқын көруге болады. Мысалы, дөңес линза, қабатты кератопластика, көзұялық жиек, көзқарақтың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б. Берілген терминдердің метафоралануына негіз болып тұрған дөңес, төмпе, жиек, қыртыс, қабат сөздерінің барлығы қазақ ұлттының көшпенің өмір сүру салтының арқасында жер бедерін өте жақсы білгенін, оның әрқайсысына жеке-жеке атау бергенін байқау қын емес. Керісінше аталған модельдің ағылшын тілінде сирек кездесетінін зерттеу барысы көрсетті. Ағылшын тілінде ботаникалық метафоралық модель қазақ тіліне қарағанда басымдық танытады. Мысалы, *café au lait spots* – сүт қосылған кофе түсті дақтар деген анықтамасы бар метафораның жасалуына ағылшындардың күнделікті сүт қосылған кофені жиі ішетіні және ауру белгісі болып саналатын қара, қоңыр дақтарды көргенде бірден сүт қосылған кофенің дақтарының түсі ассоциацияланғаны байқалады. Офтальмология терминжүйесіндегі метафоралардың когнитивтік механизмдерін зерттеу оларға тән әмбебап сипаттар мен ұлттық-мәдени ерекшеліктердің болатынын көрсетті.


Сонымен, қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі метафоралық үлгілер ұқсас, мұны ғылыми стилдің басты ерекшелігі терминдік атаулардың бір мағынада қолдануы, ғылыми ұғымды дәл әрі анық белгілеуімен және жалпы адамзатқа ортақ тілдік универсалий құбылысымен түсіндіреміз. Терминдік жүйелерде метафоралар мен метафоралық тіркестер жиі кездеседі. Терминологияның метафора-терминдер арқылы толығуы терминшінің немесе маманның кәсіби ойлау нәтижесінде жүзеге асады.

Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі табиғи метафоралық үлгіні төменде суретте (сурет 8) көрсетеміз [198, р. 211]. Ол өз ішінде үш үлгіге жіктеледі: зооморфтық үлгі, ботаникалық үлгі, географиялық үлгі.

Табиғи метафоралық үлгі					
Зооморфтық үлгі	Ботаникалық үлгі	Географиялық үлгі			
KZ	EN	KZ	EN	KZ	EN
<p>өгіз көз, мысық көз синдромы, қоян көз, жсанат көз, бұқа көз, кобра белгісі, мысықтың айқайы синдромы (мысықтың жылауы), қолтырауын жаса, тауық соқыры, «шие сүйегі» синдромы, «колибри» қысқышы</p>	<p>wing cell, <i>cat's eye/</i> <i>pupil, bull's</i> <i>eye, honey-</i> <i>bee lens,</i> <i>butterfly-</i> <i>shaped</i> <i>pigment</i> <i>dystrophy,</i> <i>salmon</i> <i>patch,</i> <i>crocodile</i> <i>shagreen,</i> <i>fish-eye</i> <i>disease,</i> <i>zébra</i> <i>bodies,</i> <i>bovine eye,</i> <i>crocodile</i> <i>tears, cat's</i> <i>cry</i> <i>syndrome/</i> <i>cri-du-chat</i> <i>syndrome,</i> <i>lagophtha-</i> <i>lmus</i></p>	<p>көз алмасы, көз бұршағы, көзбұршақ қапызығы, саңырауқұ- лақшалық кератит, көрудің селеубас жасушасы және т.б.</p>	<p>"berry" aneurysm, <i>cherry-red</i> <i>spot, cotton-</i> <i>wool spots/</i> <i>patches,</i> <i>café au lait</i> <i>spots,</i> <i>"tomato</i> <i>catsup"</i> <i>fundus,</i> <i>hordeolum,</i> <i>uvea,</i> <i>cataract</i> <i>coralliform,</i> <i>snowflake</i> <i>cataract,</i> <i>strawberry</i> <i>nevus,</i> <i>sun/lower</i> <i>cataract</i> және т.б.</p>	<p>дөңес линза, қабатты керато- пластика, көз түбі, геогра- фиялық кератит, көзүялық жисек, көзқарақ- тың қыртысы, көру төмпесі, көру қыртысы және т.б.</p>	<p><i>funnel-</i> <i>shaped</i> <i>retinal</i> <i>detachment,</i> <i>Asian</i> <i>eyelid</i> (син. <i>Mongolian</i> <i>eye)</i> және т.б.</p>

Сурет 8 – Қазақ және ағылшын офтальмология терминдеріндегі табиғи метафоралық үлгі

Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі антропоморфты метафоралық үлгіні төмендегі суретте (сурет 9) көрсетеміз.



Сурет 9 – Қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесіндегі антропоморфты метафоралық үлгілер

Корытындылай келе, медициналық дискурстағы метафораның рөлі когнитивті-прагматикалық түрғыдан өте маңызды екенін атап өткен жөн. Когнитивті метафораларды қолдану адамның әлемге деген белгілі бір қатынасын модельдеуге мүмкіндік береді, бұл адамның қарым-қатынасының осы саласында қойылған коммуникативті міндеттерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар ақпаратты игеру және өндеу, сондай-ақ жаңа білім алу және игеру түрғысынан танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Дискурстың осы түрінің ерекшелігіне байланысты медициналық ұғымдардың метафоралық көрінісі ерекше сипаттағы

ақпаратты беру үшін бірқатар функцияларды орындаиды: бір жағынан, когнитивті метафораны осы ұғымдарға енгізілген мағыналарды түсіндіру үшін, екінші жағынан, этикалық түрғыдан анықталған қайта құру, эвфемизация, сондай-ақ кәсіби саладағы нақты жағдайды жасыру мақсатында қолдануға болады. Басқаша айтқанда, медициналық дискурста когнитивті метафораны қолдану ақпараттың белгілі бір түріне назар аударуға және жұмсартуға, бейтараптандыруға, жасыруға қызмет етуі мүмкін. Кейбір жағдайларда теріс коннотациялары бар әртүрлі семантиканың тілдік бірліктерін жүзеге асыруға негізделген метафораларды қолдану, ең алдымен пациенттер арасында қолайлы психологиялық климат құру тұрғысынан, қойылған кәсіби мақсаттарға қол жеткізуге ықпал етуі мүмкін. Медициналық дискурстағы когнитивті метафора ғылыми құбылыстар мен процестердің мәнін зерттеуде ерекше рөл атқарады, бұл бірқатар зерттеулермен расталады және арнайы әдебиеттерде көрініс табады.

Осылайша, метафора түрлерін зерттеу метафоралық мағыналардың дамуының жалпы бағытын анықтауға көмектеседі. Тіл мен мәдениеттің байланысын, мағынаның ұлттық-мәдени ерекшелігін бақылау оның типологиялық сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді, олар бейнелі құралдардың көмегімен жасалады, соның ішінде белгілі бір тілдің ерекшелігін көруге мүмкіндік береді.

2.6 Офтальмология терминдерінің қазақша-ағылшыныша электронды түсіндірме сөздігінің сипаттамасы

Қазақ-ағылшын офтальмология терминдерінің түсіндірме сөздігі «Қазақ және ағылшын тілдеріндегі медицина (офтальмология) терминдерін когнитивтік-фреймдік зерттеу бағыты» 8D02304 – Филология білім бағдарламасы бойынша Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияны жазу барысында құрастырылды. Сөздіктің білім алушыларға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін арнайы сайт құрылды.

Сайттың негізгі техникалық сипаттамасы: Электронды сөздіктің дұрыс жұмыс жасауына арналған жүйелік талаптар:

- Ubuntu 24.04 LTS операциондық жүйесі;
- 2 ГГц немесе одан жоғарғы процессор жиілігі бар 2 процессор;
- RAM 2 Гб немесе одан жоғары;
- Қатты дискідегі 40 Гб бос орын.

Бағдарламалау тілі:

- Python 3.5 (Django 3)
- SQLite

Сөздікте бағдарламалардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылған, интернет желісінде қолданылуға бейімделген.

ЭЕМ типі: PS.kz хостинг қызметтерін ұсынуышы виртуалды Ubuntu 24.04 LTS операциондық жүйесі негізіндегі сервері.

Сайттың контенттік сипаттамасы: автор туралы мәлімет, сөздік туралы қысқаша ақпарат, қазақ офтальмология терминдерінің түсіндірме сөздігі,

ағылшын офтальмология терминдерінің түсіндірме сөздігі, пайдаланылған дереккөздер берілді.

Сөздікке қазақ офтальмология терминдерінен 350 бірлік және соның ағылшын тіліндегі баламасы анықтамасымен берілді. Сөздікті құрастыру барысында офтальмологиядан жарық көрген сөздіктер негізге алынды. Сөздікті құрастыруға 1977 жылы жарық көрген қазақ тіліндегі офтальмология сөздігі (К. Жалмұхамедов) негіз болды және аталған сөздіктің электронды нұсқасы интернетте қолжетімді болмауы себеп болды. Қазіргі ақпараттық ғасырда смартфондар мен телефондардан ашыла қоятын электронды түсіндірме сөздіктің маңызы зор. Ұсынылып отырған түсіндірме сөздік осы олқылықты толықтыра отырып, зерттеудің қолданбалы нәтижесі ретінде ғылым тілінің дамуына өз үлесін қосады деп сенеміз. Болашақта сайтты аударма сөздіктермен, медицина терминдері туралы жазылған ғылыми зерттеулермен толықтыру жоспарланады. Сала мамандары мен терминолог ғалымдардың ой-пікірлері ортаға салынатын алаң болады деп есептейміз.

Сөздікпен танысу үшін төмендегі сайт сілтемесін басыңыз:
<https://ophthalterm.kz/?lang=kk>

Екінші бөлім бойынша тұжырым

Зерттеудің екінші бөлімі қазақ және ағылшын офтальмология терминжүйесін когнитивтік-фреймдік талдауға арналды. Екінші бөлім алты тараушадан тұрады. Ең алдымен медициналық дискурстағы офтальмологиялық терминдерді когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді әдістемесін ұсынуға талпыныс жасалды. Медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың әдіснамасын жасауда О.В. Гусельникованың (2009), М.Г. Заседателеваның (2011), Ю.С. Смирнованың (2011), А.З. Абдурахманованың (2016), П.А. Фабердің (2012), С.Л. Мишланова, Н.В. Бисерова, А.А. Филиппованың (2020) еңбектері негізге алынды. Аталған әдіснамалық еңбектердегі арнаулы сала терминологиясын когнитивтік-дискурстық, когнитивтік-фреймдік талдау әдістері жан-жақты зерделенді.

Зерттеуіздің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес медициналық дискурстағы офтальмология терминдерін когнитивтік-фреймдік талдаудың кешенді үлгісі жасалды, оны кесте түрінде ұсындық. Талдау әдістемесі төрт кезеңнен тұрады. Қазақ және ағылшын тіліндегі медицина терминжүйесінің (офтальмология) фреймдік репрезентациясының ұғымдық-фреймдік, корпустық-терминологиялық, анықтамалық ерекшелігі жеке-жеке талданды.

Қазақ және ағылшын тіліндегі офтальмология терминжүйесінің фреймдік репрезентациясын құру үшін зерттеуіздің 2.1 тараушасында ұсынылған медициналық дискурстағы көз аурулары терминдерін салғастырмалы когнитивтік-фреймдік талдау әдістемесі пайдаланылды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің ұғымдық-фреймдік сипатын анықтау үшін аталған тілдердегі медицина ұғымдарының пайда болуы мен қалыптасуына шолу жасалды. Қазақ және ағылшын офтальмология терминдерінің корпустық-терминологиялық сипатын анықтау үшін терминологиялық сөздіктер мен

